

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ

«ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ



**ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ ТУРАЛЫ
2025 ЖЫЛҒА ЕСЕБІ**

Директорлар Кеңесінің шешімімен бекітілді,
№8 хаттама, 03.07.2026 ж.

Қызылорда, 2026

МАЗМҰНЫ

I	ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР	5
II	КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ	7
III	СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАУ	16
	3.1 ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ІСКЕ АСЫРЫЛУЫ	16
	3.2 ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ	23
	3.3 АКАДЕМИЯЛЫҚ АРТЫҚШЫЛЫҚ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУДІ ИНТЕРНАЦИОНАЛДАНДЫРУ	25
	3.4 ҒЫЛЫМ МЕН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҮНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ ДАМУ	55
	3.5 ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ЖАҢҒЫРТУ ЖӘНЕ ЦИФРЛАНДЫРУ	73
IV	ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ	80
V	БЮДЖЕТТІК ЖОСПАРЛАУ (ҚАРЖЫЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ)	82
VI	2026 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН БАСЫМ ЖОБАЛАР МЕН МІНДЕТТЕР	91
	ҚОСЫМШАЛАР	93

Құрметті акционерлер, әріптестер мен қызметкерлер!

«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КеАҚ-ның 2025 жылғы қызметінің қорытындыларын жан-жақты талқылау алдағы міндеттемелерді нақтылап, тағы да бір пысықтаудың алғышарты болып табылады.

Өткен жыл университет үшін маңызды нәтижелер мен жаңа мүмкіндіктер кезеңі болды. Есепті кезеңде университет 2023-2029 жылдарға арналған Даму бағдарламасын іске асыру аясында білім беру сапасын арттыру, ғылыми-зерттеу қызметін дамыту, халықаралық ынтымақтастықты кеңейту, цифрландыру үдерістерін жетілдіру және инфрақұрылымды жаңғырту бағыттарында жүйелі жұмыстар жүргізді. Университеттің қол жеткізген жетістіктері профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлердің, білім алушылардың және әріптестеріміздің бірлескен еңбегінің нәтижесі.

Қазіргі заманғы жоғары білім беру жүйесінің талаптары бізден тұрақты дамуды, тиімді басқаруды және қабылданатын шешімдердің сапасын арттыруды талап етеді. Осыған байланысты, 2025 жылы жүзеге асырылған жұмыстардың нәтижелеріне жан-жақты баға беріп, университеттің одан әрі тұрақты дамуына бағытталған ұсыныстар мен шешімдер қабылдаймыз деп сенемін.

Біз есепті талқылау барысында университеттің 2025 жылғы қаржылық-шаруашылық қызметінің нәтижелерін, стратегиялық даму жоспарының орындалу деңгейін, академиялық және ғылыми көрсеткіштерді, сондай-ақ, алдағы кезеңдегі басым бағыттарды қарастырамыз.

Директорлар кеңесінің басты мақсаты – ашықтық, әділдік, жауапкершілік, кәсібилік және корпоративтік басқару қағидаттарына сүйене отырып университеттің тұрақты дамуын қамтамасыз ету. Университет академиялық дайындық деңгейін арттыруға, ғылыми-зерттеу бастамаларын қолдауға, білім алу үшін қолайлы орта қалыптастыруға үздіксіз жұмыс жасауға тиісті. Осы мақсатқа жету үшін алда жоспарлы жұмыстар күтіп тұр. Осыған байланысты, университет білім бағдарламаларының сапасын арттыруды, жетекші университеттермен, өндіріс орындарымен әріптестік байланысты одан әрі нығайтуды, сондай-ақ, өңір халқының әл-ауқатын жақсартуға бағытталған жобалармен белсенді айналысуды жалғастыра беруі тиіс.

Аймақтың ғана емес, тұтас еліміздің экономикасының дамуына өз үлестерін қоса алатын білікті кадрларды даярлау жолындағы университеттің барша профессор-оқытушылары мен ғалымдарының және қызметкерлерінің еңбектері жемісті болсын!

Құрметпен,

Директорлар Кеңесінің төрағасы Әбіл Ерлан Қуанышұлы

Құрметті әріптестер!

2025 жыл университет үшін маңызды жетістіктер мен жаңа мүмкіндіктерге толы кезең болды. Университетте білім беру сапасын арттыру, ғылыми-зерттеу қызметін дамыту, халықаралық ынтымақтастықты кеңейту, инфрақұрылымды жаңғырту және цифрлық трансформацияны жүзеге асыру бағыттарында жүйелі жұмыстар жүргізілді.

Есепті кезеңде университеттің стратегиялық даму мақсаттарына қол жеткізу үшін ауқымды жобалар іске асырылды. Білім беру бағдарламалары еңбек нарығының заманауи талаптарына сәйкестендіріліп, оқу үдерісіне инновациялық технологиялар енгізілді. Ғылыми қызметтің нәтижелілігін арттыруға, жас ғалымдарды қолдауға ерекше назар аударылды.

Университеттің материалдық-техникалық базасын нығайту және цифрлық экожүйесін дамыту бойынша нәтижелі жұмыстар атқарылып, жасанды интеллект технологияларын білім беру және басқару үдерістеріне енгізу бойынша жұмыстар басталды.

2025 жылы университет ұжымы Қазақстан Республикасы Президентінің бастамасымен жүзеге асырылып жатқан AI-SANA бағдарламасына белсенді қатысып, жасанды интеллект саласындағы адами капиталды дамытуға өз үлесін қосты. Сонымен қатар, профессор-оқытушылар құрамы мен білім алушылардың халықаралық білім беру платформалары арқылы біліктілігін арттыру және жаңа құзыреттерді меңгеру бағытындағы жұмыстары жалғасын тапты.

Қол жеткізілген нәтижелер – университет ұжымының, профессор-оқытушылар құрамының, қызметкерлердің, студенттердің және серіктестеріміздің бірлескен еңбегінің жемісі. Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, университеттің дамуына үлес қосып жүрген барша қауымға шынайы алғысымды білдіремін.

Алдағы кезеңде біз университеттің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, білім мен ғылымның интеграциясын күшейту, цифрлық университет пен ақылды кампус моделін дамыту, сондай-ақ халықаралық білім беру кеңістігіндегі орнымызды нығайту бағытындағы жұмыстарды жалғастыратын боламыз.

Бірлесе отырып, университеттің тұрақты дамуын қамтамасыз ету, еліміздің адами капиталы мен ғылыми әлеуетін арттыру бағытындағы жұмыстарды одан әрі дамыта береміз деп сенемін.

Құрметпен,

Басқарма төрағасы-Ректор Байқадамов Наурызбай Сейтқалиұлы

I. ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР

1.1. Қоғамның толық атауы

1) Мемлекеттік тілде: «Қоркыт Ата атындағы Қызылорда университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы;

2) Орыс тілінде: Некоммерческое акционерное общество «Кызылординский университет имени Коркыт Ата»;

3) Ағылшын тілінде: non-profit limited company «Korkyt Ata Kyzylorda University».

Қоғамның қысқартылған атауы:

1) Мемлекеттік тілде: «Қоркыт Ата атындағы ҚУ» КеАҚ;

2) Орыс тілінде: НАО «КУ имени Коркыт Ата»;

3) Ағылшын тілінде: NLC «Korkyt Ata KU».

1.2. Университет өз қызметін Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы», «Ғылым және технологиялық саясат туралы», «Коммерциялық емес ұйымдар туралы», «Акционерлік қоғамдар туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңдарына және Университет қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырады.

1.3 Басқарма төрағасы-ректор – Байқадамов Наурызбай Сейтқалиұлы

1.4. Қоғам миссиясы, пайымдау, құндылықтар.

Университеттің миссиясы: Жаңа білімдерді қалыптастыру және өңірдің зияткерлік әлеуетін дамыту.

Пайымдау: Қоркыт Ата атындағы Қызылорда университеті – облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына және сапалы адами капиталды қалыптастыруға ықпал ететін қуатты өңірлік университет.

Құндылықтар

Сапасы: Білім алушылардың жоғары деңгейдегі кәсіби дағдылары мен құзыреттіліктерін қалыптастыру.

Инновация: Білікті кадрларды даярлау мен өңірдің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға қажетті ғылым мен технологияның заманауи жетістіктерін әзірлеу және қолдану.

Әлеуметтік жауапкершілік: Университет – өңірдегі әлеуметтік бастамалар мен мәдени құндылықтарды қалыптастыратын, жеке тұлғаның этикалық және эстетикалық дамуына, қоғамда салауатты өмір салтын орнықтыруға ықпал ететін орталық.

Университет жетістіктері

Университеттің қазақстандық және халықаралық рейтингтерге қатысуы

QS World University Rankings (WUR) рейтингінде университет 1536-шы орында. QS STARS-2026 рейтингінде университет 4 жұлдыз иеленді. Азия университеттері арасындағы QS Asia University Rankings – 2026 аймақтық рейтингінде 593-ші орында, ал QS World University Rankings: Sustainability 2026 рейтингінде университет үздік 1501+ қатарына енді.

Times Higher Education рейтингінде Global University Impact Rankings-2025 индикаторы бойынша университет БҰҰ Тұрақты даму мақсаттарының келесі бағыттары бойынша әлемдегі ең үздік университеттер арасында TOP-1501+ қатарында:

Мақсат 5. Гендерлік теңдік;

Мақсат 6. Таза су және санитария;

Мақсат 11. Тұрақты қалалар мен елді мекендер;

Мақсат 12. Жауапты тұтыну және өндіріс;

Мақсат 16. Бейбітшілік, әділ сот және тиімді институттар;

Мақсат 17. Тұрақты даму мақсатындағы ынтымақтастық.

GreenMetric World University Rankings-2025 әлемдік рейтингінде университет 1259-орында.

Қазақстан Республикасы ЖОО-на деген сұраныстың тәуелсіз рейтингі-2025 (АРТА) нәтижелері бойынша университет Қазақстан Республикасы ЖОО-ның Бас рейтингінің ТОП-20 құрамына еніп, **7-орынды** иеленеді, университеттің 29 білім беру бағдарламасы қазақстандық білім беру қызметтері нарығындағы үздік үштік қатарына кіреді.

II. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

2.1. «Қоғамның корпоративтік басқару жүйесі және оның қағидаттарының сипаттамасы»

«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КеАҚ-тың қызметін басқару жүйесі корпоративтік басқару қағидаттарына негізделген және Университеттің тиімді дамуын қамтамасыз ететін корпоративтік тәжірибені қалыптастыру мен жетілдіруге бағытталған. Бұл жүйе жоғары орган – Жалғыз акционердің, басқару органы – Директорлар кеңесінің және атқарушы орган – Қоғам Басқармасының, сондай-ақ басқа да мүдделі тараптардың – профессорлық-оқытушылық құрамның, білім алушылардың және стратегиялық серіктестердің мүдделерінің оңтайлы теңгеріміне қол жеткізуге жағдай жасайды.

Қоғам корпоративтік басқаруды Қоғам қызметінің тиімділігін арттыру, ашықтық пен есептілікті қамтамасыз ету, оның беделін нығайту және капиталды тартуға жұмсалатын шығындарды азайту құралы ретінде қарастырады. Корпоративтік басқару жүйесі Қоғамның органдары, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері арасындағы өкілеттіктер мен жауапкершіліктерді бөлуін көздейді.

«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КеАҚ корпоративтік басқаруы әділдікке, адалдыққа, жауапкершілікке, ашықтыққа, кәсібилік пен құзыреттілікке негізделген. Корпоративтік басқару құрылымы Қоғамның қызметіне қатысы бар барлық мүдделі тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін құрметтеуге негізделген және Қоғамның табысты жұмыс істеуіне, оның ішінде құндылығының өсуіне, қаржылық тұрақтылық пен табыстылықты қолдауға ықпал етеді.

2.2. Қоғамның акциялар капиталы. 2020 жылғы 5 тамызда Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (Қазақстан, заңды мекенжайы көрсетілген), БСН 960540000620 бойынша тіркелген жарияланған бағалы қағаздарының шығарылымын мемлекеттік тіркеуден өткізді. Шығарылым 2 233 531 (екі миллион екі жүз отыз үш мың бес жүз отыз бір) қарапайым акцияға бөлінген, оларға халықаралық сәйкестендіру коды (ISIN коды) KZ1C00014042 берілген. Бір акцияның номиналдық құны — 1 000 (бір мың) теңге. 2 233 531 (екі миллион екі жүз отыз үш мың бес жүз отыз бір) қарапайым акция орналастырылып, 2 233 531 (екі миллион екі жүз отыз үш мың бес жүз отыз бір) қарапайым акция сатып алынған.

«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КеАҚ-тың жарғылық капиталы 2 233 531 000 (екі миллиард екі жүз отыз үш миллион бес жүз отыз бір мың) теңге мөлшерінде қалыптастырылған. Есептік кезеңде акционерлер құрамында өзгерістер болған жоқ.

2.3. Жалғыз акционер. Қоғам Жарғысының 7-тармағына сәйкес Жалғыз акционер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жататын мәселелерді қарайды және шешімдер қабылдайды.

Есептік кезең ішінде Жалғыз акционер Қоғамның қаржылық жағдайы, қызмет нәтижелері, басқару жүйесі, сондай-ақ оның қаржы-шаруашылық қызметіне әсер ететін маңызды фактілер туралы толық әрі шынайы ақпарат алу мүмкіндігіне ие болды.

Жалғыз акционердің өз құзыреті шегінде қабылдаған шешімдері Қоғам үшін міндетті болып табылады.

2.4. Директорлар кеңесі. Директорлар кеңесі — «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының басқару органы болып табылады және оның қызметіне жалпы басшылықты Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 13 мамырдағы «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына, 2003 жылғы 2 шілдедегі «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Заңына, 2001 жылғы 16 қаңтардағы «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Заңына, 2011 жылғы 1 наурыздағы «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік-құқықтық актілеріне, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті төрағасының 2020 жылғы 27 мамырдағы №321 бұйрығымен бекітілген «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КЕАҚ Жарғысына және 2024 жылғы 8 тамыздағы №398 бұйрықпен бекітілген корпоративтік басқару кодексіне сәйкес жүзеге асырады.

Директорлар кеңесінің қызметі тиімділік пен жауапкершілік, тұрақты даму және тәуекелдерді басқару, Қоғамның қызметі туралы ақпаратты ашудың ашықтығы мен объективтілігі, Жалғыз акционер мен Қоғамның мүдделерін барынша сақтау және жүзеге асыру, сондай-ақ Жалғыз акционердің құқықтарын қорғау, Қоғамның қызметі үшін жауапкершілік қағидаттарына негізделеді.

Директорлар кеңесінің мүшелері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сайланады. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі Жалғыз акционердің жаңа құрамды сайлау туралы шешім қабылдау сәтіне дейін жалғасады.

Директорлар кеңесінің құзыретіне Заңда және Қоғамның Жарғысында көзделген мәселелер жатады.

Директорлар кеңесі Қоғам Жарғысына сәйкес оның атқарушы органының құзыретіне жататын мәселелер бойынша, сондай-ақ Жалғыз акционердің шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқылы емес.

Сонымен қатар, Директорлар кеңесі лауазымды тұлғалар мен акционерлер деңгейіндегі ықтимал мүдде қайшылықтарын бақылап,

оларды болдырмауға тырысады, соның ішінде Қоғам мүлкін заңсыз пайдалануға және мүдделілік бар мәмілелер жасау кезіндегі теріс пайдалануға жол бермеу шараларын қабылдайды; сондай-ақ қоғамдағы корпоративтік басқару тәжірибесінің тиімділігіне бақылау жүргізеді.

Жарғының 73-тармағына сәйкес Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің саны бес адамнан кем болмауы тиіс. Директорлар кеңесі мүшелерінің кемінде 30%-ы тәуелсіз директорлар болуы керек. Басқарма мүшелері, оның төрағасын қоспағанда, Директорлар кеңесінің құрамына сайлана алмайды.

Қоғам Жарғысының 71-тармағының 8-тармақшасына сәйкес, Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесі мүшелеріне өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақы мен шығындарды өтеу мөлшерін және төлеу шарттарын айқындау мәселелері Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатады.

1-кесте. «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КеАҚ Директорлар кеңесінің мүшелерінің тізімі

1	Әбіл Ерлан Қуанышұлы	Директорлар кеңесінің төрағасы
2	Байқадамов Наурызбай Сейтқалиұлы	Басқарма төрағасы – «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КеАҚ ректоры, директорлар кеңесінің мүшесі
3	Токтыбаев Ернар Дуйсенбекович	Жалғыз акционердің өкілі
4	Жайжуманова Асемгуль Абаевна	Директорлар кеңесінің мүшесі
5	Шужеева Азиза Тимуровна	Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор
6	Ералиев Мағжан Абзалұлы	Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша алдын ала қарау, талдау және ұсынымдар әзірлеу арқылы Директорлар кеңесіне көмек көрсету мақсатында Қоғамның Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 21 қаңтардағы шешімімен (2021 жылғы 21 қаңтардағы № 1 хаттама) келесі комитеттер құрылды: Стратегиялық жоспарлау комитеті, Аудит жөніндегі комитет, Кадрлар және Сыйақы жөніндегі комитет.

Комитеттердің қызметі «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КеАҚ Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережесіне

сәйкес жүзеге асырылады, бұл ереже Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 21 қаңтардағы №1 шешімімен бекітілген.

Комитеттер Директорлар кеңесінің консультативті-кеңесші органдары болып табылады және олардың барлық шешімдері Директорлар кеңесінің қарауына шығарылатын мәселелер бойынша ұсыныстар болып табылады.

Қоғамның корпоративтік хатшысы ретінде Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 22 мамырдағы №3 хаттамасымен Темирова Ақмарал Болатовна тағайындалды.

2.5. Басқарма. Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылықты Қоғамның атқарушы органы – Басқарма жүзеге асырады. Қоғам Басқармасын Басқарма төрағасы – Қоғамның ректоры басқарады.

Басқарма Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен және осы Жарғымен Қоғамның басқа органдары мен лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған Қоғам қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға құқылы.

Басқарманың сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның төрағасы мен мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Қоғамның Жарғысына сәйкес Қоғамның Директорлар кеңесінің (бұдан әрі – Директорлар кеңесі) шешімімен жүзеге асырылады.

Басқарманы Директорлар кеңесі Басқарма төрағасы – Ректорды қоса алғанда, кемінде 3 (үш) мүшеден тұратын санмен сайлайды. Басқарма төрағасы – Қоғам ректорының, Академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесі – проректордың өкілеттік мерзімін Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі, басқа басқарма мүшелерін Директорлар кеңесі белгілейді.

Басқарма мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қоғамның Жарғысына және «Қорқыт Ата атындағы ҚУ» КеАҚ Басқарма төрағасы – Ректорының тағайындалу және Басқарма мүшелерінің сайлану тәртібіне сәйкес, Директорлар Кеңесінің және Бір ғана акционердің (Басқарма төрағасы – Ректорға, академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесі – проректорға қатысты) тиісті шешім қабылданған сәттен бастап жүзеге асырылған болып есептеледі.

Басқарма төрағасы – Қоғамның ректоры Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне, мүліктің сақталуына және Қоғамдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды ұйымдастыруға дербес жауапты болады.

Басқарма Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

Басқарма Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен және Қоғамның Жарғысымен Қоғамның басқа органдары мен лауазымды

тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған Қоғам қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға құқылы.

Директорлар кеңесінің 24.12.2020 жылғы қаулысымен бекітілген «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КеАҚ Басқармасы туралы Ережесінің 2.4 тармағына сәйкес (№ 4 хаттама) Басқарма төрағасы – Ректорды қоса алғанда, Кеңестің құрамы 4 адамнан кем емес мүшеден тұруы тиіс. Басқарма мүшелері Қоғам мен Жалғыз акционердің мүдделерін барынша көрсететін әдістерді пайдалана отырып, өз құқықтарын жүзеге асыруға және өз міндеттерін адал орындауға міндетті.

Қоғамның Басқармасы 2026 жылғы 20 мамырда келесі құрамда өзгерді:

1. Байқадамов Наурызбай Сейтқалиұлы – Басқарма төрағасы – Ректор;
2. Абдрашева Дана Мейрамовна – Академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесі – проректор;
3. Бөрібаева Майнұр Әбілтайқызы – Басқарма мүшесі – Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор;
4. Досжанов Баянәлі Амантайұлы – Басқарма мүшесі – Стратегиялық даму және IT жөніндегі проректор;
5. Ибраев Уәлихан Серікұлы – Басқарма мүшесі – Әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор.

Қоғам Басқармасы ағымдағы міндеттерді шешуге және Қоғамның даму бағдарламасының көрсеткіштеріне жетуге бағытталған.

2.6. Ішкі аудит қызметі. 2020 жылғы 24 желтоқсанда Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен (№ 4 хаттама) Ішкі аудит қызметі құрылып, Ережесі бекітілді.

2021 жылғы 3 наурызда Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен (№ 2 хаттама) Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері жұмысқа қабылданды.

Ішкі аудит қызметі Қоғамда ішкі аудитті ұйымдастыратын және жүргізетін Қоғамның бақылау органы болып табылады. Директорлар кеңесіне тікелей бағынатын және есеп беретін қызмет Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметіне мониторинг жүргізеді, ішкі бақылау тәуекелдерін басқару жүйесіне аудит жүргізеді, Қоғам қызметін жақсарту бойынша ұсыныстар әзірлейді.

2.7. Ғылыми Кеңес. «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КеАҚ Ғылыми Кеңесі жоғары оқу орнын алқалы басқару нысандарының бірі болып табылады. Ғылыми кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Жарғысын және «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Ғылыми кеңесі туралы» Ережені басшылыққа алады. Университеттің Ғылыми кеңесінің қызметі оның құзыретіне кіретін

мәселелерді ашықтық және ұжымдық талқылау қағидаттарына негізделеді.

Ғылыми кеңес академиялық, ғылыми, әдістемелік және тәрбие жұмысымен байланысты мәселелерді қарастырып, шешімдер қабылдайды; оқу-лабораториялық және ғылыми-лабораториялық базаның дамуының перспективалық жоспарын қарастырады; қауымдастырылған профессор (доцент) және профессор ғылыми атақтарын беру туралы ұсыныс жасайды; профессор-оқытушылық құрам мен университет қызметкерлерінің сыйақы мен шәкіртақылар алуға, академиялардың нақты мүшелері мен корреспондент мүшелері болып сайлануына кандидатураларын ұсынады; университеттің даму жоспары мен бағдарламасын жүзеге асыруға байланысты мәселелерді қарастырады; университет қызметінің қорытындыларын шығарады; Басқарма төрағасы – Ректордың, Басқарма мүшелері - проректорлардың, құрылымдық бөлімшелер жетекшілерінің оқу, ғылыми-зерттеу, тәрбие, халықаралық, әлеуметтік, қаржылық және әкімшілік-шаруашылық қызметі туралы жыл сайынғы есептерін тыңдайды.

Университеттің Ғылыми кеңесі Басқарма төрағасы – университет ректорының бұйрығымен құрылады. «Ғылыми кеңес туралы Ереженің» 2.2 тармағына сәйкес Университеттің Ғылыми кеңесінің құрамына Басқарма төрағасы - Ректор, Басқарма мүшелері – проректорлар, құрылымдық бөлімшелердің басшылары, профессорлық-оқытушылық құрамның, университеттің студенттік және қоғамдық ұйымдарының өкілдері кіреді.

Университеттің Ғылыми кеңесінің төрағасы Басқарма төрағасы – Ректор болып табылады. Төраға Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қоғам Жарғысына және «Ғылыми кеңес туралы» Ережеге сәйкес университеттің Ғылыми кеңесінің жұмысын ұйымдастырады және оның қызметін қамтамасыз етеді. Төраға орынбасарын тағайындайды. Төраға болмаған жағдайда оның міндеттерін оның орынбасары атқарады.

Университеттің Ғылыми кеңесінің мүшелері университеттің жалпы жиналысында ашық немесе құпия дауыс беру арқылы сайланады. Жалпы жиналысқа университеттің профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлерінің жалпы санының кемінде жартысы қатысқан жағдайда, қатысушылардың 50%-дан астамының даусын алған кандидат сайланды деп есептеледі.

Университеттің Ғылыми кеңесінің құрамы Басқарма төрағасы – Ректордың бұйрығымен бекітіледі, үш жыл мерзімге сайланады және тақ саннан тұрады. Ғылыми кеңестің сандық құрамы – 35 адам. Қажеттілік туындаған жағдайда оның құрамына өзгерістер Басқарма төрағасы – Ректордың бұйрығымен енгізілуі мүмкін.

Ғылыми кеңесте талқыланатын мәселелерді дайындауды ұйымдастыру, тәжірибені жинақтау және Кеңестің жұмыс нысандары мен әдістерін жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу, сондай-ақ іс жүргізуді

қамтамасыз ету мақсатында, оның мүшелері арасынан Басқарма төрағасы – Ректордың бұйрығымен үш жыл мерзімге Ғылыми хатшы тағайындалады. Ғылыми хатшы болмаған жағдайда, оның міндеттері университеттің бір қызметкеріне Басқарма төрағасы – Ректордың бұйрығымен жүктелуі мүмкін. Төраға, төрағаның орынбасары және Ғылыми хатшы бір мезгілде болмаған жағдайда Ғылыми кеңес отырысы өткізілмейді.

2.8. Комплаенс қызметі. Университетте сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат, Академиялық саясат, Этикалық кодекс, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт сияқты ішкі актілер қабылданған. Академиялық саясатта және Этикалық кодексте академиялық адалдықты, этика нормаларын бұзудың негізгі түрлері көрсетілген және тәртіптік жазалар қолданудың түрлері мен тәртібі бекітілген.

Академиялық саясат нормалары, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт және Әдеп кодексі бойынша түсіндірме жұмыстары тұрақты түрде жүргізіледі: қызметкерлер мен студенттер жұмысқа қабылдау және оқуға түсу кезінде ішкі актілермен таныстырылады. Әрбір қызметкер мен студент ішкі тәртіп ережелерін сақтауға міндеттенеді. Кемсітушілік, кез келген нысандағы төзбеушілік және құқықтардың бұзылуы жағдайында оқытушылар құрамы, қызметкерлер мен студенттер Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес қызметіне және Әдеп жөніндегі уәкілге хабарласа алады. Өтініштер сенім телефоны, анықтама телефондары, жеке қабылдаулар және ректор блогы арқылы қабылданады. Қажет болған жағдайда өтініштер алқалы түрде қаралып, Әдеп жөніндегі кеңес әділ шешімдер қабылдайды.

2. Тәртіптік кеңес Әдеп кодексінің нормаларын бұзу фактілерін қарау және оның нәтижелері бойынша тиісті ұсынымдар беру, сондай-ақ бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған шараларды жүзеге асыру үшін білім беру ұйымында құрылатын алқалы орган болып табылады. Әдеп жөніндегі кеңес құрамына университет басшылығының, оқытушылар құрамының және жұмысшылар кәсіподақтарының өкілдері кіреді.

Әдеп жөніндегі кеңес мынадай функцияларды жүзеге асырады: сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты, ішкі тәртіп ережелерін, әдеп кодексін және академиялық саясатты бұзу фактілері бойынша қызметкерлер мен студенттердің өтініштерін қарау, анықталған бұзушылықтар бойынша тәртіптік шараларды қолдану, адалдық, әдептілік пен құқықты қорғау, мәдениеттілік қағидаттарын дамытуға және сақтауға бағытталған шаралардың орындалуын қамтамасыз ету және қызметкерлер мен студенттердің мүдделері, қызметкерлер мен студенттерді сыбайлас жемқорлық мәселелері туралы ақпараттандыру.

Әдеп жөніндегі уәкілге өтініштер бойынша статистикалық мәліметтер, Тәртіптік кеңестің ұсынымы бойынша қабылданған тәртіптік

шаралар туралы ақпарат, сыбайлас жемқорлыққа ықпал ету бойынша іс-шаралар туралы ақпарат тоқсан сайын аумақтық уәкілетті органға ұсынылады.

3. Студенттерге оқу үрдісінде академиялық адалдықты жүзеге асыру үшін курспен, пәннің силлабусымен, пәнді таңдаумен және оқытушымен алдын ала танысу мүмкіндігі толық қамтамасыз етіледі. Студенттерді қабылдау, тіркеу және ауыстырудың электронды тәртібі іске қосылды. <https://platonus.korkyt.kz> электронды порталында (platonus 6.0) студенттер кез келген қызметті қашықтан пайдалана алады.

4. Университет студенттерге әлеуметтік-психологиялық қолдау көрсетеді. «Әлеуметтік қолдауды қажет ететін студенттерге оқу ақысына жеңілдіктер беру туралы» Ереже бекітілді. Әлеуметтік және тәрбие жұмыстары басқармасы жанынан Психологиялық қолдау орталығы құрылып, қажет болған жағдайда студенттерге психологиялық қолдау көрсетіп, кеңес береді.

5. Білім беру бағдарламаларына адалдық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет тақырыбын енгізу мақсатында бакалавриаттың элективті пәндер цикліне «Құқық негіздері» және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет» пәндері енгізілді. Мазмұны, сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқықтық сана мен мәдениет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы жетілдіру сияқты тақырыптарды қамтиды.

2023-2024 оқу жылында «Құқықтану» білім беру бағдарламасына 4 кредит көлемінде «Қазақстан Республикасындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» пәні енгізіліп, оқытылуда. Сонымен қатар, оқытушылар мен комплаенс-офицердің бірлескен жұмысының нәтижесінде келесі оқу пәндерінің мазмұнына антикоррупциялық бағыттағы, жастар арасында академиялық адалдықты қалыптастыру тақырыптары енгізілді: «Мемлекеттік басқару және мемлекеттік қызмет», «Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары», «Заңгердің кәсіби этикасы», «Құқықтық талдау методологиясы».

Студенттер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті дамыту мақсатында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет қызметкерлерімен кездесулер өткізіледі.

Оқыту бағыттарын ескере отырып, студенттерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыптар бойынша дипломдық жұмыстарды жазу ұсынылады.

6. Білім алушылардың оқу үлгерімін бақылау мақсатында оқытушылардың электронды журналда баға қоюы қатаң қадағаланады, емтихан өткізу тәртібі толық реттеледі, плагиатқа қарсы жүйеде барлық жазбаша емтихан жұмыстарының түпнұсқалығы тексеріледі, парақтар шифрланады, бағалаудың объективтілігі қамтамасыз етіледі, аттестаттау комиссиясының жұмысы бейнежазбаға жазылады. Сессия/қорытынды аттестаттау барысында кері байланысты сыбайлас жемқорлыққа қарсы

сәйкестік қызметі қамтамасыз етеді, Комплаенс қызметі сонымен қатар студенттердің сабаққа қатысуына, практикалық базалардағы практикадан өтуіне, есептерді дайындау мен бағалауға тұрақты мониторинг жүргізеді.

7. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде студенттер арасында Академиялық адалдық ережелерінің сақталуын әлеуметтік сауалнама жүргізу арқылы мониторингтеу («Оқытушы студенттер көзқарасымен») жолға қойылған.

8. Әрбір лауазым бойынша қызметкерлерді жұмысқа қабылдау және жоғарылату кезінде академиялық адалдық қағидатын сақтауды қамтамасыз ету үшін біліктілік талаптары мен іріктеу критерийлері реттеледі. Жұмысқа қабылдау тек қабылдау комиссиясының ұсынысы негізінде жүзеге асырылады. Бос жұмыс орындары туралы хабарландырулар университеттің ресми сайтында, университеттің әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларында, бұқаралық ақпарат құралдарында және enbek.kz платформасында орналастырылады.

9. Қабылдау комиссиясы академиялық адалдық талаптарының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында жоғары оқу орнына түсу үшін талапкерлерді қабылдау, тіркеу кезінде талапкерлердің жеке істерін, қажетті сертификаттарды, талапкерлердің құжаттарды тапсыру күні мен қабылдау үшін минималды шекті баллға сәйкестігі туралы өтініштерін тексереді.

10. Академиялық адалдық ережелерін сақтау мақсатында бос білім гранттарын бөлу кезінде бос білім гранттарының болуы туралы ақпарат университеттің ресми интернет-сайтында орналастырылып, жаңартылып отырады. ГРА көрсеткішіне сәйкес білім алушы жеке кабинеті арқылы өтініш бере алады. Жыл сайын бос білім гранттарын қарастыру үшін конкурс комиссиясы құрылып, жұмыс істейді.

11. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің және ҚР Білім және ғылым министрлігінің ұсыныстарына сәйкес, 2021 жылғы 21 маусымдағы №108 Басқарма Төрағасы-Ректордың бұйрығымен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесі» ISO 37001:2016 стандартын әзірлеу және енгізу туралы шешім қабылданды. Алдын ала келісім бойынша консультациялық қызметтерді жеткізуші ретінде Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Қызылорда облысы филиалы таңдалды, стандартты енгізу жоспары келісілуде, ол 2026 жылға жоспарланған.

12. Жатақханадағы төсек-орынға қажеттілік толығымен автоматтандырылған. Қабылдау комиссиясында құжаттарды рәсімдеу кезінде Platonus платформасы арқылы бірінші курсқа қабылданған студенттердің деректері жиналып, жатақханаға мұқтаждардың саны анықталады. Жатақханаға орналасуға берілген өтінімдерді объективті қарау, жатақханаға орналасу ордерлерін беру, жатақханаға кіру рұқсатнамаларын беру үшін комиссия құрылып, оның құрамына студенттік өзін-өзі басқару мүшелері толықтай енгізіледі.

III. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАУ

3.1. ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ІСКЕ АСЫРЫЛУЫ

Университеттің миссиясын, пайымдауын, құндылықтарын жүзеге асыру 2023-2029 жылдарға арналған университетті дамыту бағдарламасының стратегиялық бағыттары аясында, атап айтқанда, 3 стратегиялық бағыт, 8 мақсат, 15 міндеттер және 9 мақсатты индикаторлар және 88 негізгі көрсеткіш шеңберінде жүзеге асырылды (2-кесте).

2-кесте. 2023-2029 жылдарға арналған «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КЕАҚ Даму бағдарламасының көрсеткіштері

Стратегиялық бағыт	Мақсаттар саны	Нысаналы индикаторлар саны	Міндеттер саны	Негізгі көрсеткіштер саны
Стратегиялық бағыт 1. Академиялық артықшылық және білім беруді интернационалдандыру.	4	5	9	47
Стратегиялық бағыт 2. Ғылым мен халықаралық ынтымақтастықты дамыту	2	2	4	28
Стратегиялық бағыт 3. Цифрландыру және инфрақұрылымды жаңғырту	2	2	2	13
ЖАЛПЫ	8	9	15	88

Даму бағдарламасының индикаторлары мен негізгі көрсеткіштерін іске асыру және оларға қол жеткізу үшін Университеттің 2025 жылға арналған Жедел жоспары әзірленді.

Даму бағдарламасының 2025 жылға арналған іске асыру көрсеткіші 97%-ды құрайды.

2 индикатор орындалмады:

- жоғары оқу орнының QS WUR рейтингіндегі орны;
- eGov Mobile қосымшасында қолжетімді жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы цифрланған құжаттардың үлесі (3-кесте).

Даму бағдарламасының 2025 жылға арналған жұмысы туралы есебі Директорлар кеңесімен бекітілді (2026 жылғы 17 наурыздағы №3 хаттама).

3-кесте. «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КЕАҚ 2023–2029 жылдарға арналған Даму бағдарламасының 2025 жылға арналған индикаторлары мен негізгі көрсеткіштерінің орындалуы.

№	КӨРСЕТКІШТЕР	Өлш. бірл	жоспар	нақты
Академиялық артықшылық және білім беруді интернационалдандыру				
1	Корпоративтік басқару жүйесіне тартылған ПОҚ, білім алушылар мен қызметкерлердің үлесі	%	1	1,3
2	Менеджмент саласындағы біліктілікті арттыру курстарынан өткен әкімшілік – басқару құрамның үлесі	%	95	100
3	Қайта даярлаудан және біліктілігін арттырудан өткен ПОҚ мен қызметкерлердің үлесі	%	93	94,5
	- оның ішінде, ПОҚ университет қаражаты есебінен	%	35	36
4	ПОҚ мен қызметкерлердің еңбек жағдайларына қанағаттануы	%	85	87,5
5	Оқу процесіне тартылған жұмыс берушілердің, бизнес-құрылым өкілдерінің саны	адам	60	62
	ПОҚ жалпы санынан оқу процесіне тартылған жұмыс берушілердің, бизнес-құрылымдар өкілдерінің үлесі	%	12	12
6	Жалпы құжат айналымындағы мемлекеттік тілдің үлесі	%	92	99
7	Директорлар кеңесі құрамындағы әйел адамдардың үлесі	%	35	50
8	Атқарушы орган құрамындағы әйел адамдардың үлесі	%	35	60
9	Құрылымдық бөлімшелер басшыларының құрамындағы әйел адамдардың үлесі	%	40	48
10	Ғылыми дәрежесі және философия докторы (PhD) дәрежесі бар ПОҚ үлесі	%	50	52,5
11	Университеттің ұлттық рейтингтегі орны	орын	7	7
12	ЖОО бітіргеннен кейін 1-ші жылы жұмысқа орналасқан түлектердің үлесі (түлектердің жалпы санынан)	%	78	81
13	Басшылық позициядағы түлектердің үлесі	%	1,1	1,8
14	Халықаралық білім беру бағдарламаларының саны (Сеултехпен стратегиялық әріптестік шеңберінде)	бірл.	2	2
15	Салалық қауымдастықтар мен кәсіпорындардың тапсырысы бойынша әзірленген инновациялық БББ саны	бірл.	2	2
	Салалық қауымдастықтар мен кәсіпорындардың тапсырысы бойынша әзірленген инновациялық БББ үлесі	%	1,5	1,5

16	БББ жалпы санынан аккредиттелген БББ үлесі	%	80	80
17	Облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуының басым бағыттары бойынша қолданбалы жобалар форматында орындалған дипломдық жұмыстардың үлесі	%	3	3
18	Біліктілікті бағалаудан өткен түлектердің үлесі (кәсіби дайындықты бағалау)	%	68	85,5
19	Мемлекеттік тілде қорғалған диссертациялардың үлесі:	%	87,5	87,5
	- магистрлік диссертация	%	85	87,5
20	Білім алушылар контингенті	адам	10620	11587
21	ЖОО-на оқуға түскендердің жалпы санынан «Алтын белгі» белгісімен, халықаралық олимпиадалар мен соңғы үш жылдағы ғылыми жобалар конкурстарының жеңімпаздарының, президенттік, республикалық олимпиадалардың және ағымдағы оқу жылындағы ғылыми жобалар конкурстарының жеңімпаздарының (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған) үлесі	%	1	2,9
22	Кейіннен жұмысқа орналасу және мансаптық өсуге (Upgrade –кәсіптік курстар) бизнеспен бірлесіп әзірленген университеттің біліктілігін арттыру және қайта даярлау бағдарламасынан өткен түлектердің үлесі	%	1	1,9
23	Бейресми білім беру бағдарламалары бойынша тыңдаушылар саны (Күміс университеттен басқа)	адам	420	500
24	Күміс университетінің бағдарламалары бойынша тыңдаушылар саны	бірл.	150	160
25	6-74 жас аралығындағы цифрлық сауаттылықты арттыруға бағытталған бейресми білім беру бағдарламалары бойынша тыңдаушылар саны	бірл.	50	60
26	Қаржылық сауаттылық негіздері бойынша курстан өткен 1 курс студенттерінің үлесі (жыл сайын барлық 1 курс студенттері)	%	96,7	100
27	Жаңа кәсіптер атластарына сәйкес жаңа / жаңартылған ББ саны	бірл.	3	6
28	Онлайн курстар әзірленген пәндер саны (МООС)	бірл.	60	9
	Пәндердің жалпы санынан онлайн курстар (МООС) әзірленген пәндердің үлесі	%	1,9	1,9
29	Іске асыру кезінде әлемдік цифрлық кітапханалар пайдаланылатын БББ үлесі	%	55	55
30	Оқу процесінде әлемдік цифрлық кітапханаларды пайдаланатын студенттердің үлесі	%	50	50
31	Ірі әлемдік платформаларда қолжетімді ПОҚ онлайн курстарының саны	бірл.	1	1
	Ірі әлемдік платформаларда қолжетімді ЖОО-ның онлайн курстарының үлесі	%	1,6	1,6
32	Білім алушылар мен ПОҚ білім беру қызметтерінің сапасына және экожүйеге	%	90	91

	қанағаттану дәрежесі			
33	Жұмыс берушілер арасындағы бедел (әлеуметтік сауалнама нәтижелері бойынша)	%	85	89,5
34	Инклюзивті білім беруге жасалған жағдайдың деңгейі	%	80	80
35	Жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп инклюзивті білім беру моделін енгізу:			
	- инклюзивті білім берудің жаңа моделін ескере отырып жаңартылған БББ үлесі	%	55	55
	- инклюзивті білім беру моделі негізінде біліктілігін арттырған ПОҚ үлесі	%	44	90,7
36	Шетелдік жоғары оқу орындарымен қос дипломды білім беру бағдарламаларының саны	бірл.	3	5
37	Ағылшын тілінде оқытатын ПОҚ саны	бірл.	52	56
	ПОҚ жалпы санынан ағылшын тілінде оқытатын ПОҚ үлесі	%	10,8	10,8
38	Шетелдік жоғары оқу орындарымен бірлескен білім беру бағдарламаларының саны	бірл.	10	11
	Шетелдік жоғары оқу орындарымен бірлескен білім беру бағдарламаларының үлесі (БББ жалпы санынан)	%	6,5	7
39	ЖОО базасында құрылған шетелдік филиалдардың бағдарламалары бойынша білім алушылар контингенті	адам	200	238
40	Шетелдік ЖОО филиалдарының ЖОО қызметіне қатысу дәрежесі	%	2	3,9
41	Шетелден академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша кемінде үш триместр, семестр, оқу жылы мерзіміне келген студенттердің студенттердің жалпы санынан үлесі	%	0,2	0,5
42	Студенттердің жалпы санынан кемінде үш триместр, семестр, оқу жылы аралығында академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша шетелге шыққан студенттердің үлесі	%	0,7	0,7
43	Студенттердің жалпы санынан ЖОО қаражаты есебінен қаржыландырылатын академиялық ұтқырлық шеңберінде оқитын студенттердің үлесі	%	0,5	0,5
44	ПОҚ жалпы санынан жоғары рейтингті ғылыми басылымдарда жарияланымдары бар, алыс шетелдің жетекші университеттерінен оқытушылық қызметке тартылған шетелдік сарапшылардың үлесі	%	4	4
45	Студенттердің жалпы санынан шетелдік студенттердің үлесі	%	0,8	2,8
46	Ұйымдастырылған қоғамдық іс-шараларға, оның ішінде азаматтық және патриоттық сезім деңгейін арттыру мақсатында студенттік өзін-өзі басқару және пікірсайыс қозғалысы арқылы тартылған студенттердің үлесі	%	45	45
47	ТДМ іске асыру бойынша ұйымдастырылған қоғамдық қызметке тартылған білім	%	7	7

	алушылардың үлесі			
48	Білім алушылардың тұлғалық даму және тәрбиелеуде жасалған жағдайға қанағаттануы	%	78	80,3
49	Іске асырылып жатқан әлеуметтік/қоғамдық жобалар/бастамалар саны	бірл.	9	9
50	Бакалавриат бағдарламалары бойынша білім алушылардың жалпы санынан волонтерлік қызметпен айналысатын студенттердің үлесі	%	30	30
51	Әлеуметтік қолдау алатын студенттер үлесі	%	10	12
52	Ұлттық студенттер лигасына қатысатын университеттің студенттік командаларының саны	бірл.	4	6
2. Ғылым мен халықаралық ынтымақтастықты дамыту				
1	Бір басылымға орташа сілтеме жасау саны	бірл.	1	1
2	Ғылыми-зерттеу қызметінің коммерцияланатын жобаларының саны	бірл.	4	4
3	Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің нәтижесі және қолданбалы ғылыми зерттеулердің коммерцияланатын жобаларын жеке бірлескен қаржыландыру көлемі (ЖАО, бизнес өкілдері)	млн. теңге	35	37,6
4	Университеттің ҒЗТҚЖ-ға жұмсаған ішкі шығындарының жалпы көлемінен кәсіпкерлік сектор шығыстарының үлесі	%	2,1	2,6
5	ҒЗТҚЖ-ға университеттің ішкі шығындарының жалпы көлемінен ЖАО шығыстарының үлесі	%	2,6	3,9
6	Университетте жүзеге асырылған қаржыландырылатын ғылыми жобалардың саны (гранттық қаржыландыру бойынша)	бірл.	15	23
7	Технологиялық міндеттерді шешу бойынша өңірдің кәсіпорындарымен және бизнес-құрылымдарымен бірлесіп орындалатын ғылыми жобалардың саны	бірл.	7	10
8	Ғылыми-зерттеу жобаларының жалпы санынан технологиялық міндеттерді шешу бойынша өңірдің кәсіпорындарымен және бизнес-құрылымдарымен бірлесіп орындалатын ғылыми жобалардың үлесі	%	23	28
	Ұлттық және шетелдік жоғары оқу орындарымен және ғылыми ұйымдармен бірлесіп іске асырылатын ғылыми жобалардың/бағдарламалардың үлесі	%	10	14
9	Ғылыми жобалардың жалпы санынан қолданыстағы халықаралық ғылыми жобалар мен бағдарламалардың үлесі	%	7	11
10	Мемлекеттік тілдегі ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалардың үлесі	%	80	83
11	Ғылыми-инновациялық қызмет бағыты бойынша ірі бизнес өкілдерімен жасалған қамқорлыққа алу туралы меморандумдар мен келісімдердің саны	бірл.	5	7

12	Университеттің ПОҚ штатындағы қоса атқарушылық және/немесе сағаттық ақы төлеу шартындағы ғылыми-зерттеу институттары ғалымдарының саны	бірл.	10	11
13	Мемлекеттік бюджет есебінен іске асырылған ҒЗЖ шеңберінде алынған патенттер саны	бірл.	1	7
14	Сертификаттаудан және аккредиттеуден / верификациядан өткен ғылыми зертханалардың үлесі	%	1	-
15	Қызметкерлер мен білім алушылар іске асырған Start-up жобаларының саны	бірл.	40	51
16	Ғалымдардың ғылыми әзірлемелерін қызметіне енгізу үшін өндірістік және коммерциялық серіктестермен жасалған келісімдер саны	бірл.	1	1
17	ПОҚ жалпы санынан ғылыми жобалар шеңберінде ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысатын ПОҚ үлесі	%	45	45,7
18	Ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысатын жас ПОҚ саны (40 жасқа дейін қоса алғанда) (ГҚ / бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру бойынша ғылыми жобаларға қатысу)	адам	35	69
19	Ғылыми-зерттеу қызметіне қатысатын білім алушылардың саны	адам	25	26
20	ҚР ҒЖБ ЖБССҚЕК тізбесіне енгізілген басылымдардағы жарияланымдар саны	бірл.	30	32
21	Бір оқытушыға шаққандағы ҚР ҒЖБ ЖБССҚЕК тізіміне енгізілген басылымдардағы жарияланымдардың орташа саны	бірл.	0,04	0,06
22	Индекстелетін ғылыми журналдардағы ПОҚ мақалаларының саны	бірл.	200	216
23	Q1, Q2 Journal Citation Reports JCR жоғары рейтингті басылымдардағы университет қызметкерлерінің мақалалары мен шолуларының саны	бірл.	10	39
24	Q1, Q2 Journal Citation Reports JCR жоғары рейтингті басылымдардағы жарияланымдардың бір қызметкерге шаққандағы орташа саны	бірл.	0,02	0,07
25	Университеттің технологиялық дайындық деңгейі (TRL)	TRL	2-3	2-3
26	Мемлекеттік тілде жарияланған ғылыми мақалалардың үлесі: Ғылыми қызметтің негізгі нәтижелерін жариялау үшін ұсынатын Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда	%	70	71
	- басқа да отандық ғылыми журналдарда	%	70	71
27	Жоғары оқу орнының QS WUR рейтингісіндегі орны	орын	1200-1400	1536
28	Әлемнің жетекші ғылыми орталықтарында тағылымдамадан өткен ғалымдардың саны	адам	15	18

29	Отандық ғылымды халықаралық ғылыми кеңістікке интеграциялауды күшейту үшін жетекші әлемдік ғылыми орталықтармен шарттар (меморандумдар) саны	бірл.	3	5
30	Үкіметаралық келісімдер негізінде халықаралық ынтымақтастық шеңберіндегі ғылыми жобалар мен бағдарламалардың саны	бірл.	1	2
3. Инфрақұрылымды цифрландыру және жаңғырту				
1	ЖОО-ның жалпы табысынан, оның ішінде эндаумент қоры шеңберінде ЖОО-ны дамытуға тартылған инвестициялардың үлесі	%	0,32	0,6
	ЖОО-ның жалпы табысынан, оның ішінде эндаумент қоры шеңберінде ЖОО-ны дамытуға тартылған инвестициялар көлемі	мың теңге	28498	54983,5
2	Университеттің жалпы табысынан эндаумент қорындағы қаражат үлесі	%	0,03	0,03
3	Университеттің жалпы табысындағы коммерциялық қызметтен түсетін кірістің үлесі	%	0,87	0,9
4	Оқу және ғылыми жабдықтарды жаңартуға жұмсалған қаржы қаражатының үлесі	%	4	6,6
5	- оның ішінде, ғылыми жабдықтауға	%	0,5	0,68
6	Ғылыми әзірлемелерді коммерцияландыруға бағытталған инфрақұрылымды құру және дамыту үшін тартылған қаражат көлемі	мың теңге	3000	3370
7	Кітапхана қорын жаңартуға жұмсалған қаржы қаражатының үлесі	%	0,3	0,44
8	Сандық форматқа аударылған басқару процестерінің үлесі	%	35	35
9	eGov Mobile қосымшасында қолжетімді жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы цифрланған құжаттардың үлесі	%	100	96
10	Электрондық форматта көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің саны	бірл.	4	4
11	Wi Fi аймақтарымен қамту үлесі	%	90	90
12	Арна жылдамдығын кеңейту	Мб/сек	700	700
13	Кітапхана қорын цифрландыру	бірл.	10200	11195
14	Отандық ақпараттық ресурстарға (деректер базасына) қол жеткізу)	бірл.	9	9
15	Шетелдік ақпараттық ресурстарға (деректер базасына) қол жеткізу	бірл.	3	3

3.2 ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

Университетте тәуекелдерді басқару үдерісі басқару, білім беру, ғылым, қоғам, цифрландыру және инфрақұрылым бағыттары бойынша жүйелі түрде жүзеге асырылуда.

Тәуекелдерді басқару жүйесі университеттің жалпы басқару жүйесінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады және оның тұрақты дамуын, білім беру сапасын және қызмет тиімділігін қамтамасыз етеді. Бұл бағыттағы жұмыс Тәуекелдерді басқару туралы ережеге сәйкес жүзеге асырылады (Басқарманың 2024 жылғы 24 желтоқсандағы №15 хаттамасымен бекітілген).

Жыл сайын университетте Тәуекелдер картасы әзірленіп, Директорлар кеңесінің отырысында бекітіледі. Тәуекелдер картасы университеттің ресми сайтында орналастырылады.

Тәуекелдерге мониторинг тоқсан сайын жүргізіліп, оның нәтижелері Директорлар кеңесінің қарауына ұсынылады.

2025 жылы бекітілген тәуекелдердің жиынтық картасында 53 тәуекел тіркелген болатын. Жыл ішінде жүргізілген мониторинг, тәуекелдерді қайта бағалау және басқарушылық шешімдердің нәтижесінде тәуекелдердің құрылымы мен деңгейлері айтарлықтай өзгерді.

Тәуекелдердің жалпы құрылымы

Барлығы жыл басында 53 тәуекел анықталған. Олардың ішінен:

- жоғары деңгейдегі тәуекелдер – 4;
- орта деңгейдегі тәуекелдер – 34;
- төмен деңгейдегі тәуекелдер – 15 болды.

Жыл көлемінде жүргізілген кешенді жұмыстардың нәтижесінде тәуекелдердің басым бөлігі төмендетіліп, университеттің тәуекелдер портфелі айтарлықтай оңтайландырылды. Жыл қорытындысы бойынша:

- жоғары деңгейдегі тәуекелдер анықталмады;
- орта деңгейдегі тәуекелдер – 10;
- төмен деңгейдегі тәуекелдер – 15;
- толық жойылған тәуекелдер – 28 болды.

Бұл көрсеткіштер тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін және қабылданған басқарушылық шешімдердің нәтижелілігін дәлелдейді.

Тәуекелдерді басқару жүйесінің жалпы нәтижелері

«Басқару» бағыты бойынша:

•Білім алушылардың дебиторлық берешегін азайту мақсатында «Платонус» және 1С жүйелері интеграцияланып, төлемдерді бақылаудың автоматтандырылған механизмі енгізілді. Нәтижесінде қаржылық тәуекелдер төмендетілді.

•Университеттің халықаралық және ұлттық рейтингтердегі позицияларын жақсарту бойынша кешенді жұмыстар жүргізілді. Соның нәтижесінде университет QS Stars халықаралық рейтингінде 4 жұлдыз

иеленіп, QS Asia рейтингінде 593-орынға, QS Central Asia рейтингінде 36-орынға орналасты.

- Іс жүргізу, бос гранттарды бөлу рәсімдері және корпоративтік этика талаптарының сақталуы бойынша қабылданған шаралар бірқатар тәуекелдерді толық жоюға мүмкіндік берді.

Жыл қорытындысы бойынша басқару блогындағы тәуекелдердің басым бөлігі төмен деңгейге ауыстырылып, басқару жүйесінің тұрақтылығы артты.

«Білім беру» бағыты бойынша:

- Жыл бойы академиялық сапаны қамтамасыз ету мақсатында Академиялық сапа комитеттерінің жұмысы күшейтіліп, білім беру бағдарламаларының сапасына тұрақты мониторинг жүргізілді.

- ПОҚ ғылыми әлеуетін арттыру бағытында маңызды нәтижелерге қол жеткізілді. 2025 жылы 15 қызметкер диссертация қорғап, 48 оқытушы докторантураға қабылданды.

- Кәсіби сертификаттау және микробіліктілік бағдарламаларын дамыту бағытында жұмыстар жүргізіліп, бітіруші курс студенттеріне арналған жаңа курстар енгізілді.

- Академиялық ұтқырлық көрсеткіштері де жақсарды. Сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламаларына 76 студент қатысып, олардың 63-і университет қаражаты есебінен қолдау тапты.

Жыл соңында білім беру блогындағы барлық тәуекелдер бақылауда ұсталып, жоғары деңгейдегі тәуекелдер толық жойылды.

«Ғылым» бағыты бойынша:

- Ғылыми жобаларды коммерцияландыру бойынша жұмыстар күшейтіліп, патенттеу және гранттық қаржыландыруға қатысу көрсеткіштері артты.

- Ғылыми жетекшілердің сапалық құрамын жақсарту мақсатында халықаралық жарияланымдар жоспары әзірленіп, ынталандыру жүйесі енгізілді.

- Ғылыми жобалардың орындалуын бақылау және аккредиттелген зертханалармен ынтымақтастық орнату нәтижесінде ғылыми инфрақұрылымның тұрақтылығы қамтамасыз етілді.

Жыл қорытындысында ғылым блогындағы тәуекелдердің көпшілігі төмен деңгейге ауыстырылып, ғылыми қызметтің орнықты дамуына жағдай жасалды.

«Қоғам» бағыты бойынша:

- Түлектер қауымдастығының қызметі жандандырылып, студенттердің тәрбие жұмыстарына қатысу деңгейі артты.

- Қызметкерлердің ауысымдылық көрсеткіші 3 пайыз деңгейінде сақталып, кадрлық тұрақтылық қамтамасыз етілді.

- Әлеуметтік және этикалық құндылықтарды насихаттау бойынша жүргізілген жұмыстар нәтижесінде қоғам бағыты бойынша барлық тәуекелдер төмен деңгейге дейін төмендетілді.

Цифрландыру және инфрақұрылым бағыты бойынша:

- Жыл ішінде «Виртуалды университет 4.0», LMS, ERP және BSC KPI жүйелері енгізіліп, бизнес-процестердің цифрландыру деңгейі артты.

- Электрондық кітапхана қорлары кеңейтіліп, пайдаланушылардың қолжетімділігі жақсартылды.

- Киберқауіпсіздік саласында жүйелі тестілеу мен ақпараттық қауіпсіздік шаралары жүзеге асырылып, II тоқсанда жоғары деңгейге көтерілген хакерлік шабуылдар тәуекелі жыл соңына қарай бақылауға алынды.

- Инженерлік желілер мен инфрақұрылым объектілерін жаңғырту жұмыстары жүргізіліп, олардың сенімділігі артты.

Негізгі жетістіктер

- тәуекелдерді бағалау және мониторингтеу жүйесі жетілдірілді;
- басқарушылық шешімдердің тиімділігі артты;
- университеттің қаржылық, академиялық және ғылыми тұрақтылығы нығайтылды;

- цифрлық трансформация және киберқауіпсіздік бағытында нақты нәтижелерге қол жеткізілді.

2025 жылы университеттің тәуекелдерді басқару жүйесі өзінің тиімділігін көрсетті. Жыл ішінде жүргізілген кешенді мониторинг, талдау және басқару шаралары нәтижесінде тәуекелдердің басым бөлігі төмендетілді немесе толық жойылды. Жүргізілген жұмыстар университеттің тұрақты дамуын қамтамасыз етуге, стратегиялық көрсеткіштерге қол жеткізуге және бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік берді. Алдағы кезеңде тәуекелдерді басқарудың проактивті тәсілдерін дамыту, цифрлық мониторинг құралдарын кеңінен енгізу және тәуекел мәдениетін одан әрі жетілдіру негізгі басымдықтар болып қала береді.

3.3 АКАДЕМИЯЛЫҚ АРТЫҚШЫЛЫҚ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУДІ ИНТЕРНАЦИОНАЛДАНДЫРУ

«Академиялық артықшылық және білім беруді интернационалдандыру» стратегиялық бағыты іске асырылатын негізгі білім беру бағдарламалары бойынша кадрларды дайындау сапасын айқындайды.

2025-2026 оқу жылында кадрларды даярлау келесі 147 білім беру бағдарламасы бойынша жүзеге асырылды, оның ішінде:

- бакалавриат – 82,
- магистратура – 48,

- докторантура – 17.

Білім беру бағдарламаларының құрылымы мен мазмұны салалық стандарттарды, кәсіптік стандарттарды, жұмыс берушінің талаптарын, ЖОО түлектері мен білім алушылардың ұсыныстарын ескере отырып айқындалады. 5 жылдағы білім берудің үш деңгейі бойынша БББ жалпы саны 4-кестеде көрсетілген.

4-кесте. Білім беру бағдарламаларының саны, дана


Білім деңгейі	2021-2022 о.ж.	2022-2023 о.ж.	2023-2024 о.ж.	2024-2025 о.ж.	2025-2026 о.ж.
Бакалавриат	66	66	66	83	82
Магистратура	36	36	34	44	48
Докторантура	13	13	13	13	17

Университет жүзеге асыратын білім беру бағдарламаларының бағдарлану дәрежесі еңбек нарығындағы бағдарламаларға сұраныспен анықталады. Жұмыс берушілердің талаптары мен шарттары оқу үдерісінің тиімділігі мен кадрларды дайындау сапасының негізгі көрсеткіші болып табылады. Сонымен қатар, Университетте қазіргі уақытта өзекті және өңір мен ел экономикасы үшін сұранысқа ие жаңа білім беру бағдарламалары әзірленіп, жүзеге асырылуда.

2025-2026 оқу жылында 14 жаңа білім беру бағдарламасы ашылды (3 БББ бакалавриат, 7 БББ магистратура, 4 БББ докторантура). (5-кестені қараңыз).

5-кесте. 2025 жылы әзірленген және жүзеге асырылған жаңа білім беру бағдарламаларының тізімі

Білім беру деңгейлері		
Бакалавриат	Магистратура	Докторантура
6B06103 –Дата менеджмент (ДОП – Сеултех)	7M04105- Искерлік әкімшілендіру (ЕМВА ББББ-Саффолк университеті)	8D01514-Информатика
6B06104– ЖИ архитекторы (ДОП – Сеултех)	7M07106-Технологиялық машиналар және жабдықтар (сала бойынша) (бейіндік)	8D01722-Орыс тілі мен әдебиеті
6B07205 – Тағам химиясы и технологиясы	7M08102-Агрономия (бейіндік)	8D01723-Шетел тілі: екі шетел тілі
	7M08702-Аграрлық техника және технология (бейіндік)	8D04142-Есеп және аудит
	7M08603-Су ресурстары және суды пайдалану (бейіндік)	
	7M01519- Биология (БББ-БМПУ, Беларусь Республикасы)	
	7M01106 Педагогика и психология (Ж.Баласагын атындағы Қырғыз ұлттық университеті)	



1-сурет. Жаңа білім беру бағдарламалары туралы ақпарат

2025–2026 оқу жылында 8 бірлескен білім беру бағдарламасы бойынша оқытылды.

«2025-2026 оқу жылында оқыту 8 БББ (бірлескен білім беру бағдарламасы) бойынша жүргізілді, оның ішінде:

«Ташкент ирригация және ауыл шаруашылығын механикаландыру инженерлері институты» Ұлттық зерттеу университетімен (ТИАШМИИ) (Өзбекстан) (жаһандық QS-TOP-600 рейтингіне енгізілген):

- 6B07301 – Кадастр;
- 6B08607 – Жерді мелиорациялау, баптау және қорғау;
- 7M07105 – Электр энергетикасы (Жаңартпалы энергетика).

Беларусь мемлекеттік педагогикалық университетімен:

- 7M01519-Биология.

Сеул ұлттық ғылым және технология университетімен (Оңтүстік Корея):

- 6B01501 – Информатика (ЖИ);
- 6B06101 – Ақпараттық жүйелер (ЖИ);
- 6B06102 – Компьютерлік бағдарламалау және бағдарламалық жасақтаманы әзірлеу;
- 6B06303 – Киберқауіпсіздік (ЖИ).

Қос дипломдық білім беру аясында 4 бағдарлама әзірленді:

Сеул Ұлттық Ғылым және технологиялар университетімен (Оңтүстік Корея):

- 6B06104- Data management (AI);
- 6B06105- AI architect (AI);
- Ж.Баласағұн атындағы Қырғыз ұлттық университетімен (Қырғызстан) 7M01106- «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы (магистр дәрежесі);

- Мәскеу авиациялық институтымен (Ресей Федерациясы) 6B06155 – «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету» білім беру бағдарламасы бойынша (бакалавр дәрежесі).

Білім сапасын сырттай бағалау

Университетте аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігінің (АРТА) халықаралық институционалдық аккредиттеу сертификаты бар. (Сертификат № АА 0238, 14.12.2022 - 13.12.2027).

Университеттің 120 білім беру бағдарламасы, оның ішінде 76 бакалавриат БББ, 31 магистратура БББ және 13 PhD докторантура БББ Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі (АРТА) арқылы мамандандырылған аккредиттеуден өткен. 2025 жылы БББ 82 пайызы аккредиттеуден өтті.

Университет халықаралық және ұлттық рейтингтерге қатысады. 2025 жылғы маңызды жетістіктерге мыналар жатады:

- В рейтинге QS WUR университет занимает 1536 позицию. 2025 жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті халықаралық QS Stars Rating System (Ұлыбритания) рейтингінде 4 жұлдызға ие болып, QS Asia University Rankings 2026 рейтингі бойынша Азияның үздік жоғары оқу орындарының ТОП-593 қатарына енді. Сонымен қатар, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті QS Sustainability Rankings 2026 рейтингінде 1501+ позициясын иеленді.

Университеттің тұрақты даму саласындағы жетістіктері жалпы көрсеткіштер және негізгі әсер ету бағыттары (экологиялық, институционалдық және әлеуметтік) бойынша бағаланды (6-кесте):

6-кесте. Университеттің QS sustainability rankings-2026 рейтингіндегі позициясы

Рейтинг санаты	Көрсеткіш / Университеттің орны
Тұрақтылықтың жалпы рейтингі (Overall Performance)	1501+
Басқару (Governance)	838
Қоршаған ортаға әсері (Environmental Impact)	1251+
Әлеуметтік әсері (Social Impact)	1251+

- Times Higher Education ұйымының Global University Impact Rankings 2025 рейтингінде университет БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттары бойынша әлемнің үздік жоғары оқу орындарының ТОП-1501+ қатарына енді.

- Мақсат 5. Гендерлік теңдік;
- Мақсат 6. Таза су және санитария;
- Мақсат 10. Теңсіздікті азайту;
- Мақсат 11. Тұрақты қалалар мен елді мекендер;
- Мақсат 12. Жауапты тұтыну және өндіріс;
- Мақсат 16. Бейбітшілік, әділ сот және тиімді институттар;
- Мақсат 17. Тұрақты даму мақсатындағы ынтымақтастық.

- GreenMetric World University Rankings 2025 әлемдік рейтингінде университет 1259-орынды иеленді. Бұл ұстанымдар университеттің орнықты даму, әлеуметтік жауапкершілік және экологиялық тұрақтылық саласындағы саясатының тиімділігін көрсетеді, сондай-ақ оның БҰҰ-ның Орнықты даму мақсаттарына бейілділігін растайды.

- АРТА жүргізген ЖОО-ға сұраныстың ұлттық рейтингісінің қорытындысы бойынша университет 7-орынға ие болды және Қазақстан ЖОО-ның жалпы рейтингінің ТОП-10-ына енді, университеттің 29 білім беру бағдарламасы Қазақстан Республикасы бойынша үздік үштікке енді;

- «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы жүргізген Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламалары рейтингінде университеттің 11 білім беру бағдарламасы ТОП-10-ға енді.

Академиялық ұтқырлық

2025–2026 оқу жылында білім алушылардың ішкі академиялық ұтқырлығы жалпы 127 келген және 133 кеткен студентті құрап, Қазақстанның 22 өңірлік және ұлттық университетін қамтыған негізгі академиялық ағындарды байланыстырды. Білім беру алмасуының негізгі үлесі (шамамен 70%) елдің батыс өңіріне тиесілі болды, мұнда студенттерді тарту мен жіберудің басты орталықтары ретінде Атырау мұнай және газ университеті мен Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті айқындалды.(7-кесте).

7-кесте. 2025-2026 оқу жылындағы студенттердің ішкі ұтқырлығы туралы мәлімет

№	Университет атауы	Студенттер саны
	1. Келгендер	
1	Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті	44
2	С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті	3
3	М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті	1
4	Халықаралық инженерлік-технологиялық университет	2
5	Алматы технологиялық университеті	4
6	Х. Досмухамедов атындағы Атырау университеті	2
7	Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық университеті	1

8	А.К. Құсаинов атындағы Еуразия гуманитарлық институты	1
9	Қазақ спорт және туризм академиясы	1
10	М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті	1
11	Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті	2
12	Астана халықаралық университеті	2
13	Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті	11
14	К. Құлажанов атындағы қазақ технология және бизнес университеті	1
15	Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті	1
16	Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті	4
17	Сафи Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті	46
	Барлығы	127
	2. Кеткендер	
1	Х. Досмухамедов атындағы Атырау университеті	1
2	Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті	4
3	Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті	2
4	Халықаралық инженерлік-технологиялық университет	4
5	С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті	2
6	«Нархоз» университеті	1
7	Қ. Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті	1
8	Алматы технологиялық университеті	3
9	Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті	5
10	Сафи Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті	63
11	Астана халықаралық университеті	2
12	Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті	13
13	Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті	45
	Барлығы	133

2025-2026 оқу жылында ішкі академиялық ұтқырлық аясында университетте Қазақстанның басқа жоғары оқу орындарынан 15 оқытушы сабақ өткізді, ал біздің университеттің 15 оқытушысы ҚР басқа жоғары оқу орындарына дәріс оқуға кетті. Ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламасы Қазақстанның 8-ші жоғары оқу орындарымен жүзеге асырылды. (8-кесте).

8-кесте. 2025-2026 оқу жылындағы оқытушылардың ішкі ұтқырлығы туралы мәлімет

№	Университет атауы	Оқытушылар саны
	1. Келгендер	
1	Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	2
2	Қ. Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті	2
3	Сафи Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті	2

4	М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті	4
5	Ғ.Даукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті	1
6	М. О. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	1
7	Халықаралық туризм және меймандостық университеті	3
	Барлығы	15
	2. Кеткендер	
1	Қ. Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті	2
2	Сафи Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті	2
3	М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті	4
4	М. О. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	1
5	Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	1
6	Халықаралық туризм және меймандостық университеті	3
7	Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті	2
	Барлығы	15

Білім алушылардың сыртқы академиялық ұтқырлығы дамып келеді. Мәселен, соңғы екі оқу жылында 202 адам шетелдік жоғары оқу орындарында білім алған. (Польша – 47, Бельгия – 7, Өзбекстан – 39, Оңтүстік Корея – 28, Қытай – 33, Түркия – 23, Қырғызстан – 20, Әзірбайжан – 5).

2023-2024 оқу жылында академиялық ұтқырлық арқылы шетел университеттеріне оқуға жіберілген студенттердің жалпы саны – 138 адам. Оның ішінде 55 студент бірінші академиялық кезеңде:

- Қытай Халық Республикасына (Хубэй педагогикалық университеті – 18 адам);
- Өзбекстан Республикасына (ТИАШМИИ – 15 адам);
- Корея Республикасына (Каннам университеті – 10 адам);
- Польша Республикасына (Лодзь университеті – 12 адам).

Екінші академиялық кезеңде – 83 студент:

- Түркия Республикасына (Хажы Байрам Вали университеті – 6 адам, Сельджук университеті – 12 адам);
- Қытай Халық Республикасына (Хубэй педагогикалық университеті – 15 адам);
- Өзбекстан Республикасына (ТИАШМИИ – 17 адам);
- Қырғыз Республикасына (Ж.Баласағұн атындағы Қырғыз ұлттық университетіне – 16 адам, Қырғыз-түрік «Манас» университетіне – 4 адам);
- Польша Республикасына (Лодзь университеті – 11 адам);
- Бельгия Корольдігіне (Ховест қолданбалы ғылымдар университеті – 2 адам).

2024-2025 оқу жылында академиялық ұтқырлық арқылы шетел жоғары оқу орындарына оқуға жіберілген студенттердің жалпы саны 64 студентті құрайды.

Оның ішінде бірінші академиялық кезеңде 29 студент:

- Корея Республикасына (Каннам университеті – 10 адам);

- Польша Республикасына (Лодзь университеті – 14 адам);
- Бельгия Корольдігіне (Ховест қолданбалы ғылымдар университеті – 5 адам).

Екінші академиялық кезеңде 35 студент:

- Корея Республикасына (Каннам университеті – 8 адам);
- Польша Республикасына (Лодзь университеті – 10 адам);
- Әзірбайжан Республикасына (Әзірбайжан мемлекеттік экономика университеті – 5 адам);
- Өзбекстан Республикасына (Самарқанд мемлекеттік шет тілдер институты – 4 адам);
- Өзбекстан Республикасына (ТИАШМИИ – 3 адам);
- Түркияға (Сельджук университеті – 5 адам).

2025–2026 оқу жылында академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында шетелдік жоғары оқу орындарында білім алуға жіберілген студенттер саны – 100 студент.

Оның ішінде бірінші академиялық кезеңде – 32 студент:

- Түркия Республикасына (Анкара музыка және өнер университеті – 3 студент);
- Қырғыз Республикасына (Қырғыз-Түрік «Манас» университеті – 4 студент);
- Польша Республикасына (Лодзь университеті – 15 студент);
- Әзербайжан Республикасына (Әзербайжан спорт академиясы – 3 студент);
- Корея Республикасына (Сеул ұлттық ғылым және технологиялар университеті – 6 студент);
- Бельгия Корольдігіне (Ховеста қолданбалы ғылымдар университеті – 5 студент).

Екінші академиялық кезеңде – 68 студент:

- Түркия Республикасына (Анкара музыка және өнер университеті – 1 студент; Анадолу университеті – 6 студент; Ескишехир университеті – 6 студент; Селжүк университеті – 4 студент);
- Қырғыз Республикасына (Жүсіп Баласағын атындағы Қырғыз ұлттық университеті – 37 студент);
- Польша Республикасына (Лодзь университеті – 7 студент);
- Әзербайжан Республикасына (Әзербайжан мемлекеттік экономика университеті – 3 студент);
- Корея Республикасына (Каннам университеті – 2 студент);
- Грузияға (Халықаралық Қаратеңіз университеті – 2 студент).

Білім алушылар контингенті.

Студенттер контингенті 2022-2023 оқу жылымен салыстырғанда 18,8% ға өсті. 2025 жылы 3625 адам, оның ішінде грант бойынша 1419 адам қабылданды.


Айта кетерлігі, басқа өңірлерден оқуға қабылданғандар саны 151 адамға артқан. (Алматы, Батыс Қазақстан, Ұлытау, Маңғыстау, Жетісу, Түркістан облыстарынан, Ақтөбе, Атырау, Павлодар, Қарағанды қалаларынан), сондай-ақ шетелдік студенттер – 733 адам (Түркия, Ресей, Өзбекстан, Моңғолия, Қытай, Түрікменстан, Тәжікстан, Қырғызстан).

Соңғы 6 жылда бакалавриат бағдарламасына қабылданған студенттер саны 90%-ға өсті. 2021-2022 оқу жылында 2020-2021 оқу жылымен салыстырғанда контингент 5783-тен 7306 адамға, 2022-2023 оқу жылында 2021-2022 оқу жылымен салыстырғанда 7306-дан 9255-ке, яғни 26,7%-ға жоғары, 2023-2024 оқу жылында 2022-2023 оқу жылымен салыстырғанда 9255-тен 9443-ке дейін, ал 2024-2025 оқу жылында 2023-2024 оқу жылымен салыстырғанда 9443-тен 9888-ке дейін өсті, бұл өткен жылмен салыстырғанда 2,7%-ға жоғары (2-сурет).

2025-2026 оқу жылында студенттердің жалпы саны – 10992, оның ішінде 4910-ны мемлекеттік білім гранты бойынша, 200-і жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын білім беру гранты бойынша, 5882-і ақылы негізде білім алады (9-кесте).

9-кесте. Бакалавриат бойынша студенттер контингенті, адам.

Оқу жылы	Білім гранты	Ақылы	Барлығы
1	2	3	4
2020-2021	1373	4410	5783
2021-2022	2021	5285	7306
2022-2023	2753	6502	9255
2023-2024	3734	5709	9443
2024-2025	4457	5431	9888
2025-2026	4910	6082	10992



2-сурет. Мемлекеттік білім беру гранты және ақылы негізде оқитын білім алушылар контингенті, (бакалавриат)

Магистранттар контингенті. 2020-2021 оқу жылында білім берудің екінші деңгейі – магистратураның контингенті 418 студентті құрады, оның 285-і мемлекеттік білім гранты бойынша, 133-і ақылы негізде.

2021-2022 оқу жылында 2020-2021 оқу жылымен салыстырғанда университеттегі магистранттар саны 418-ден 705 адамға өсті, олардың 449-ы мемлекеттік білім гранты бойынша, 256-сы ақылы негізде оқиды. 2020-2021 оқу жылымен салыстырғанда мемлекеттік білім гранты бойынша магистранттар саны 285-тен 449 адамға дейін артты, бұл 57,5%-ды құрайды.

2022-2023 оқу жылында контингент 724 адамды құрады, оның ішінде 386-сы мемлекеттік білім гранты бойынша, 238-ы ақылы негізде оқиды.


2023-2024 оқу жылында контингент 524 білім алушыдан тұрды, оның 349-ы мемлекеттік білім гранты бойынша, 175-і ақылы негізде.

2024-2025 оқу жылында контингент 548 білім алушы болды, оның 373-і мемлекеттік білім гранты бойынша, 175-і ақылы негізде оқиды.

2025-2026 оқу жылында контингент 588 білім алушы болды, оның 354-і мемлекеттік білім гранты бойынша, 234-і ақылы негізде оқиды (3-сурет).

10-кесте. Магистратурада оқитын білім алушылардың контингенті, адам.

Оқу жылы	Білім гранты	Ақылы	Барлығы
2020-2021	285	133	418
2021-2022	449	256	705
2022-2023	386	238	724
2023-2024	349	175	524
2024-2025	373	175	548
2025-2026	354	234	588



3-сурет. Мемлекеттік білім гранты және ақылы негізде оқитын білім алушылар контингенті, (магистратура)

Докторанттар контингенті. 2020-2021 оқу жылында докторантура контингенті 43 білім алушыдан құралды, оның 42-сі мемлекеттік білім гранты бойынша, 1-і ақылы негізде.

2021-2022 оқу жылында докторантура контингенті 34 білім алушыдан тұрды, оның 33-і мемлекеттік білім гранты бойынша, 1-і ақылы негізде.

2022-2023 оқу жылында контингент 38 адамнан тұрды: олардың барлығы мемлекеттік білім гранты бойынша білім алды.


2023-2024 оқу жылында контингент 41 білім алушыдан құралды, оның 40-ы мемлекеттік білім гранты бойынша, 1-і ақылы негізде.

2024-2025 оқу жылында контингент 76 докторантты құрады, оның 75-і мемлекеттік білім гранты, 1-і ақылы негізде. 2023-2024 оқу жылымен салыстырғанда контингент 85%-ға жоғары.

2025-2026 оқу жылында контингент 93 докторантты құрады, оның 92-і мемлекеттік білім гранты, 1-і ақылы негізде. 2024-2025 оқу жылымен салыстырғанда контингент 22,3% ға жоғары (4-сурет).

11-кесте. Докторантурада оқитын білім алушылардың контингенті, адам.

Оқу жылы	Білім гранты	Ақылы	Барлығы
2020-2021	42	1	43
2021-2022	33	1	34
2022-2023	38	-	38
2023-2024	40	1	41
2024-2025	75	1	76
2025-2026	92	1	93



4-сурет. Мемлекеттік білім гранты және ақылы негізде білім алушылар контингенті, (докторантура)

12-кесте. Білім берудің үш деңгейі бойынша білім алушылардың жалпы контингенті, адам.

Оқу жылы	Бакалавриат	Магистратура	Докторантура
2020-2021	5783	418	43
2021-2022	7306	705	34
2022-2023	9255	724	38
2023-2024	9443	524	41
2024-2025	9888	548	76
2025-2026	10992	588	93

Облыс әкімінің гранты. Жыл сайын облыс экономикасының салаларын: білім, мұнай-газ секторы, құрылыс, электр энергетикасы, ауыл

шаруашылығы және т.б. қажетті мамандармен қамтамасыз ету мақсатында жоғары оқу орындарының студенттеріне Қызылорда облысы әкімінің білім гранттары бөлінеді.

2021-2022 оқу жылында университетте Қызылорда облысы әкімінің гранты бойынша 316 студент білім алды. 2022-2023 оқу жылында облыс әкімінің гранты бойынша бакалавриат бағдарламасына 62 студент, 2023-2024 оқу жылында 72 білім алушы, 2024-2025 оқу жылында 40 білім алушы қабылданды. 2025-2026 оқу жылында облыс әкімінің грантын 74 білім алушы иеленді, студенттердің курстар бойынша жалпы контингенті 200 студентті құрады ол 13-кестеде көрсетілген.

13-кесте. Қызылорда облысы әкімінің 2025 жылға арналған гранттары, адам

1 курс	2 курс	3 курс	4 курс	Барлығы
63	33	67	37	200

Әскери кафедра. Қазақстанның қарулы күштері үшін запастағы офицерлерді даярлау мақсатында университетте әскери кафедра жұмыс істейді, онда 5 әскери-есептік мамандық бойынша даярлық жүргізіледі.

2020-2021 оқу жылында әскери кафедраға мемлекеттік білім беру гранты бойынша қабылданғандар саны 55 адам, ақылы негізде – 54.

2021-2022 оқу жылында әскери кафедраға мемлекеттік білім беру гранты бойынша қабылданғандар саны 73 адам, ақылы негізде – 85.

2022-2023 оқу жылында әскери кафедраға мемлекеттік білім беру гранты бойынша қабылданғандар саны 76 адам, ақылы негізде – 104.

2023-2024 оқу жылында әскери кафедраға мемлекеттік білім беру гранты бойынша қабылданғандар саны 73 адам, ақылы негізде – 78.

2024-2025 оқу жылында әскери кафедраға мемлекеттік білім беру гранты бойынша қабылданғандар саны 75 адам, ақылы негізде – 60.

2025-2026 оқу жылында әскери кафедраға мемлекеттік білім беру гранты бойынша қабылданғандар саны 75 адам, ақылы негізде – 102.

Білім алушылардың сапалық құрамы (бакалавриат).

Университеттің даму бағдарламасының нәтижелілігінің маңызды көрсеткіші – білім алушылардың сапалық құрамы, «Алтын белгі» иегерлері, «Халықаралық және республикалық олимпиадалардың жеңімпаздары», «Халықаралық және республикалық турнирлердің жеңімпаздары, спорттық жетістіктері» сияқты көрсеткіштермен қабылданған білім алушылардың санымен анықталады. Бұл көрсеткіш мемлекеттік білім гранттарының өсуі және аймақтық білім беру нарығындағы білім беру бағдарламаларының сапасының жақсаруы аясында өсу динамикасын көрсетеді. Жалпы мәліметтер 14-кестеде ұсынылған.

14-кесте. Білім алушылардың сапалық құрамы

Оқу жылы	Алтын белгі, ерекше үлгідегі аттестат	Халықаралық және республикалық олимпиада жеңімпаздары	Халықаралық және республикалық турнир жеңімпаздары, спорттағы жетістіктер
2020-2021	61	39	120
2021-2022	126	62	156
2022-2023	27	72	172
2023-2024	65	80	200
2024-2025	75	80	200
2025-2026	269	67	200

Білім сапасы

Университетте студенттердің үлгеріміне және олардың білім сапасына ерекше назар аударылады.

Соңғы 5 оқу жылы бойынша аралық аттестаттау нәтижелерінің салыстырмалы талдауы 2020-2021 оқу жылында бакалавриаттағы жалпы үлгерім көрсеткіші – 90,4%, ал 2021-2022 оқу жылында – 91,0%, 2022-2023 оқу жылында – 91,2%, 2023-2024 және 2024-2025 оқу жылында – 83,9%-ды құрады.

Қорытынды аттестаттау үлгерімінің нәтижелері жыл сайын 99%-дан жоғары (15-кесте).

15-кесте. Білім алушылардың оқу үлгерімі мен білім сапасының салыстырмалы талдауы (бакалавриат), %.

Оқу жылы	Аралық аттестация		Қорытынды аттестация		Үздік диплом, адам
	Үлгірім (%)	Сапа (%)	Үлгірім (%)	Сапа (%)	
2020-2021	90,4	80,5	100	99	182
2021-2022	91,0	82,9	99,8	97,4	199
2022-2023	91,2	81,6	97,7	80	224
2023-2024	83,9	81,5	99,4	92,7	256
2024-2025	83,9	83,9	99,5	96,6	196

2020-2021 оқу жылында магистранттардың үлгерімі мен білім сапасы 98,7% құрады, сәйкесінше 2024–2025 оқу жылында – 95,9% болды.

Қорытынды аттестация нәтижелері магистранттардың білім сапасы мен үлгерімінің жеткілікті жоғары деңгейде екендігін көрсетеді (16-кесте).

16-кесте. Білім алушылардың оқу үлгерімі мен білім сапасын салыстырмалы талдау (магистратура), %

Оқу жылы	Аралық аттестация		Қорытынды аттестация	
	Үлгірім (%)	Сапа (%)	Үлгірім (%)	Сапа (%)
2020-2021	98,7	92,3	100	97
2021-2022	92,6	87,5	98,5	97
2022-2023	93,6	89,8	99	98
2023-2024	94,8	88	100	99
2024-2025	95,9	88,5	100	100

2021-2022 оқу жылында түлектер саны 1830 адамды құрады, оның ішінде 199-ы үздік диплом алды. Бұл көрсеткіш 2020-2021 оқу жылымен салыстырғанда 1340-тан 1830-ға дейін өсіп, 36,6% ға артты.

2022-2023 оқу жылында 2665 түлек бітірді, оның ішінде 224-і үздік диплом иегері болды.

2023-2024 оқу жылында 2292 түлек оқуын аяқтады, олардың 256-сы үздік дипломға ие болды.

2024-2025 оқу жылында 2626 түлек оқуын аяқтады, олардың 196-сы үздік дипломға ие болды.

2025-2026 оқу жылында 2653 білім алушы университетті бітіреді деп жоспарлануда.

17-кесте. Бітіруші түлектер мен Үздік дипломдар саны, дана.

Оқу жылы	Бакалавр	Магистратура	Докторантура	Үздік диплом саны
2020-2021	1340	162	21	182
2021-2022	1830	316	12	199
2022-2023	2665	416	11	224
2023-2024	2292	378	10	256
2024-2025	2626	243	3	196

2020-2021 оқу жылында магистратура бағдарламалары бойынша 162 магистрант, 2021-2022 оқу жылында – 316 магистрант, 2022-2023 оқу жылында – 416 магистрант бітірді. 2023-2024 оқу жылында 378 магистрант, ал 2024-2025 оқу жылында 243 магистрант бітірді.

2020-2021 оқу жылында докторантура бойынша 21 докторант, 2021-2022 оқу жылында 12 докторант, 2022-2023 оқу жылында – 11 докторант бітірді. 2023-2024 оқу жылында докторантура бойынша 10 докторант, 2024-2025 оқу жылында – 16 докторант бітірді.

Кадрларды кәсіби даярлауды жақсарту, кадрларды даярлау деңгейін жұмыс берушілердің қажеттіліктеріне жақындату және оқыту мен өндіріс арасындағы байланысты нығайту мақсатында университетте дуальды оқыту жүйесі енгізілді (18-кесте).

18-кесте. Дуальды оқыту жүзеге асырылған білім беру бағдарламаларының саны

Оқу жылы	ДО жүзеге асырылған БББ саны	Серіктес мекемелер саны
2021-2022	46	51
2022-2023	29	37
2023-2024	31	35
2024-2025	13	19
2025-2026	32	15

Университетте 2021-2022 оқу жылынан бастап «Дуалдық оқыту элементтерін тәжірибеге бағыттау, білімге енгізу» пилоттық жобасы жүзеге асырылды. Яғни, БББ барлық бағытында өндірістегі практик-мамандарды оқу үдерісіне тартуға, студенттердің өндіріс орындарында білім алуына, практик-мамандармен тәжірибе алмасуға, болашақ жұмыс орындарын таңдауға үлкен мүмкіндіктер туындады. 2025-2026 оқу жылындағы өндірістен келіп дәріс оқитын практик-мамандар саны – 32.

Практика сапасын арттыру мақсатында дуалды оқыту жүйесі енгізіліп және кәсіптік практикаға барған білім алушыларды бітіргеннен кейін жұмыспен қамту қарастырылған.

Университет бойынша жасалған Меморандум нәтижесінде 2023 жылы бітірген 267 түлек, 2024 жылы 365 түлек, 2025 жылы 453 түлек жұмысқа орналасты.

Республикалық пәндік олимпиадалардың жетістіктері.

2020-2021 оқу жылында Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындары арасында өткен Республикалық студенттік пәндік олимпиадасында 1 БББ студенттері I дәрежелі дипломмен, 5 БББ студенттері II дәрежелі дипломмен, 10 БББ студенттері III дәрежелі дипломмен марапатталды. Республикалық пәндік олимпиадасының қорытындысы бойынша 16 білім беру бағдарламасы бойынша 39 білім алушы жүлделі орындарға ие болды.

2021-2022 оқу жылында университеттің 22 білім беру бағдарламасы бойынша республикалық студенттік пәндік олимпиадаларда, конкурстарда 62 студент I-III дәрежелі дипломдармен марапатталды. Олардың ішінде 2 БББ студенттері I дәрежелі диплом, 6 БББ студенттері II дәрежелі диплом, 12 БББ студенттері III дәрежелі диплом иегерлері атанды.

2022-2023 оқу жылында Республикалық студенттік пәндік олимпиадаларда, республикалық, халықаралық конкурстарда Қазақстан

Республикасының жоғары оқу орындары арасында университет студенттері 1 БББ I дәрежелі дипломмен, 11 БББ II дәрежелі дипломмен, 11 БББ III дәрежелі дипломмен марапатталды, барлығы 23 жүлделі орын. Республикалық пәндік олимпиадалардың қорытындысы бойынша 23 білім беру бағдарламасы бойынша 72 білім алушы жүлделі орындарға ие болды.

2023-2024 оқу жылында университеттің 25 білім беру бағдарламасы бойынша Республикалық студенттік пәндік олимпиадаларда 80 студент I-III дәрежелі дипломдармен марапатталды (барлығы 25 жүлделі орын). Атап айтқанда, пәндік олимпиадада біздің студенттер 5 БББ I дәрежелі дипломмен, 8 БББ II дәрежелі дипломмен, 12 БББ III дәрежелі дипломмен марапатталды.

2024-2025 оқу жылында университеттің 29 білім беру бағдарламасы бойынша Республикалық студенттік пәндік олимпиадаларда 80 студент I-III дәрежелі дипломдармен марапатталды (барлығы 29 жүлделі орын). Атап айтқанда, пәндік олимпиадада біздің студенттер 4 БББ I дәрежелі дипломмен, 10 БББ II дәрежелі дипломмен, 15 БББ III дәрежелі дипломмен марапатталды.

2025-2026 оқу жылында университеттің 19 білім беру бағдарламасы бойынша Республикалық студенттік пәндік олимпиадаларда 67 студент I-III дәрежелі дипломдармен марапатталды (барлығы 19 жүлделі орын). Атап айтқанда, пәндік олимпиадада біздің студенттер 3 БББ I дәрежелі дипломмен, 4 БББ II дәрежелі дипломмен, 12 БББ III дәрежелі дипломмен марапатталды.

Өндірістік практика.

2021-2022 оқу жылынан бастап университетте оқу процесіне дуальды оқытудың элементтерін енгізу бағдарламасы жүзеге асырылуда, яғни барлық білім беру бағдарламалары бағытында өндірістен практик-мамандарды тарта отырып, студенттер өндірістік кәсіпорындарда оқып, практик-мамандармен тәжірибе алмасып, болашақ жұмыс орындарын таңдауға үлкен мүмкіндіктер жасалуда. Оқу процесіне тартылған практик-мамандар саны – 21. Өндірісте жұмыс істейтін практик-мамандардан білім алып жатқан студенттер саны – 1480.

2022-2023 оқу жылында «Қызылорда облысы білім басқармасы» ММ орынбасары Б.К. Бердаулетовпен педагогикалық бағыттағы студенттерді Қызылорда қаласындағы ұйымдар мен мектептерде кәсіби практикаға бөлу жоспары туралы екіжақты келісім жасалды.

2021-2022 оқу жылында студенттердің өндірістік практикадан өтуі мен жұмысқа орналасуын қамтамасыз ету мақсатында өндірістік мекемелермен 81 меморандум жасалды. Осы өндірістерде 835 түлек жұмысқа орналасты. 38 білім беру бағдарламасы бойынша дуальды оқытудың элементтері енгізілді. Оқу процесіне 58 практик-маман тартылды.

2022-2023 оқу жылында 59 меморандум жасалды, оның ішінде: педагогикалық бағыт бойынша 25 меморандум жасалып, жұмысқа орналасқан түлектер саны – 267; техникалық бағыт бойынша 34 меморандум жасалып, жұмысқа орналасқан түлектер саны – 365.

2023-2024 оқу жылында кәсіби практикадан өту және жұмысқа орналастыру бойынша мекемелермен, кәсіпорындармен 54 меморандум жасалды. Оның ішінде педагогикалық білім беру бағытында 43 меморандум жасалып, 2023 жылы 1217 түлек жұмысқа орналасты, ал өндірістік мекемелермен 11 меморандум жасалып, 29 мекемеде 535 түлек жұмысқа орналасты.

Өндірісте 94 ББ филиалы жұмыс істейді, олардың мақсаты білікті мамандарды даярлау сапасын жетілдіру, оқу процесінің практикалық бағытын арттыру, бірлескен ғылыми-әдістемелік зерттеулер жүргізу және ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін өндіріске енгізу болып табылады.

2023-2024 оқу жылында Қызылорда қаласындағы 45 мектеппен, сондай-ақ аудандық деңгейде: Қазалы ауданынан – 17, Арал ауданынан – 16, Жаңақорған ауданынан – 2 мектеппен екіжақты ынтымақтастық туралы келісімдер (меморандумдар) жасалды. Өндірістік практиканы ұйымдастыру және білім алушыларды жұмысқа орналастыру мақсатында қала және аудан мектептерімен ынтымақтастық туралы келісімдер жасалуда. 2024-2025 оқу жылында 12 меморандумға қол қойылды.

2024-2025 оқу жылында кәсіби практикадан өту және жұмысқа орналастыру бойынша мекемелермен, кәсіпорындармен 93 меморандум жасалды. Оның ішінде педагогикалық білім беру бағытында 7 меморандум жасалып, 2025 жылы 1530 түлек жұмысқа орналасты, ал өндірістік мекемелермен 59 меморандум жасалып, 25 педагогикалық бағытта жұмысқа орналасқан бітіруші түлек саны-838, 34 техникалық бағытта жұмысқа орналасқан бітіруші түлек саны-692 түлек жұмысқа орналасты.

2025-2026 оқу жылында кәсіби практикадан өту және жұмысқа орналастыру бойынша мекемелермен, кәсіпорындармен 102 меморандум жасалды. Оның ішінде педагогикалық білім беру бағытында 85 меморандум, техникалық бағытқа 17 келісім-шарт жасалынды. Өндіріс орындарында 98 білім беру бағдарламасының филиалы жұмыс істейді. Олардың негізгі мақсаты – білікті мамандар даярлау сапасын арттыру, оқу үдерісінің практикалық бағытын күшейту, бірлескен ғылыми-әдістемелік зерттеулер жүргізу және ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін өндіріске енгізу.

Практикаға бағытталған оқытуды қамтамасыз ету мақсатында университет жыл сайын практикалар базасын жаңартып отырады. 2025-2026 оқу жылы бойынша 4866 келісім-шарт жасалынды.

Кәсіби практиканың сапасын арттыру, тәжірибеге бағдарлау және ҚР ҒжЖБМ-нің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитетінің төрағасы Г.С.Джарасованың 2025 жылғы 12 желтоқсандағы №14-0/4982-вн хатына сәйкес ҚР Премьер-Министрінің орынбасары А.Ғ.Балаеваның

төрағалығымен өткізілген мәжілістегі тапсырмаға байланысты педагогикалық кадрларды даярлау бойынша практиканы ұйымдастыруда төмендегі жұмыстар орындалды:

✓ педагогикалық бағыттағы білім алушыларды Қызылорда облысының білім беру ұйымдары мен мектептеріне кәсіптік практикаға бөлу Қызылорда облыстық білім басқармасымен жасалған екіжақты келісім негізінде іске асырылады. Бұл келісім әр оқу жылында жаңартылып отырады. Бұл, практикаға шығатын студенттердің бір мектепте шоғырланып қалу мәселесін шешеді.

✓ педагогикалық бағыттағы білім беру бағдарламалары бойынша кәсіптік практиканы өткізу жөніндегі университет пен мекемелер, кәсіпорындар арасында жасалған қолданыстағы Меморандум саны 72, кафедраның өндірістегі филиалы 25. Басты мақсат – білікті мамандар дайындаудың сапасын жетілдіру, оқу үдерісінің практикалық бағытын арттыру болып табылады.

✓ педагогикалық практика үздіксіз жүргізіледі: яғни 1 курстар үшін үздіксіз оқу практикасы 4 апта көлемінде (2 кредит), 2 курстар үшін педагогикалық-психологиялық практика 10 апта көлемінде (аптасына 1 күн, 2 кредит), 3 курс білім алушылары үшін 6 апта көлемінде (6 кредит), 4 курс білім алушылары үшін 15 апта көлемінде (15 кредит) педагогикалық практика ұйымдастырылып, өткізіледі.

✓ педагогикалық білім беру бағдарламаларының 2-ші курстары үшін 3-академиялық кезеңде 2 кредит көлемінде педагогикалық-психологиялық үздіксіз практика аптасына 1 күн сабақтан тыс жүргізіледі. Яғни, сабақ кестесінен 1 күн практикаға беріледі. Студент аптасына толық бір күнді практика базасында өткізеді.

✓ Практика базалар кеңістігін кеңейту мақсатында оқу танымдық экспедициялық практикаға төмендегі БББ-ларының студенттері шығарылды:

1. 6B02234 – «Археология және этнология» білім беру бағдарламасы бойынша оқитын 2,3-курс АЭ-23-1 оқу тобының 10 студенті, АЭ-24-1 оқу тобының 15 студенті 2026 жылдың 18 мамыр мен 29 мамыр аралығында оқу (археологиялық мұражайлық, мұрағаттық) практикадан Қазалы ауданында орналасқан ортағасырлық Жанкент қаласында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарына қатысып, археологиялық-этнографиялық практикадан өтті.

2. 6B01603 – «Тарих» білім беру бағдарламасы бойынша оқитын 1-курс Т-25-1(ІР) оқу тобының 28 студенті 2026 жылдың 1-3 маусым аралығында, Т-25-3(ІР)- 27 студенті, Т-25-5-16 студенті 2026 жылдың 8-10 маусым аралығында оқу (археологиялық мұражайлық, мұрағаттық) практикадан өту үшін Қызылорда-Отырар бағытында тарихи-танымдық маршруттық экспедицияға жіберілді.

3. 6B01520 – «География» білім беру бағдарламасы бойынша оқитын 1-курс Г-25-1(ІР) оқу тобының 30 студенті 2026 жылдың 26-29 мамыр аралығында оқу-далалық практикадан өту үшін

Жаңақорған ауданы, Қаратау жотасы (Қатын қамал шатқалы) бағытында оқу танымдық экспедицияға жіберілді.

Білім алушыларды сертификаттау.

Түлектердің білім сапасы жұмыс берушілердің бағалауы негізінде айқындалады. Түлектерді сертификаттау қажеттілігі – қазіргі еңбек нарығының басты талаптарының бірі.


Университетте «Педагогикалық ғылымдар» бағыты бойынша кадрлар даярлау шеңберінде білім алушылардың білімін бағалау жүйесі қолданылады.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығымен бекітілген педагог қызметкерлерді аттестаттаудың қағидалары мен шарттарына сәйкес, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің түлектері педагог қызметкерлердің білімін бағалау тестінен өтеді.

5 жыл (2021-2025 жж.) бөлінісінде педагогтердің білімін бағалау тестілеуінің түлектер нәтижелерінің көрсеткіші 19-кестеде көрсетілген.

19-кесте. Педагогтардың білімін бағалау тестін бітіруші курс білім алушыларының тапсыру нәтижелері (2021-2025 жж.)

Білім беру деңгейлері	2021 ж.	2022 ж.	2023 ж.	2024 ж.	2025ж.
Бакалавриат	62,6%	65%	72%	75,6%	86,9
Магистратура	89%	90%	86,3%	95,3%	96,1



5-сурет. Педагогикалық бағыт түлектерінің педагогтар білімін алдын ала бағалауды тестілеу нәтижелері (2021-2025 жж.)

«Педагогикалық ғылымдар» білім беру бағдарламалары тобы бойынша түлектердің педагогтердің білімін алдын ала бағалау тесті нәтижелерін талдау бакалавриат пен магистратура деңгейлерінде білім алушылардың білім сапасының өсу динамикасын көрсетеді.

2025-2026 оқу жылында магистратура түлектерінің білім сапасы 91,6%, деңгейінде болса, бакалавриат түлектері 86,9% көрсеткіш көрсетті. Университет білім беру бағдарламаларының сапасын арттыруды және «Өмір бойы оқу» қағидатын іске асыруды қамтамасыз етуде.

20-кесте. ПББ нәтижелері %

№	БББ атауы	Педагогтер білімін бағалау тестісінің нәтижелері (ПББ)%				
		2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы	2024-2025 оқу жылы	2025-2025 оқу жылы
1.	«Шет тілі және аударма» БББ	70%	68%	58%	72,7%	100%
2.	«Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика» БББ	76,5%	85,2%	98,9%	95,7%	95,4%
3.	«Тарих және археология» БББ	78,3%	54,2 %	75%	88,2%	92,7%
4.	«Орыс тілі мен әдебиеті» БББ	68%	52%	65%	87,2%	98,59%
5.	«Педагогика, психология және бастауыш білім беру әдістемесі» БББ	77,6%	68%	80,7%	88,2%	90,4%
6.	«Дизайн және технологиялар» БББ	35,7%	85%	66,6%	52%	92%
7.	«Дәстүрлі музыкалық өнер және хореография» БББ	37%	41,4%	76,5%	63,8%	92,5%
8.	«Дене тәрбиесі және бастапқы әскери даярлық» БББ	42,4%	31%	52,5%	64,3%	87,5%
9.	«Физика және математика» БББ	69,4%	71,3%	72%	67,7%	88,1%
10.	«Информатика және АКТ» БББ	62%	50,8%	77,3%	57,7%	73%
11.	«Биология, химия және география» БББ	69,2%	60,4%	68,6%	64,6%	90,6%
Барлығы		62,6%	62%	70%	75,6%	86,9%

Түлектердің жұмысқа орналасуы.

2023-2024 оқу жылында университетті 2682 түлек бітірді, оның ішінде ЖОО бітіргеннен кейінгі бірінші жылы 2174 адам жұмысқа орналасқан, бұл 81%-ды құрайды.

2024-2025 оқу жылында университетті 56 білім беру бағдарламасы бойынша барлығы 2636 түлек аяқтады. Олардың 283-і магистратураны, 15-ы докторантураны тәмамдаған, ал 2338-ы бакалавр дипломын алған. 2026

жылдың сәуір айындағы деректерге сәйкес, 2636 түлектің 1549 жұмысқа орналасты, бұл 72 %-ға тең.

2025 жылы университеттің 138 түлегі магистратураға түрлі білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсті. Олардың ішінде 1 түлек Болгарияға, 1 түлек Индияға, 3 түлек Ресей Федерациясында, 22 түлек отандық ЖОО-да, ал 111 түлек өз университетімізде білімін жалғастырды. 2025 жылғы түлектер арасында 35 адам түрлі деңгейдегі басшылық лауазымдарды атқарады. Жұмысқа орналасқан 1549 түлектің 93%-ы алған мамандығы бойынша жұмыс істейді.

Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алған 1023 түлектің ішінен 178 түлек заңнамада көзделген босатуға құқық беретін құжаттар негізінде жеке бөлу жөніндегі комиссияның шешімімен міндетті еңбек өтуден босатылды. 826 түлек жұмысқа орналастырылды, бұл университет бойынша 81%-ды құрайды.

Қазіргі уақытта еңбек нарығында техникалық және педагогикалық мамандықтарға жоғары сұраныс байқалады. «Әлеуметтік жұмыс», «Құрылыс», «Ақпараттық жүйелер», «Электр энергетикасы» сияқты білім беру бағдарламалары бойынша, сондай-ақ педагогикалық бағыттарда: «Химия», «Физика», «Математика», «Шетел тілі: екі шетел тілі», «Тарих» мамандықтары бойынша білім алған түлектер өз мамандықтары бойынша жұмысқа орналасқан.

Университет бойынша 2024-2025 оқу жылында түлектерді жұмысқа орналастыру нәтижелері негізінде ең сұранысқа ие білім беру бағдарламалары анықталды.

21-кесте. 2025 жылы сұранысқа ие болған білім беру бағдарламалары

№	Білім беру бағдарламасының атауы	Барлық түлектер (бак, маг, док), адам	Жұмысқа орналасқаны, адам	%
1	Химия	49	47	96
2	Физика	55	46	84
3	Математика	118	92	78
4	Химия-Биология	55	43	78
5	Шетел тілі: екі шетел тілі	211	160	76
6	Әлеуметтік жұмыс	64	63	98
7	Ақпараттық жүйелер	43	39	91
8	Құрылыс	113	92	81
9	Электр энергетикасы	75	58	77
ЖАЛПЫ		783	640	82

Мақсатты индикаторлардың нәтижелілігі – «ЖОО-ны бітіргеннен кейінгі бірінші жылы жұмысқа орналасқан түлектердің үлесі (жалпы түлектер санынан)» және «Басшылық қызметтегі түлектердің үлесі» – білім беру бағдарламаларының сапасының басты көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Білім беру бағдарламаларын тиімді іске асыру мақсатында түлектердің жұмыспен қамтылуына мониторинг жүргізіледі, ол екі критерий бойынша

жүзеге асырылады: «мамандығы бойынша» және «мамандығы бойынша емес» – білім беру бағдарламалары топтары аясында.

Жалпы еңбек нарығындағы сұранысы салыстырмалы түрде төмен білім беру бағдарламалары бойынша түлектерді жұмыспен қамту мәселесі өзекті болып қала береді. Бұл жағдай еңбек нарығының өзгермелі талаптарына бейімделген қосымша құзыреттерді қалыптастыру мақсатында *minor* форматындағы білім беру бағдарламаларын әзірлеу және енгізу қажеттілігін туындатады.

22-кесте. 2021-2025 жж. бітірушілерді жұмысқа орналастыру

Жылы	Білім деңгейі	Барлық түлек	Олардың жұмысқа орналасқаны	%	Мамандығы бойынша	Мамандық бойынша емес	Жұмысқа орналаспаны
2021	Бакалавриат	1340	1146	86	778	368	194
	Магистратура	162	153	94	89	64	9
	Докторантура	21	21	100	21	-	-
	Барлығы:	1523	1320	87	888	432	203
2022	Бакалавриат	1829	1549	85	1271	278	280
	Магистратура	316	278	91	197	81	38
	Докторантура	12	12	100	12	-	-
	Барлығы:	2157	1839	85	1480	359	318
2023	Бакалавриат	2666	2204	83	1672	532	462
	Магистратура	418	369	88	266	103	49
	Докторантура	11	11	100	11	-	-
	Барлығы:	3095	2584	83	1949	635	511
2024	Бакалавриат	2290	1802	79	1102	700	488
	Магистратура	380	360	95	250	110	20
	Докторантура	10	10	100	10	-	-
	Барлығы:	2680	2172	81	1362	810	508
2025	Бакалавриат	2338	1310	70	1205	105	707
	Магистратура	283	225	90	217	8	29
	Докторантура	15	14	100	14	-	-
	Барлығы:	2636	1549	72	1436	113	736

2020-2025 жылдар аралығындағы мәліметтерді талдау университет түлектерін жұмыспен қамту көрсеткіштерінің жалпы оң деңгейде сақталғанын көрсетеді. Университеттің Даму бағдарламасына сәйкес 2024 жылы бірінші жылғы түлектердің жұмыспен қамтылу деңгейі 77% деңгейінде жоспарланған болатын. Нақты көрсеткіш 2024 жылы 81%-ды құрап, жоспардан жоғары орындалды.

Ал, 2025 жылы жұмыспен қамту деңгейі 72%-ды құрады, жоспар бойынша 78%. Көрсеткішке еңбек нарығындағы өзгерістер, магистратура мен докторантураға нарықтағы сұраныстың күрт артуына байланысты түлектер

оқуын жалғастыруы, декреттік демалысқа шығуы және өзге де әлеуметтік-экономикалық факторлар әсер етуі.

Студенттердің әлеуметтік-мәдени дамуы

Университетте білім алушылардың жан-жақты тұлғалық дамуын қамтамасыз етуге, рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруға және белсенді азаматтық ұстанымын нығайтуға бағытталған жүйелі тәрбие жұмыстары жүргізіледі. Осы бағытта жыл сайын бекітілген жоспарға сәйкес түрлі мәдени-ағартушылық, тәрбиелік және әлеуметтік маңызы бар іс-шаралар ұйымдастырылады.

Атап айтқанда, «Таза Қазақстан», «Заң мен тәртіп», «Қарызсыз қоғам» жобалары, сондай-ақ Абай Құнанбайұлы ұсынған «Толық адам» тұжырымдамасы аясындағы іс-шаралар жүзеге асырылуда. Сонымен қатар студенттер арасында азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамытуға, рухани-адамгершілік құндылықтарды дәріптеуге, харассмент пен лудоманияның алдын алуға, діни сауаттылықты арттыруға, салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталған кездесулер, семинарлар, тренингтер мен акциялар тұрақты түрде өткізіледі.

Бұл жұмыстар жастарды еңбекқорлыққа, жасампаздыққа, әлеуметтік белсенділікке және инновациялық ойлауға баулуға, сондай-ақ олардың қоғам алдындағы жауапкершілігін арттыруға ықпал етеді.

Университетте 22 жастар ұйымы мен 11 спорттық секция жұмыс істейді. Студенттер 8 жастар жобасын жүзеге асыруда.

Университет студенттері республикалық және халықаралық деңгейдегі байқаулар мен жарыстарда жоғары нәтижелерге қол жеткізіп, ел намысын абыроймен қорғауда. Атап айтқанда, студент Дильназ Ержігітова республикалық «Білімді қыздар – ұлттың ұйытқысы» айтысында Бас жүлдені жеңіп алып, халықаралық «Менің пірім – Сүйінбай» айтысында II орын иеленді.

«Жауқазын» студенттік театры университеттің мәдени-шығармашылық өміріне белсене қатысып, тәрбиелік және мәдени іс-шараларды тұрақты түрде ұйымдастырады. Сондай-ақ, театр ұжымы республикалық деңгейдегі театр фестивальдері мен шығармашылық байқауларда жоғары нәтижелерге қол жеткізіп, жүлделі орындардың иегері болып келеді.

«Ақиқат» саяси дебат клубы – студенттердің сыни ойлау, шешендік өнер және азаматтық белсенділігін дамытуға бағытталған, университеттің қоғамдық-саяси өміріне белсене қатысатын және түрлі дебаттық ойындар мен жарыстарға тұрақты қатысу арқылы облыс көлемінде танымал болған студенттік ұйым.

Сонымен қатар, университет студенттерге жан-жақты әлеуметтік қолдау көрсетеді. Әлеуметтік қолдау шаралары студенттердің материалдық жағдайын жақсартуға, білім алуына қолайлы жағдай жасауға және олардың әлеуметтік әлауқатын арттыруға бағытталған. Осы мақсатта түрлі жеңілдіктер мен қолдау тетіктері қарастырылған. Соңғы жылдары әлеуметтік қолдау алған студенттердің саны 596 адамды құрады.

Барлық басқа қалалардан келген студенттер жатақханамен қамтамасыз етілген. Жатақханалар саны – 6. Оның ішінде 3-і университет жатақханасы, 3-і келісімшарт негізінде. Орындардың жалпы саны-1667.

№2 жатақхана	№3 жатақхана	№5 жатақхана	«Дилмаш» ЖШС	«Инкар-7» ЖШС	«Өркениет» ЖШС
66 орын	256 орын	400 орын	520 орын	255 орын	170 орын

Біз студенттерімізбен мақтанамыз – олар Әлем, Азия және Қазақстан чемпионаттарының жеңімпаздары.

Қазіргі таңда университетте жоғары спорттық жетістіктерге ие студенттер білім алуда. Олардың қатарында **10** Әлем чемпионатының жеңімпазы мен жүлдегері, **23** Азия чемпионатының жеңімпазы мен жүлдегері, сондай-ақ **130** Қазақстан чемпионатының жеңімпазы мен жүлдегері бар.

Университет студенттері халықаралық және республикалық деңгейдегі жарыстарда табысты өнер көрсетіп, ел намысын абыроймен қорғауда. Олардың жетістіктері Қазақстан спортының дамуына елеулі үлес қосып қана қоймай, университеттің беделі мен имиджін арттыруға, білім ордасының спорт саласындағы көшбасшылық ұстанымын нығайтуға ықпал етуде.

Университеттегі Бизнес-инкубациялық орталық (BIC)

Университетте студенттер мен оқытушылардың стартап жобаларын дамытумен айналысатын, жастарды технологиялық кәсіпкерлікпен таныстыратын, оларға заманауи құралдарды тиімді пайдалануды үйрететін және идеяларын жүзеге асыруға көмектесетін Бизнес-инкубация орталығы (BIC) жұмыс істейді. Бизнес-инкубациялық орталық (BIC) - Astana Hub халықаралық стартап-технопаркінің аймақтық хабы, Қазақстан Республикасы Бизнес-инкубаторлар мен акселераторлар қауымдастығының мүшесі және Қызылорда облысындағы Қазақстан инновацияларының Ұлттық ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар институтының (НАРИ) гранттық бағдарламаларының үйлестірушісі болып табылатын Enactus Kazakhstan ұлттық кеңсесінің өкілі. Бизнес-инкубациялық орталық (BIC) Astana Hub, NURIS, Enactus және Қызылорда ақпараттық технологиялар орталығымен (CIT) ынтымақтастық туралы меморандумдарға қол қойды. BIC-те Astana Hub аймақтық филиалы - **Kyzylorda Hub** ашылды. Ол тек іс-шараларды ұйымдастырып қана қоймай, сонымен қатар Қызылорда облысында заманауи технологиялық қауымдастықты дамытуға да назар аударады. Есепті кезеңнің нәтижелері барлық стратегиялық мақсаттар мен KPI-лердің асыра орындалғанын көрсетеді.

Бұл орталық аймақтың шығармашыл жастары мен кәсіпкерлері үшін басты тартымдылыққа айналды. Жыл ішінде шамамен **6000 қатысушыны** қамтыған **176 іс-шара** ұйымдастырылды, ал жасанды интеллект технологиялары бойынша **53 іс-шара** өткізілді, бұл жергілікті мамандардың бәсекеге

қабілеттілігін арттырды. Хаб ұсынатын білім беру бағдарламалары нақты нарық қажеттіліктеріне негізделген:

- **AI Bootcamp (179 қатысушы):** Төрт күндік қарқынды курстар мұғалімдер мен мемлекеттік қызметкерлерді жасанды интеллект құралдарын тиімді пайдалану бойынша оқытты.

- **IT-бағыттар:** Game Dev (80 қатысушы), No-Code (60 қатысушы) және Power BI (51 қатысушы) курстары өңірдегі жаңа мамандықтарға деген сұранысты өтеді.

- **Project Management:** 2 курс аясында **42 маман** жобаларды басқарудың халықаралық әдістемелерін меңгерді.

BIS мамандары стартаптарды оқытып қана қоймай, олардың нақты бизнеске айналуына жағдай жасап, қаржыландыру тартты. 2025 жылы жергілікті стартаптарға **14.5 млн** теңге көлемінде инвестиция тартылды. Бұл өңірлік жобаларға деген инвесторлар сенімінің артып келе жатқанын білдіреді. Инкубация бағдарламасына **67 өтінім** түсіп, соның ішінде ең үздік **15 жоба** сәтті аяқтап шықты. Блокчейн және Web3 технологиялары бойынша өткен жарысқа **172 қатысушы** жиналды.

Innofest, Smart City және Idea Battle сияқты ірі додалар талантты жастарға өз жобаларын таныстырып, қомақты жүлде қорларына ие болуға мүмкіндік берді. Сонымен, есепті жылда біз келесі іс-шараларға қатыстық:

- **Innofest 2025:** 1600 қатысушы, 1250 жоба, жүлде қоры – **7.2 млн теңге**.

- **Smart City Hackathon:** 317 қатысушы, 93 жоба, жүлде қоры – **1.8 млн теңге**.

- **Kyzylorda Idea Battle:** 123 қатысушы, **1 млн теңге** жүлде қоры.

- **EdTech Hackathon:** 149 қатысушы, 45 жоба, **1 млн теңге** жүлде қоры

Хабтың ақпараттық саясаты өңірдегі IT-мәдениетті насихаттауға бағытталды. Instagram желісіндегі Reels қаралымы **1.6 миллионнан** асып, жалпы қамту **549 мыңнан** астам адамды құрады. Бұл Хабтың тек Қызылорда емес, республикалық деңгейде де танымалдылығын арттырды. 60-тан астам ресми жарияланым мен сюжеттер Хабтың ашықтығы мен қоғамдық маңызын көрсетті.

2025 жылы Kyzylorda Hub халықаралық деңгейдегі делегацияларды қабылдап, тәжірибе алмасу орталығына айналды. Оңтүстік Корея және Қытай өкілдерімен дрондар мен робототехника саласындағы ынтымақтастық туралы уағдаластықтарға қол жеткізілді. ҚР Премьер-Министрі инспекторының сапары Хабтың жұмысына мемлекет тарапынан жоғары баға берілгенін айқындады.

2025 жылдың нәтижелері **Kyzylorda Hub-тың** өңірдегі ең белсенді және тиімді инновациялық құрылымдардың бірі екенін растады. Команданың үйлесімді жұмысы мен Astana Hub қолдауы алдағы 2026 жылы бұдан да ауқымды белестерді бағындыруға негіз болады.

Кадрлық қамтамасыз ету

2021-2022 оқу жылында университетте білім беру қызметін 479 оқытушы жүзеге асырды, олардың ішінде 27 ғылым докторы, 34 философия докторы (PhD), 174 ғылым кандидаты болды.


2022-2023 оқу жылында білім беру қызметін 535 оқытушы атқарады, олардың ішінде 26 ғылым докторы, 43 философия докторы (PhD), 193 ғылым кандидаты бар.

2023-2024 оқу жылында университетте білім беру қызметін 514 оқытушы жүзеге асырады, олардың ішінде 22 ғылым докторы, 47 философия докторы (PhD), 186 ғылым кандидаты бар.

2024-2025 оқу жылында білім беру қызметін университетте 577 оқытушы атқарады, олардың ішінде 22 ғылым докторы, 75 философия докторы (PhD), 188 ғылым кандидаты бар.

2025-2026 оқу жылында білім беру қызметін университетте 546 оқытушы атқарады, олардың ішінде 20 ғылым докторы, 66 философия докторы (PhD), 187 ғылым кандидаты бар.

Соңғы төрт жылдағы оқытушылар саны туралы салыстырмалы талдау 6-суретте көрсетілген.



6-сурет. 5 жыл ішінде білім беру қызметін кадрлық қамтамасыз ету

2025 жылға арналған университеттің ПОҚ-ның сандық-сапалық құрамы 23-кестеде көрсетілген. ПОҚ-ның сапалық құрамын талдау нәтижелері 546 оқытушының 273-і ғылым докторлары мен кандидаттары, PhD докторлары екенін көрсетеді, ғылыми дәрежесі бар адамдар саны 2025 жылы 50%-ды құрады деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

23-кесте. ПОҚ-ның сандық және сапалық көрсеткіші, 2025 ж

№	Көрсеткіш атауы	Саны
1	Штаттағы ОПҚ саны, барлығы <i>Оның ішінде:</i>	546
	- ғылыми дәрежесімен	273
	- ғылым докторы	20
	- ғылым кандидаты	187
	- PhD доктор	66
2	Қосымша жұмыс атқаратын ПОҚ саны <i>Оның ішінде:</i>	25
	- ғылыми дәрежесімен	23
	- ғылым докторы	1
	- ғылым кандидаты	9
	- PhD доктор	7
3	Ғылыми дәрежесі бар ПОҚ орташа жасы	47


2021-2022 оқу жылында ғылыми дәрежесі бар оқытушылардың үлесі 49% құрады.

2022-2023 оқу жылында ғылыми дәрежесі бар оқытушылардың үлесі 49% құрады.

2023-2024 оқу жылында ғылыми дәрежесі бар оқытушылардың үлесі 49% құрады.

2024-2025 оқу жылында ғылыми дәрежесі бар оқытушылардың үлесі 49% құрады.

2025-2026 оқу жылында ғылыми дәрежесі бар оқытушылардың үлесі 50% құрады.



7-сурет. Ғылыми дәрежесі бар оқытушылардың үлесі (5 жылға)

Ғылыми дәрежесі бар профессор-оқытушылар құрамының орташа жасы (2025 ж.) 47 жасты, ЖОО қызметкерлерінің орташа жасы (2025 ж.) 44 жасты құрайды.

«Қазақстан Республикасы ЖОО-ның үздік оқытушысы» атағын 38 оқытушы, оның ішінде 2020 жылы – 3 оқытушы, 2022 жылы – 4 оқытушы, 2024 жылы – 1 оқытушы, 2025 жылы – 1 оқытушы алған (24-кесте).

27 оқытушы Ресейдің сәулет және құрылыс ғылымдары академиясының, Ресей инженерлік академиясының, Халықаралық инженерлік академиясының, Қазақстан ұлттық білім академиясының, Қазақстан ұлттық инженерлік академиясының, Халықаралық педагогикалық білім ғылымдары академиясының, Қазақстан Республикасы педагогика ғылымдары академиясының және Қазақстан Республикасы Ұлттық табиғи ғылымдар академиясының толық мүшелері болып сайланған.

24-кесте. Республикалық «Үздік ЖОО оқытушысы» байқауының жеңімпаздары (соңғы 5 жылда)

Жылы	Ғылыми атағы, дәрежесі, Т.А.Ә
2020	Нарманова Роза Әбдібекқызы – техника ғылымдарының кандидаты, доцент, «Физика-химиялық талдау әдістері» инженерлік бейіндегі зертхананың жетекші ғылыми қызметкері
	Жұмағұлов Темірбек Жамедұлы – техника ғылымдарының кандидаты, «Инженерлік технологиялар» білім беру бағдарламасының аға оқытушысы
	Ақылбеков Нұрғали Икрамұлы – химия ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (доцент)
2022	Тохетова Лаура Ануаровна – ауылшаруашылық ғылымдарының докторы, «Аграрлық технологиялар» білім беру бағдарламасының профессоры
	Смаилова Жұлдыз Жолдасқызы – т.ғ.к., қауымдастырылған профессор (доцент), «Дизайн және технология» білім беру бағдарламасының жетекшісі
	Ибраев Шерали Шапатайұлы – физика-математика ғылымдарының кандидаты, «Физика-математика» білім беру бағдарламасының профессоры
2024	Тапалова Анипа Сейдалиевна – техника ғылымдарының кандидаты, «Биология, география және химия» білім беру бағдарламасының доценті
2025	Қоңырбаев Нұрбек Беркінбайұлы – философия докторы (PhD), «Компьютерлік ғылымдар» білім беру бағдарламасының қауымдастырылған профессоры (доцент)

«Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағын - 2, «Құрмет» орденін – 2, «Ерен еңбегі үшін» медалін – 7, «А.Байтұрсынов» орденін – 25, «А.Байтұрсынов атындағы Алтын медаль» – 2, «А.Байтұрсынов атындағы Күміс медаль» – 2, «Парасат» орденін – 3 оқытушы алған, «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісі - 7, «Шапағат» медалі - 1.

«ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы» атағын - 4 оқытушы иеленген. «Мәдениет қайраткері» белгісімен 4 оқытушы, «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» – 2 оқытушы марапатталған.

Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі 337 университет оқытушысын марапаттады, соның ішінде: «Ы.Алтынсарин» медалімен – 21, «Еңбек ардагері» – 2; «ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісімен – 34, «Ғылымды дамытудағы еңбегі үшін» – 32, «ҚР білім беру ісінің үздігі» – 1, «Ана тілін дамытуға қосқан үлесі үшін» – 13, «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ісінің үздігі» - 10, «Тіл жанашыры – 6, «Ғылым үздігі» - 5.

ҚР ҒЖБМ (БҒМ) Құрмет грамотасымен – 102-ден астам, ҚР ҒЖБМ (БҒМ) Алғысымен – 111 оқытушы марапатталған.

Оқытушылар мен қызметкерлердің біліктілігін арттыру

Жыл сайынғы Оқытушылар мен қызметкерлердің біліктілігін арттыру бекітілген «Біліктілікті арттыру жоспары» аясында жүзеге асырылады.

25-кесте. Оқытушылар мен қызметкерлердің біліктілігін рттыру, 2020-2025 жж.

Біліктілікті арттыру курстарының түрлері	2020ж.	2021ж.	2022ж.	2023ж.	2024ж.	2025 ж
Біліктілікті арттыру курстары, саны/адам саны	2/ 112	6/ 275	15 / 764	4/ 358	7/ 625	11/637

Жыл сайын Университетте ПОҚ және білім алушылар үшін формальды емес білім беру аясында бірқатар курстар өткізіледі. 2020-2025 жылдары 139 курс өткізілді, қатысушылардың саны 2771 адамды құрады.

26-кесте. Формальды емес білім беру курстарына қатысушылар саны, 2020 -2025 жж.

Біліктілік көтеру курстарының түрлері	2020 ж.	2021 ж.	2022 ж.	2023 ж.	2024 ж.	2025 ж.
ПОҚ біліктілігін көтеру курсы, курс саны	10	19	19	36	36	11
Педагогикалық қайта даярлау, курс саны/адам	-	-	2	-	-	-
«Күміс университет 50+» жобасы курс саны/адам	-	-	1	2	1	2
ЖАЛПЫ:	10	19	22	38	37	13

3.4 ҒЫЛЫМ МЕН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҮНТІМАҚТАСТЫҚТЫ ДАМУ

Университет ғылым саласында айтарлықтай серпіліс жасады. Мәселен, соңғы бес жылда жыл сайын өсіп келе жатқан гранттық жобалардан және жеке компанияларға көрсетілетін ғылыми-зерттеу қызметтерінен түсетін табыс 7,7 есеге артты. Бұл ғалымдарға шетелдік серіктестермен бірлескен зерттеулер жүргізуге, беделді халықаралық ғылыми журналдарда жариялануға, сондай-ақ әлемнің жетекші зертханалары мен жоғары оқу орындарында тәжірибе алмасуға мүмкіндік берді.

Қазақстан Республикасының жоғары білім мен ғылымды дамудың 2029 жылға дейінгі тұжырымдамасын іске асыру аясында университет ғалымдардың өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосатын үлесін арттыру үшін қолайлы жағдайлар жасау бағытында жұмыс жүргізуде.

Университеттегі ғылыми-зерттеу жұмыстары гранттық қаржыландыру, бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобалары, жеке компаниялар, кәсіпорындар және жергілікті атқарушы органдар тапсырыстары, сондай-ақ халықаралық келісімдер аясында жүзеге асырылады.

Соңғы жылдары университетте ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті қаржыландыратын гранттық жобалар санының тұрақты өсуі байқалады, сондай-ақ ғылыми зерттеулерден түсетін кіріс көлемі едәуір артты. Мәселен, 2021 жылы университетте жалпы сомасы 130 349 мың теңгені құрайтын гранттық жобалар іске асырылса, 2025 жылы бұл көрсеткіш 812 358 мың теңгеге ұлғайды. Атап айтқанда, 2021 жылы 13 ғылыми жоба орындалса, есепті 2025 жылы 38 жоба жүзеге асырылды. Оның ішінде 1 жоба ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруы аясында іске асырылып, мал азықтық дақылдар мен ағаш екпелерін суаруға арналған ағынды суларды тазарту технологиясын әзірлеуге бағытталды. Сонымен қатар, «Ғылым қоры» АҚ қаржыландыратын ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру бойынша 1 жоба жүзеге асырылып, марал мүйізі сығындысы мен түйе жантағы негізінде биологиялық белсенді қоспалардың инновациялық өндірісін ұйымдастыруға арналды.

Соңғы үш жылда – 2023–2025 жылдары – ғылым саласы бойынша жалпы кіріс 2 201 097 мың теңгені құрады, оның ішінде:

- 2023 жылы – 589 017 мың теңге;
- 2024 жылы – 774 308 мың теңге;
- 2025 жылы – 837 772 мың теңге.

27-кестеде 2021-2025 жылдар аралығындағы соңғы бес жылдағы ғылыми зерттеулерді қаржыландыру көлемі көрсетілген. Талдау

нәтижелері ғылыми зерттеулерден түсетін кірістің осы кезеңде 7 есеге артқанын көрсетеді.

27-кесте. 2021–2025 жылдардағы ғылыми зерттеулерді қаржыландыру көлемі (5 жылдық кезең бойынша), теңге.

№	Жобаны қаржыландыру түрі	2021 жыл	2022 жыл	2023 жыл	2024 жыл	2025 жыл
1	ГҚ, ҚМУ, ЖҒК, БНҚ	106 839	123 215	543 843	750 728	812 358
2	ЖАО, ШК	23 510	67 977	45 174	23 580	21 139
3	ҒЗТҚЖ (НИОКР)					4 275
4	ҒҒТЖН коммерцияландыру (РННТД)					
	ЖАЛПЫ	130 349	191 192	589 017	774 308	837 772

28-кесте. 2021–2025 жылдар аралығындағы ғылыми жобалардың саны (5 жыл бойынша), бірлік.

№	Жобаны қаржыландыру түрі	2021	2022	2023	2024	2025
1	ҚР ҒЖБМ ҒК гранттық қаржыландыруы есебінен	11	9	17	22	22
2	Бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру	-	-	1	1	1
3	ЖАО есебінен	-	3	2	2	1
4	ҒЗТҚЖ (НИОКР)	1	1	1	1	1
5	Шаруашылық келісімшарттар бойынша	1	1	4	7	12
6	ҒҒТЖН коммерцияландыру (РННТД)					1
	ЖАЛПЫ	13	17	25	33	38

Осылайша, соңғы үш жылда (2023–2025 жж.) гранттық жобалар есебінен ғылыми зерттеулерді қаржыландыру көлемі 1,4 есеге артты (2023 жылы жалпы сомасы 543 843 мың теңгені құрайтын 18 жоба іске асырылса, 2025 жылы жалпы сомасы 812 358 мың теңгені құрайтын 23 жоба жүзеге асырылды).

2025 жылы жалпы құны 837 772 213,44 теңгені құрайтын 38 ғылыми жоба іске асырылды, оның ішінде:

- гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру (ГҚ, БНҚ, КМУ, ЖҒ, ҚР ҒЖБМ ҒК) бойынша – 23 жоба (812 358 109,44 теңге);
- жергілікті атқарушы органдардың тапсырысы бойынша – 1 жоба (6 200 000 теңге);
- компаниялардың тапсырысы бойынша (ҒЗТҚЖ) – 1 жоба (4 275 000 теңге);
- шаруашылық келісімшарттар негізінде (ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша қызметтер) – 12 жоба (14 939 104 теңге);
- ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру бойынша – 1 жоба;
- шетелдік серіктестермен бірлесіп жүзеге асырылған халықаралық жобалар – 8 жоба.

2025 жылы ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің бағдарламалық-нысаналы және гранттық қаржыландыруы

(ГК, БНҚ, КМУ, «Жас ғалым») аясында келесі ғылыми жобалар жүзеге асырылды:

1. BR21882415 «Қызылорда облысында су тапшылығы жағдайында Жемшөп дақылдары мен ағаш екпелерін суару үшін сарқынды суларды қауіпсіз кәдеге жарату технологиясын әзірлеу, ғылыми жетекші - Өмірзақов С.Ы. (2023-2025, БНҚ)

2. AP19578213 «Шығыс Арал маңының археологиялық мұраларын өзектендіру (Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясының жаңа архивтік деректерін жүйелеу)», ғылыми жетекші – Тәжекеев А.А. (2023-2025, ҚМУ4)

3. AP19577138 «Қазақстанның оңтүстік өңірлеріндегі дәстүрлі және инновациялық құндылықтар үдерістерін мәдени талдау», ғылыми жетекші - Әбікенов Ж.О. (2023-2025, ҚМУ4)

4. AP19577048 «Ауыр ядролармен ядролық реакцияларда нуклондардың тасымалдануы және нейтронға бай изотоптардың түзілу механизмдерін зерттеу», ғылыми жетекші – Әжібеков А.Қ. (2023-2025, ҚМУ4)

5. AP27510517 «Мәмлүк-қыпшақ тіліндегі «Китаб Муқаддима Абу Ләйс әс-Самарқанди» қолжазбасындағы теолингвистикалық дискурс (XV ғасыр)», ғылыми жетекші – Исаханова К-М.М. (2025-2027, ҚМУ)

6. AP19677146 «Қазақстанның оңтүстік өңіріндегі этникалық азшылықтардың ұлттық бірегейлену үдерістерін кросс-мәдени және аксиологиялық талдау», ғылыми жетекші – Әбікенов Ж.О. (2023-2025)

7. AP22787282 «Советтік Қазақстанда сопылық: Ясауилік және ишандық дәстүр тарихы мысалында», ғылыми жетекші – Жолдасұлы Т. (2024-2026, ҚМУ5)

8. AP19677249 «Жануарлар мен адамдардың әртүрлі ауруларының терапиясында потенциалды белсенді симметриялық және симметриясыз типтегі жаңа орынбасқан каркасты фосфонаттарды жасау», ғылыми жетекші – Аппазов Н.О. (2023-2025)

9. AP19677780 «М. Шоқайдың мемлекеттілік мұраттары: тарих сабақтары, идеялық сабақтастық», ғылыми жетекші – Тайман С.Т. (2023-2025)

10. AP19678046 «Шетелдегі қазақ топонимикалық аңыздары (Ресей, Қытай, Моңғолия): типология, генетика және поэтикалық ерекшеліктер», ғылыми жетекші – Тұяқбаев Ғ.А. (2023-2025)

11. AP19680346 «Сыр сүлейлері шығармаларындағы Шығыстық дәстүр», ғылыми жетекші – Камишева Г.А. (2023 – 2025)

12. AP19677156 «Қорғалған топырақтағы көкөніс дақылдарының өнімділігін арттыру үшін интерпланингті инновациялық отырғызу технологиясын енгізудің ғылыми негіздері», ғылыми жетекші – Сауытбаева Г.З. (2023-2025)

13. AP23489478 «Қазақстандық Арал өңірі күріш жүйелерінің тұзды

топырақтарында дәндік құмайдың отандық және шетелдік селекциясы сорттарын экологиялық сынау», ғылыми жетекші – Таутенов И.А. (2024-2026)

14. AP23488720 «Жаңа 7-азакумарин платформасы негізіндегі ісікке қарсы құралдардың молекулалық дизайны», ғылыми жетекші – Аппазов Н.О. (2024-2026)

15. AP23490056 «Күріш қауызынан алынатын өсімдік майы май қышқылдарының моно және диглицеридтерін фармакофорлы фрагменттермен модификациялау – ісікке қарсы қосылыстарды жасау», ғылыми жетекші – Тапалова А.С. (2024-2026)

16. AP23489931 «Биоремедиация стратегиясын таңдау үшін Арал өңірінің мұнаймен ластанған топырақтары микроорганизмдерінің таксономиялық әртүрлілігін және биотехнологиялық әлеуетін зерттеу», ғылыми жетекші – Нарманова Р.А. (2024-2026)

17. AP23487716 «Ісікке қарсы перспективті агенттер – жаңа 1-сульфонилпирролидиндерді құру стратегиясы», ғылыми жетекші – Ақылбеков Н.И. (2024-2026)

18. AP23490015 «Биомедициналық қолдану үшін циклдік амидин жүйелерінің және олардың табиғи қышқылдары бар конъюгаттарының дизайны, синтезі және химиялық трансформациясы», ғылыми жетекші – Тұрманов Р.А. (2024-2026)

19. AP26199445 «Суды озондау арқылы тазартудың интеллектуалды жүйесін әзірлеу», ғылыми жетекші – Умбетова Ш.М. (2025-2027г.)

20. AP26101317 «Қазақстанның оңтүстік өңірлерінің тұрғындарының гендерлік рөлдердің қалыптасуына мәдени құндылықтардың ықпалы: дәстүрлі және инновациялық көзқарастар», ғылыми жетекші – Абдираманова А.Т. (2025-2027г.)

21. AP22684471 «Салынып жатқан объектілердің іргетасын орнату үшін маусымдық мұз топырақтың қату әсерін еріту және алдын алудың энергия үнемдейтін технологиясы», ғылыми жетекші – Монтаева А.С. (2024-2026, Жас Ғалым)

22. AP22685801 «Урбанизация жағдайындағы жыртқыш құстардың экологиясы (Қызылорда қаласы мысалында)», ғылыми жетекші – Сиханова Н.С. (2024-2026, Жас Ғалым)

23. AP25796743 «Синтез интеллектуальных управляющих систем для робототехнических платформ с использованием эволюционных алгоритмов и методов машинного обучения», науч. рук. – Ибадулла С.И. (2025-2027, Жас Ғалым)

2025 жылы сыртқы ұйымдардың тапсырыстары бойынша орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтерден түскен кіріс көлемі 19 214 104 теңгені құрады.

Қызылорда облысының әкімдігі өңірдің мәдени мұрасын сақтауға және аграрлық технологияларды дамытуға ерекше көңіл бөледі. Сырдария

өзенінің төменгі ағысындағы ортағасырлық ескерткіштерге археологиялық зерттеулер жүргізу үшін жыл сайын жергілікті бюджеттен қаржы бөлінеді.

2025 жылы жергілікті атқарушы органдардың қаржыландыруы есебінен жалпы сомасы 6 200 000 теңгені құрайтын 1 жоба жүзеге асырылды. Атап айтқанда, Қазалы ауданындағы Жанкент қалашығында археологиялық зерттеулер жүргізуге арналған «Қазалы ауданының Жанкент қалашығында археологиялық зерттеулер жүргізу» тақырыбындағы жоба орындалды (жоба жетекшісі – Ж.Қ. Сұлтанжанов).

Университеттің жергілікті атқарушы органдармен, бизнес-құрылымдармен өзара іс-қимылы, форсайт-сессияларды, хакатондарды және дөңгелек үстелдерді бірлесіп өткізуі ғалымдардың зерттеулеріне деген қызығушылықтың артуына және университет ғылымына меценаттарды тартуға елеулі ықпал етті. Мысалы, жастар жұмыссыздығының өңірлік ерекшеліктерін зерттеу, отбасы дағдарысы: эмпирикалық зерттеулер негізінде ажырасудың себептері мен салдарын анықтау, сондай-ақ күріш ауыспалы егісінде дәндік құмайды өсіру технологиясын әзірлеу және өндіріске енгізу бағытында өзекті ұсыныстар түсті.

Ғалымдар жергілікті ұйымдармен бірлесіп жұмыс істей отырып, зерттеу нәтижелерін ұсынып қана қоймай, профилактикалық сипаттағы іс-шараларды өткізу арқылы олардың тәжірибелік сынақтан өтуіне де қатысады. Мәселен, соңғы үш жылда (2023–2025 жж.) бизнес-құрылымдар мен жеке компаниялардың қаржысы есебінен жалпы сомасы 40 899 104 теңгені құрайтын 25 жоба іске асырылды.

«Ғылыми тағылымдамалар» мемлекеттік бағдарламасы

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес 2021 жылы шетелде тағылымдамадан өтудің «500 ғалым» бағдарламасы іске қосылды. Осы жоба аясында 2022 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін университеттің 25 ғалымы АҚШ, Ұлыбритания, Германия, Швейцария, Ресей және Әзербайжан сияқты елдердің жетекші жоғары оқу орындары мен ғылыми орталықтарында ғылыми тағылымдамадан өтті (2022 жылы – 5 ғалым, 2023 жылы – 13, 2024 жылы – 6):

1. Далдабаева Гүлнұр Төреханқызы – «Су ресурстары және жерге орналастыру» БББ қауымдастырылған профессоры, Солтүстік-Батыс Швейцария қолданбалы ғылымдар және өнер университеті (Швейцария).

2. Үмбетова Шолпан Мырзабекқызы – «Су ресурстары және жерге орналастыру» БББ қауымдастырылған профессоры, Әзірбайжан сәулет-құрылыс университеті (Әзірбайжан).

3. Елеуова Эльмира Шорақызы – «Су ресурстары және жерге орналастыру» БББ қауымдастырылған профессоры, Солтүстік-Батыс Швейцария қолданбалы ғылымдар және өнер университеті (Швейцария).

4. Әбжаев Марат Мәлікұлы – «Инженерлік технологиялар» БББ аға оқытушысы, Қазан федералды университеті (Ресей).

5. Асанова Жанна Сексенбаевна – «Электр энергетикасы, техносферадағы қауіпсіздік және экология» БББ аға оқытушысы, Әзірбайжан техникалық университеті (Әзірбайжан).

6. Шынбергенов Ерлан Әлімжанұлы – «Су ресурстары және жерге орналастыру» БББ аға оқытушы, Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті (Ресей).

7. Сұлтанжанов Жетесби Қанапияұлы – Археология және этнография орталығының ғылыми қызметкері, Эберхард Карлс атындағы Тюбинген университеті (Германия).

8. Шаянбекова Бақытжан Рахманбердіқызы – қауымдастырылған профессор «Су ресурстары және жерге орналастыру» БББ қауымдастырылған профессоры, Солтүстік-Батыс Швейцария қолданбалы ғылымдар және өнер университеті (Швейцария).

9. Сапарқызы Жаннат – «Педагогика және психология» БББ аға оқытушысы, М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті (Ресей).

10. Ізтілеуова Жанна Бақытжанқызы – «Шетел тілдері және аудармасы» БББ оқытушысы, Уорвик университеті (Ұлыбритания).

11. Байниязова Ақмарал Тасқарақызы – «Инженерлік технологиялар» БББ оқытушысы, Қазан федералды университеті (Ресей).

12. Сыдықова Гүлнар Құдайбергенқызы – «Электр энергетикасы, техносферадағы қауіпсіздік және экология» БББ қауымдастырылған профессоры, Әзірбайжан техникалық университеті (Әзірбайжан).

13. Ақылбеков Нұрғали Икрамұлы – «Физика-химиялық талдау әдістері» инженерлік зертханасының меңгерушісі, Органикалық және физикалық химия институты. А.Е.Арбузова (Ресей).

14. Әбдімомунова Алмакүл Шәкірбекқызы – «Экономика және басқару» БББ қауымдастырылған профессоры, М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті (Ресей).

15. Жұмаділова Жанар Шәдібекқызы – «Аграрлық технологиялар» БББ қауымдастырылған профессоры, Беларусь мемлекеттік агротехникалық университеті (Беларусь).

16. Жүнісов Абайбек Талғатұлы – «Су ресурстары және жерді басқару» БББ аға оқытушысы, Джордж Вашингтон университеті (АҚШ).

17. Тәжекеев Әзілхан Әуезханұлы – Археология және этнография орталығының директоры, Эберхард Карлс атындағы Тюбинген университеті (Германия).

18. Қосанов Самалбек Уразбаевич – «Биология, география, химия» БББ аға оқытушысы, К.А. Тимирязев атындағы Ресей аграрлық университеті (Ресей).

19. Бекетова Қамар Назарбекқызы «Экономика және басқару» БББ

қауымдастырылған профессоры, Рединг университеті (Ұлыбритания).

20. Тоқтағанова Гүлжас Баданқызы – «Биология, география, химия» БББ аға оқытушысы, Рединг университеті (Ұлыбритания).

21. Жүзеев Серікхан Алханұлы – «Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ аға оқытушысы, Рединг университеті (Ұлыбритания).

22. Назаров Есенжол Асылбекұлы – «Биология, география, химия» БББ аға оқытушысы, Рединг университеті (Ұлыбритания).

23. Байниязова Эльмира Мерекеқызы – «Шетел тілдері және аудармасы» БББ оқытушысы, Қазан федералды университеті (Ресей).

24. Құрманбаев Рахат Хамитұлы – «Биология, география, химия» БББ қауымдастырылған профессоры, Иллинойс университеті (АҚШ).

Қазіргі уақытта аталған бағдарлама «Ғылыми тағылымдамалар» мәртебесіне ие.

2025 жылғы республикалық конкурс нәтижелері бойынша келесі қызметкерлер ғылыми тағылымдамадан өтуге жолданды:

26. Әшімова Мөлдір Ерболатқызы – техника ғылымдарының магистрі, «Компьютерлік ғылымдар» білім беру бағдарламасының оқытушысы, Leeds University (Ұлыбритания). Тағылымдамадан өту мерзімі: 02.03.2026–11.03.2027.

27. Қайынбаева Лариса Сағижанқызы – педагогика ғылымдарының кандидаты, «Физика және математика» білім беру бағдарламасының жетекшісі, Калифорния университеті, Дэвис (University of California, Davis, АҚШ). Тағылымдамадан өту мерзімі: 01.09.2026–28.08.2027.

Бағдарламаны іске асыру нәтижесінде университет ғалымдары халықаралық ғылыми тәжірибені меңгеріп, шетелдік зерттеу орталықтарымен ғылыми байланыстар орнатуға, бірлескен зерттеулер жүргізуге және ғылыми-зерттеу қызметінің сапасын арттыруға мүмкіндік алды.

Халықаралық жобаларды жүзеге асыру

2025 жылы Жапонияның (Мэйдзи университеті), Португалияның (Лузофона университеті), Оңтүстік Кореяның (SeoulTech), Түркияның (Мардин университеті) ғалымдарымен бірлесіп 8 халықаралық жоба жүзеге асырылды. Аталған жобалар екіжақты ынтымақтастық туралы келісімдер аясында, сондай-ақ Horizon Europe, Erasmus+, LUPIC халықаралық бағдарламалары шеңберінде орындалды және олардың іске асырылуы 2026 жылы да жалғасуда.

2025 жылы жүзеге асырылған және 2026 жылы жалғасатын халықаралық жобалардың тізімі:

1. «Орталық Азияның цифрлық еңбек нарығына арналған киберқауіпсіздік саласындағы инновациялық магистрлік білім беру бағдарламасын әзірлеу (Cyber4CA)» (2025–2028 жж.).

2. «101237042 – MECAS: Арал теңізі бассейніндегі әсерді бағалауға арналған экоинформатика бойынша магистрлік білім беру бағдарламаларын әзірлеу» / ERASMUS-EDU-2025-CBHE-STRAND-2 бағдарламасы (2025–2028 жж.).

3. Akdeniz университетімен студенттер мен оқытушылардың академиялық алмасу бағдарламасы бойынша Erasmus+ халықаралық кредиттік ұтқырлық жөніндегі Еуропалық Одақ жобасы (Түркия) (2025–2027 жж.).

4. HORIZON-MSCA-2025-SE-01-01 Еуропалық Одақ жобасы «Сұнысандарын мониторингтеуге арналған жетілдірілген кванттық лавиналық детекторлар (AQUADETECT)».

5. Сеул ұлттық ғылым және технологиялар университетімен (SeoulTech) бірлескен LUPIC жобасы «Халықаралық ынтымақтастық жөніндегі жетекші университеттік жоба» – білім беру, ғылым және технологиялар салаларындағы ынтымақтастықты өзара тиімділік пен теңдік қағидаттары негізінде дамыту мақсатында Корея Республикасының Білім министрлігі қолдайтын жоба (Корея Республикасы, 2023–2029 жж.).

6. «Біздің дәуірімізге дейінгі III–I мыңжылдықтардағы Еуразиядағы ауыл шаруашылығының таралу үдерістерін археоботаникалық зерттеу». Аталған жоба Мэйдзи университеті және Жапонияның Ғылым министрлігі тарапынан қаржылық қолдау табуда, 2024-2028 жж.

7. Ховест қолданбалы ғылымдар университетімен студенттер мен профессор-оқытушылар құрамының алмасу бағдарламасы бойынша Erasmus+ Еуропалық Одағының халықаралық кредиттік ұтқырлық жобасы (Бельгия) (2023–2027 жж.).

8. «Арал теңізі табанының экожүйесін жақсарту» жобасы (2025–2026 жж.).

2023 жылдан бастап Оңтүстік Корея Үкіметінің қаржыландыруы және SeoulTech университетімен бірлескен ынтымақтастық аясында IT кафедраларын қайта құрылымдауға және Жасанды интеллект институтын құруға бағытталған LUPIC (Leading University Project for International Cooperation) жобасы жүзеге асырылуда.

Жоба аясында Бизнес-инкубация орталығы құрылды, озық университет қалыптастыру тәжірибесін трансферттеу жоспарланды, сондай-ақ 4 бірлескен және 2 қос дипломды білім беру бағдарламасы әзірленіп, оқу үдерісіне енгізілді.

2024 жылдан бастап Токио қаласындағы Обсидиан тастарын зерттеу орталығы және Мэйдзи университетімен бірлесіп «Б.з.д. III–I мыңжылдықтардағы Еуразияда ауыл шаруашылығының таралуын археоботаникалық зерттеу» жобасы жүзеге асырылуда.

2026 жылға дейін есептелген және Жапонияның Білім, мәдениет, спорт, ғылым және технологиялар министрлігі қаржыландыратын бұл

жобаға университеттің Археология және этнография ғылыми орталығының жас ғалымдары қатысуда. Қазақстан тарапынан жобаның жетекшісі – философия докторы (PhD) И. Құрманғазыұлы.

Еуропалық Одақтың HORIZON-MSCA-2025-SE-01-01 бағдарламасы аясында «Су нысандарын мониторингтеуге арналған жетілдірілген кванттық лавиналық детекторлар (AQUADETECT)» атты жаңа жоба іске қосылды. Жоба су ресурстарын мониторингтеудің өзекті мәселелерін шешуге және экожүйелерге келетін кез келген теріс әсерді барынша азайтуға бағытталған.

Жоба жаңа буындағы жоғары сезімталдыққа ие, жеке фотондарды анықтай алатын оптикалық сенсорлармен жабдықталған жетілдірілген LIDAR оптикалық жүйесін әзірлеуге және енгізуге негізделген. Жоба серіктестерінің зерттеулері көрсеткендей, бұл сенсорлар қолданыстағы коммерциялық үлгілермен салыстырғанда фотондарды анықтауда 60%-ға жоғары тиімділікке ие.

LIDAR жүйесі су ортасының үш өлшемді карталарын жасау үшін пайдаланылып, деректерді жедел, дәл және нақты уақыт режимінде жинауға мүмкіндік береді.

Бұл технология мониторинг жүргізу уақытын қысқарту, шығындарды азайту және өлшеу дәлдігін арттыру сияқты елеулі артықшылықтарға ие. Ол су тасқыны қаупін бағалау, теңіз түбінің топографиясын картографиялау, экожүйелерді талдау және суасты мекендеу орталарын мониторингтеу сияқты әртүрлі бағыттарда қолдануға арналған.

AQUADETECT жобасы су ресурстарын басқару тиімділігін айтарлықтай арттырып, Еуропалық Одақтың су ресурстарын қорғау жөніндегі бастамаларын қолдауға және тұрақты, экологиялық таза технологияларды кеңінен енгізуге ықпал етеді деп күтілуде.

Аталған инновациялық жүйені Португалия, Германия, Түркия, Италия, Марокко, Украина, Қазақстан және Әзербайжан елдерінің жоғары білікті ғалымдары мен инженерлерінен құралған халықаралық команда жүзеге асыруда. Қазақстан тарапынан жобаның жетекшісі – химия ғылымдарының кандидаты, зерттеуші профессор Н.О. Аппазов.

2025 жылдан бастап (жобаны іске асыру 2026 жылы да жалғасуда) Арал теңізінің құрғаған табанының экожүйесін қалпына келтіруге бағытталған жаңа экологиялық жоба іске қосылды. Бастаманың серіктестері ретінде Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, Калифорния университеті (Беркли) және Қазақстан Республикасындағы Халықаралық Аралды құтқару қорының Атқарушы дирекциясы қатысуда. Жоба Болат Өтемұратов қорының қаржылық қолдауымен жүзеге асырылуда.

Аталған пилоттық жоба улы тұзды-шаңның таралуын тоқтатуға және өңірдің биоалуантүрлілігін арттыруға бағытталған. Жоба

экожүйені ұзақ мерзімді жақсартуды қамтамасыз етуге және биоыдырайтын материалға орналастырылған өздігінен топыраққа сіңетін тұқымдарды дрондар арқылы әуеден себуге негізделген инновациялық E-seed технологиясын сынақтан өткізуге арналған.

Бұл технология көгалдандыру жұмыстарын жоғары жылдамдықпен және кең ауқымда жүргізуге мүмкіндік беріп, өсімдіктердің жерсіну көрсеткішін арттырады және еңбек шығындарын азайтады. 2026 жылдың наурыз айының басында көлемі 1 гектар болатын аумақта сынақтық егіс жүргізілді. Егер өсімдіктердің жерсіну деңгейі 20%-дан асатын болса, жобаның екінші кезеңінде, яғни 2027 жылы, көгалдандырылатын аумақ көлемі 50 гектарға дейін ұлғайтылатын болады.

Жас ғалымдарға арналған ректор гранты

Университет инновациялар қалыптасатын өңірлік зерттеу орталықтарының біріне айналуды мақсат етеді және ғылымды студенттер үшін де қолжетімді етуге ұмтылады. Университеттің жас ғалымдарды қолдауға және олардың тұлғалық дамуына қосқан үлесі жыл сайын өз нәтижесін беруде. Студенттер арасында магистратура мен докторантураға түсуге ниеттілер саны артып келеді.

2021 жылдан бастап жас ғалымдарды қолдау мақсатында жыл сайын 40 жасқа дейінгі жас ғалымдардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүзеге асыруына арналған ішкі (университеттік) гранттар бөлініп келеді. 2025 жылы грант көлемі 20 млн теңгеден 30 млн теңгеге дейін ұлғайтылды.

2021–2025 жылдар аралығында конкурстық іріктеу нәтижесінде 53 адам университеттік грант иегері атанды. Олардың қатарында ғылыми дәрежесі бар жас қызметкерлер ғана емес, сонымен қатар 1 және 2 курс докторанттары да бар.

Соңғы үш жылда грант иегерлерінің саны 2,5 есеге өсті:

- 2021 жылы – 4 адам;
- 2022 жылы – 6 адам;
- 2023 жылы – 8 адам;
- 2024 жылы – 15 адам;
- 2025 жылы – 20 адам.

ПОҚ ынталандыру шаралары, «оқытушы-зерттеуші», «профессор-зерттеуші» және басқа да категориялар.

Белгілі болғандай, ғалымдардың жарияланым белсенділігінің өсу динамикасына тек инфрақұрылымды жақсарту (ПОҚ-ның гранттық және халықаралық жобаларға қатысуы, ерекше зертханалық жабдықтар, әлемдік платформаларға қолжетімділік, кітапханалық ресурстарға жазылу және т.б.) ғана емес, сонымен қатар әртүрлі ынталандыру шаралары, профильді министрліктің профессорлық-оқытушылық құрамының жалақысын көтеру жөніндегі қолдауы, зерттеуші оқытушылар категориясының ұлғаюы да әсер етеді.

Университет 2022 жылдан бастап ғылыми зерттеулер мен олардың

әлемдік рейтингтік журналдарда жариялануын қолдау мақсатында ғалымдарға материалдық көмек көрсете бастады. Мысалы, 2022 жылғы зерттеулердің нәтижелері бойынша 28 автор 7 107 100 теңге көлемінде сыйақы алса, 2023 жылдың нәтижелері бойынша – 39 автор 10 245 300 теңге, ал 2024 жылдың нәтижесі бойынша 70 автор 19 365 100 теңге көлемінде сыйақы алды.

Зерттеуші оқытушылардың санының өсуі де зерттеу ортасын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. 2025 жылы «профессор-зерттеуші» категориясына 4 ғалым ауыстырылды, ал «оқытушы-зерттеуші» категориясына 1 ғалым енгізілді:

- Тапалова Әнипа Сейдалықызы – техника ғылымдарының кандидаты, «Химия, биология және география» білім беру бағдарламасының қауымдастырылған профессоры.

- Аппазов Нұрбол Орынбасарұлы – химия ғылымдарының кандидаты, «Инженерлік технологиялар» білім беру бағдарламасының профессоры.

- Тохетова Лаура Ануарқызы – ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, «Аграрлық технологиялар» білім беру бағдарламасының профессоры.

- Таутенов Ибадулла Айғалиұлы – ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, «Аграрлық технологиялар» білім беру бағдарламасының қауымдастырылған профессоры.

- Умбетова Шолпан Мырзабекқызы – техника ғылымдарының кандидаты, «Су ресурстары және жерге орналастыру» білім беру бағдарламасының қауымдастырылған профессоры.

Шетелдік ғалымдарды шақыру бағдарламасы

Университеттің ғылыми-зерттеу қызметіне шетелдік ғалымдар мен мамандарды тарту келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

- академиялық үдеріске қатыстыру (дәрістер оқу, аудиториялық және зертханалық сабақтар, семинарлар мен воркшоптар өткізу);

- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті қаржыландыратын гранттық және бағдарламалық-нысаналы ғылыми жобаларды іске асыру;

- Scopus және Web of Science дерекқорларына кіретін ғылыми журналдарда мақалаларды бірлесіп жариялау;

- университеттік ғылыми журналдардың жұмысына қатысу (мақалаларға рецензия беру, редакциялық алқалар құрамында жұмыс істеу);

- шетелдік ғалымдармен бірлесіп халықаралық жобаларға қатысу;
- докторанттардың (PhD) ғылыми консультанттары ретінде тарту;
- шетел тілдерін (ағылшын, корей, түрік тілдері) оқыту үшін волонтерлерді тарту.

Ғылым және жоғары білім министрлігінің қаржылық қолдауымен 2025

жылы университетке бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізу мақсатында келесі ғалымдар шақырылды:

- Эшли Харуда – PhD докторы, Оксфорд университетінің қауымдастырылған профессоры. Зерттеу бағыты – зооархеология;
- Андрей Любчик және Сергей Любчик – PhD докторлары, Лузофона университетінің профессорлары (Португалия). Зерттеу саласы – нанотехнологиялар, медициналық және физикалық химия;
- Махмут Озачар – PhD докторы, Түркия Ғылым академиясының академигі, Сакарья университетінің профессоры (Түркия). Зерттеу бағыты – физикалық және полимерлік химия, биологиялық белсенді қосылыстар;
- Мухаммад Ашраф Фаузи – PhD докторы, Әл-Сұлтан Абдулла Паханг университетінің профессоры (Малайзия). Зерттеу саласы – білім берудегі жасанды интеллект және оқу үдерісін геймификациялау.

Аталған шетелдік әріптестермен бірлескен жұмыс нәтижесінде келесі жұмыстар атқарылды:

- Scopus және Web of Science дерекқорларында индекстелетін ғылыми журналдарда 7 мақала жарияланды;
- өнертабысқа 3 патент алынды;
- 2026–2028 жылдарға арналған гранттық қаржыландыру конкурсына 2 өтінім ұсынылды;
- Ұлыбританияның Ғылыми қорына 1 халықаралық жоба ұсынылды;
- Scopus дерекқорында индекстелетін журналдарда жариялау үшін 3 мақала дайындалды;
- ғылыми семинарлар, консультациялар және қонақ дәрістер өткізілді.

Ғалымдардың халықаралық рейтингтік ғылыми журналдардағы жарияланымдық белсенділігі мен ғылыми-зерттеу қызметіндегі басқа да жетістіктері.

Университет ғалымдарының тиімділігін бағалаудың ең маңызды критерийі олардың жариялау белсенділігі болып табылады. Осыған байланысты университет ғалымдардың жариялау белсенділігін және халықаралық ынтымақтастықты арттыру бойынша жұмыс жүргізуде, бұл университеттің QS World University Rankings және THE (Times Higher Education) университеттерінің әлемдік рейтингтеріне кіруінің маңызды көрсеткіштерінің бірі болып табылады.

Соңғы үш жылда ғалымдардың мақалаларды жариялаудағы Scopus және Web of Science дерекқорларындағы жариялау белсенділігі 2022 жылмен салыстырғанда 3,8 есеге өсті (Scopus деректер базасындағы мақалалар саны: 2022 – 55 мақала, 2023 – 93 мақала, 2024 – 137 мақала, 2025 – 151 мақала; Web of Science деректер базасындағы мақалалар саны: 2022 ж. - 19 мақала; 2023 ж. – 48 мақала, 2024 ж. – 73 мақала, 2025 – 91 мақала). Отандық және шетелдік ғалымдардың ынтымақтастығы мақалалардың дәйексөз деңгейін және жарияланым белсенділігін арттырудың маңызды шарттарының бірі болып табылады.

2022-2025 жылдарға арналған жаһандық деректер қорларында университет ғалымдарының жариялау белсенділігі 2 есеге артты. В 2025 году из 151 публикаций в базе Scopus наибольшее количество статей опубликованы в соавторстве с учеными из России (37 статей), Турции (5 статей), США (5 статей), Азербайджана (4 статьи), Индии (4 статьи), Италии (3 статьи). Саудовской Аравии (3 статьи), Украины (2 статьи), Алжира (2 статьи) и т.д.

Сонымен қатар, Ғылым комитеті қаржыландыратын гранттық жобаларды жүзеге асыруға шетелдік ғалымдар қатысады. 23 гранттық жобаның онында Ресей (23 адам), Жапония (1 адам), Португалия (1 адам), Әзірбайжан (1 адам), Түркия (2 адам) ғалымдары зерттеу жүргізуде.

Университет ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін тануға, соның ішінде ғылыми жобаларды уәкілетті органдарда тіркеуге, патенттер мен авторлық куәліктерді тіркеуге ықпал етеді. Өткен жылы ПОҚ 8 патент пен 14 авторлық куәлік алды.

На сегодняшний день 33 патента ученых университета входят в Derwent Innovations Index базы Web of Science (Авторы и количество патентов: Бисенов К.А. – 7, Аппазов Н.О. – 7, Удербасев С.С. – 6, Акылбеков Н.И. – 2, Нарманова Р.А. – 2, Абжалелов Б.Б.– 1, Кужамбердиева С.Ж. – 1, Косанов С.У. – 1, Абызбекова Г.М. – 3, Тапалова А.С. – 1, Балыкбаева Г.Т. – 1, Еспенбетова Ш.О. – 1, Арынова К.Ш. – 1).

2025 жылдың қорытындысы бойынша қауымдастырылған профессор, философия докторы (PhD) Қонырбаев Нұрбек Беркінбайұлы «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы – 2025» конкурсының жеңімпазы атанды. Сонымен қатар, техника ғылымдарының кандидаты, доцент Нарманова Роза Әбдібекқызы Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы тағайындаған әйел ғалымдарға арналған Найля Базанова атындағы сыйлықтың лауреаты болды.

Ұлттық ғылыми кеңестің (ҰҒК) құрамына 3 ғалым – а.ш.ғ.д., проф. Л.А. Тохетова, х.ғ.к., проф. Н.О. Аппазов, химия ғылымдарының кандидаты, қауым.проф. Н.И. Ақылбеков кіреді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы №126 «Қазақстан Республикасының диссертациялық кеңестері туралы ережені бекіту туралы» бұйрығының, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 14 маусымдағы №294 «Бұйрыққа өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» бұйрығының, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2025 жылғы 3 қазандағы №1763 бұйрығы мен хатының негізінде Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің екі диссертациялық кеңесінің құрамы бекітілді.

1. 8D041 – «Бизнес және менеджмент» (8D04139 – «Мемлекеттік және жергілікті басқару»; 8D04140 – «Экономика»)

2. 8D073 – «Сәулет және құрылыс» (8D07365 – «Құрылыс»; 8D07366 – «Құрылыс материалдарын, бұйымдары мен конструкцияларын өндіру»).

2025 жылы аталған диссертациялық кеңестерде докторлық диссертацияларды қорғау өткізілген жоқ.

Университеттің ғылым саласындағы саясаты аймақ экономикасының дамуында көрініс тапқаны сөзсіз. Университеттің ғылыми-зерттеу және академиялық саясатының әсерін әлемдік рейтингтік агенттіктер бағалайды, бұл бізге университеттің даму бағдарламасының көрсеткіштерін жақсартуға ынталандырады.

Редакциялық-баспа қызметі

Редакциялық-баспа бөлімінің жұмысы университет бойынша – ректорат, басқарма, барлық құрылымдық бөлімшелердің баспа жұмысына қажеттілігін толық қамтамасыз етеді.

Бөлім Vega i5-9400 компьютер жинағымен, көпфункционалды принтерлермен, монохромды лазерлік принтермен, жүйелі блокпен, кітап парақтарын жапсыратын арнайы машинамен, гильотон-станогымен, арнайы сканерлермен, профессионал фольгиратор фотопринтерімен, билет басып шығаратын құрылғымен, жіп тігетін машинамен және т.б. құрал-жабдықтармен жабдықталған.

Университеттегі оқытушылар мен студенттердің ғылыми-зерттеу нәтижелерін жариялау үшін ғылыми журналдар шығарылады. 2023 жылға дейін ауыл шаруашылығы ғылымдары, жаратылыстану, техника-лық ғылымдар, білім беру, гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар сияқты түрлі салаларды қамтитын біріккен журнал жүйелі түрде жылына төрт рет шығарылады.

2022 жылдың 21 ақпанында «Ауыл шаруашылығы ғылымдары» журналы сериясы негізгі ғылыми нәтижелерді жариялауға арналған уәкілетті органның ұсынылған ғылыми басылымдар тізіміне енгізілді (№63 бұйрық, 21.02.2022). Осы уақыттан бастап журналда Қазақстан, ТМД елдері, Ресей және басқа шетел ғалымдары мен зерттеушілерінің ғылыми мақалалары, сондай-ақ мақсатты және гранттық бағдарламалар бойынша қаржыландырылған жобалардың нәтижелері жариялануда. Атап көрсететін болсақ, 2025 жылы Қазақстан, ТМД Елдері ғалымдарының мақалаларымен қатар, Қытай Халық Республикасы Ланьчжоу университетінің Жайылымдық ауыл шаруашылығы ғылымы және технологиясы колледжі ғалымдарының, Ресей Федерациясы Қазан ұлттық зерттеу технологиялық университеті ғалымдарының, Ресей ғылым академиясының Қиыр Шығыс филиалы Шығыс Азияның жер үсті биотасының биоәртүрлілігінің федералды ғылыми орталығы ғалымдарының, Исламабад ұлттық ауылшаруашылық зерттеулер орталығы (Пәкістан) ғалымдарының, Санкт-Петербург Бүкілресейлік өсімдік қорғау институты ғалымдарының, Ресей мемлекеттік аграрлық университеті –К.А. Тимирязев атындағы МАША ғалымдарының және т.б.

ауыл шаруашылығы саласы ғалымдарының ғылыми еңбектері жарияланды.

2023 жылы ғылыми журналдарды қайта брендтеу жүзеге асырылып, Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде 8 жаңа серия тіркелді:

- Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің хабаршысы. «Ауыл шаруашылығы ғылымдары»;

- Philological Sciences Journal;

- Математика, физика, информатика пәндерін оқытудың өзекті мәселелері;

- Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің хабаршысы. «Педагогикалық ғылымдар сериясы»;

- Техникалық ғылымдар және технологиялар;

- Biological Sciences Journal;

- Chemistry and Chemical Technology Journal;

- Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің хабаршысы. «Экономикалық ғылымдар сериясы».

Халықаралық ISSN PORTAL орталығымен келісім негізінде барлық ғылыми журналдарға баспа және электронды ISSN индекстері (Сериялы басылымдардың халықаралық стандартты нөмірі) берілді, сондай-ақ «ҚазПочта» АҚ филиалы «Почта сервисінен» әр журналға жазылым индекстері алынды. Әр ғылыми журнал жылына төрт рет тұрақты түрде шығарылады және DOI индексі беріледі.

Әр мақала лицензияланған «Антиплагиат StrikePlagiarism» бағдарламасымен тексеріліп, қабылданады. Ғылыми журналдардың редакциялық алқасына Қазақстан, Ресей, Түркия, Қырғызстан, Польша, Беларусь, Пәкістан, Жапония, Португалия, Әзірбайжан және басқа елдердің ғалымдары кіреді. Әлемнің әр түрлі елдерінен 87 ғалым қатысады.

Ғылыми сараптама жүргізу үшін бұл елдерден 217 рецензент тартылған. Ғылыми журналдар халықаралық CROSSREF дерекқорында және e.LIBRARY.RU ғылыми электронды кітапханасында индекстеледі.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің барлық журналдары баспа түрінде шығарылады және <https://vestnik.korkyt.kz/> сайтына жүктеледі.

2023–2026 жылдарға арналған Қазақстанның ғылыми-техникалық сараптама ұлттық орталығымен келісімге қол қойылды, журналдың әр номері Қазақстанның цитаталық дерекқорына енгізіліп отырады.

2025 жылы барлық 8 журнал бойынша – 21 номер (189 мақала) жарық көрді, мақала жариялаудан түскен жалпы қаражат көлемі – 5 902 500 тг, оның ішінде 20 мекемемен (ЖОО, ҒЗИ, ЖШС және т.б. мақсатты бағдарлама және гранттық қаржыландыру негізінде жасалған мақалалар үшін) жасалған келісім-шарт бойынша заңды тұлғадан 2 992 500 тг, жеке тұлға бойынша 2 910 000 тг қаражат түсті.

2025 жылы ғылыми журналдар бойынша түскен қаражат 5 902 500 тенге болды.

Ғылыми кітапхана

Университеттің ғылыми кітапханасы ғылымның барлық салаларын қамтитын оқу және ғылыми әдебиеттерден, сондай-ақ сирек кездесетін басылымдардан тұратын бай кітап қорымен ерекшеленеді.

Ғылыми кітапхананың жалпы ауданы – **3000 шаршы метр**, оның ішінде кітап сақтау қорының ауданы – **1600 шаршы метр**.

2025 жылға жоспарланған №1 оқу ғимаратының кітапханасын модернизациялау жұмыстары толық аяқталып, кітапхана 2025 жылдың желтоқсан айында заманауи талаптарға сай жаңартылған түрде қайта пайдалануға берілді.

Кітапханадағы оқу залдарындағы орын жалпы саны **320**. Оқырмандарға қызмет көрсету **9 қызмет көрсету пунктінде** жүзеге асырылады, оның ішінде **4 абонемент бөлімінде**, әртүрлі оқу корпустарында орналасқан **4 оқу залында** және жатақханадағы **1 кітап беру пунктінде** жүргізіледі.

01.06.2026 жылға кітапхананың жалпы қоры **1 900 764 дананы** құрайды, оның ішінде **кітап қоры – 758 022 дана**. Әдебиеттерді сатып алуға жұмсалған жалпы шығындар туралы мәліметтер күнтізбелік жылдар бөлінісінде төменде және 8-суретте көрсетілген:

2021 жыл – 7014 дана, жалпы сомасы – 32 315 335 тг.00 тн.


2022 жыл – 5556 дана, жалпы сомасы – 38 071 288 тг. 00 тн.

2023 жыл – 3993 дана, жалпы сомасы – 24 475 391 тг. 00 тн.

2024 жыл – 3848 дана, жалпы сомасы - 30 435 628 тг. 20 тн.

2025 жыл – 7101 дана, жалпы сомасы - 55 332 685 тг. 00 тн.

01.06.2026 жылға – 2489 дана, жалпы сомасы – 21 877 753 тг. 00 тн.



8-сурет. Оқу-әдістемелік әдебиеттер қорының жылдар бойынша толықтырылуы (теңге)

Әрбір білім алушы мемлекеттік білім беру стандартының талаптарына сәйкес негізгі оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттермен қамтамасыз етілген. Кітапхана қоры қанағаттанарлық

жағдайда сақталуда, ал әдебиет қорының жаңартылуы біліктілік талаптарымен белгіленген нормативтерге сәйкес жүзеге асырылуда.

Қордың қозғалысы мен жаңартылуын қамтамасыз ету мақсатында 2021–2025 жылдар аралығында жалпы кітапхана қорынан өзектілігін жоғалтқан, тозығы жеткен және артық даналы әдебиеттердің 72027 данасы есептен шығарылды

29-кесте. Қордың қозғалысы (басылымдардың жылдар бойынша түсуі және шығарылуы)

Жылы	Кітап қоры (дана)	Есепке алынғаны (дана)	Есептен шығарылғаны (дана)	Жаңартылымы, %
2021	812 195	7014	225	0,8
2022	811 021	5556	6730	0,6
2023	796 482	3393	17932	0,4
2024	765 356	3848	34974	0,5
2025	760 291	7101	12166	0,9
01.06.2026	758 022	2489	4758	

Кітапхананың 9 қызмет көрсету пункті өз жұмысын электронды оқытуды, жеке бағыттылықты, дараландыруды, студенттердің өзіндік жұмыстарының үлесін арттыруды және үздіксіз оқу циклі тұжырымдамасын қолдауды ескере отырып ұйымдастырады.

30-кесте. Ресурстарды пайдалану тиімділігінің динамикасы

	2021	2022	2023	2024	2025
Оқырман саны	5212	7102	10525	11472	12865
Келуші саны (офлайн/ онлайн)	21205 (9870/ 11335)	14656 (11274/ 3382)	22386 (18693/ 3693)	28025 (25437/ 2588)	57104 (29991 / 27113)
Кітап беру	27360	29640	33276	34109	89973

Ресурстарға тәулік бойы қолжетімділік қамтамасыз етіліп, олардың насихатталуы жүзеге асырылады, кәсіби консультациялар беріледі, кафедраларға электрондық контенттегі өзгерістер, кітапхана акциялары мен жаппай іс-шаралар туралы уақтылы ақпарат жеткізіледі, қолжетімді мессенджерлер мен әлеуметтік желілер қолданылады.

Электрондық басылымдарға қолжетімділік Университет пен кітапхана сайттарында, сондай-ақ Университеттің білім беру порталында қамтамасыз етіледі.

Кітапхана құжаттарын өңдеу және іздеу процесі толықтай автоматтандырылған және «МагаПРО» автоматтандырылған кітапхана-ақпараттық жүйесінің көмегімен жүзеге асырылады. Электрондық каталог көлемі 189434 библиографиялық жазбадан тұрады және 11223 цифрланған басылымдарды қамтиды.

Электрондық каталог университеттің корпоративтік желісінде және интернет желісінде, кітапхана сайтында <http://library.korkyt.kz> қолжетімді.

Кітапхана сайты кітапхана-ақпараттық қызметтердің барлық спектрімен өзара әрекеттестікті қамтамасыз етеді. Кітапхана сайтында қажетті ақпаратты іздеу алгоритмдерін құруға мүмкіндік беретін барлық ресурстық мүмкіндіктер ұсынылған.

Кітапхана сайтында интернет арқылы қолжетімді халықаралық және республикалық ресурстарға тікелей сілтемелері бар бөлім бар: Республика аралық университеттік электрондық кітапхана www.rmebrk.kz (РМЭБ); Қазақстан ұлттық электрондық кітапханасы (КазНЭБ); «Эпиграф» электрондық кітапханалары <https://elib.kz/ru>, IPR SMART www.iprbookshop.ru, Параграф ақпараттық жүйесі <https://auth.zakon.kz/> және басқалар.

2024 жылы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды техникалық университеті, ҚБТУ, К.И. Сәтпаев атындағы ҚазҰТУ сияқты жетекші университеттермен электрондық кітапханалардың әлеуетін және ақпараттық ресурстарын бірлесіп пайдалану туралы ынтымақтастық келісімдер жасалды (үш жылға).

Ғылыми-зерттеу жұмыстарын басқаруды ақпараттық қамтамасыз ету және ғылымды дамыту басым бағыттарын жүзеге асыру мақсатында кітапхана Ұлттық жазылым аясында Web of Science және Scopus сияқты екі беделді әлемдік дерекқорларға қолжетімділікті қамтамасыз етеді, сондай-ақ SciVal аналитикалық дерекқорлар базасына жазылым жүргізілді, келісім-шарт жасалған.

Жыл сайын отандық және шетелдік мерзімді басылымдарға жазылым рәсімделеді. Қорда 9704 мерзімді басылымның даналары сақталады. Университеттің білім беру бағдарламаларының профильдері бойынша отандық және шетелдік жеткілікті жазылым басылымдары қамтамасыз етіледі.

31-кесте. 2021-2025 жж. мерзімді басылымдарға жазылу туралы ақпарат

№ п/п	Жылы	Аталым саны		Дана саны
		Журнал	Газет	
1	2021	22	13	1595
2	2022	26	10	1394
3	2023	35	13	1714
4	2024	23	14	1698
5	2025	22	16	1896

Толық мәтінді түрлі дерекқорларға, соның ішінде Web of Science, Scopus-қа қолжетімділіктің болуы және шетелдік дерекқорларға тестілік қолжетімділік мүмкіндіктерін пайдалану кейбір шетелдік журналдарға жазылудың жоқтығын өтейді.

3.5 ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ЖАҢҒЫРТУ ЖӘНЕ ЦИФРЛАНДЫРУ

Университеттің материалдық-техникалық базасы 10 оқу ғимаратынан, 5 жатақханадан (№1 жатақхана жөндеуден өтуде), Студенттер сарайынан, 5 студенттік асханадан, 4 буфеттен, «Сейхун» дене шынықтыру-сауықтыру кешенінен, әскери кафедраның оқу-тактикалық полигонынан, кітапхана мен 8 оқу залынан, коворкинг орталығынан тұрады.

Университетте жалпы ауданы 21 993,4 м² болатын 5 жатақхана (№1 жатақхана жөндеуден өтіп жатыр), 722 төсектік 3 студенттік жатақхана және 59 пәтерлі 1 оқытушыларға арналған жатақхана бар.

№6 оқу ғимараты апатты жағдайда (ғимарат 1941 жылы салынған). №4 оқу ғимараты (ғимарат 1967 жылы салынған), №7 күрделі жөндеуді қажет етеді (ғимарат 1966 жылы салынған). Жаңа ғимарат салу және ғимараттарды күрделі жөндеу республикалық бюджеттен қолдауды қажет етеді.

Техникалық тексеру және №1 жатақхананың техникалық жағдайын бағалау ғимараттың 70% тозғанын және ҚР СП 404-106-2013 Электр монтаждау кодексiнiң талаптарына сәйкес келмейтiнiн көрсеттi. №1 жатақхананы күрделі жөндеуге 986 270,4 мың теңгеге жобалық-сметалық құжаттама әзірленді.

Университеттің жабық спорт нысандарының ауданы 6 486,71 м² құрайды, оның ішінде жаттығу және дене шынықтыру залы, 25x11 метрлік бассейн және футбол залы бар Сейхун спорт-сауықтыру кешені. Университетте жалпы ауданы 3540 м² болатын жазғы ашық спорттық нысандар бар.

Студенттер мен университет қызметкерлерін тамақтандыру үшін 5 асхана, 700 орындық 4 буфет және жалпы ауданы 3296,4 м², оның ішінде 7 асхана мен буфет аутсорсингпен қамтамасыз етілген. Жалға алушылар университет асханаларын жөндеуге және жабдықтауға 28 615,1 мың теңге инвестициялады.

Университетте жалпы ауданы 109 м² медициналық пункт бар, ол қажетті медициналық құрал-жабдықтармен және дәрі-дәрмекпен жабдықталған.

Мәдени шараларды өткізу үшін 456 орындық акт залы бар, жалпы ауданы 1900,31 м² Студенттер сарайы бар.

Ботаникалық бақ аумағында 4,38 га аумақта топырақсыз негізде экологиялық таза өнім өсіретін жылыжай шаруашылығы бар, оның негізінде «Агрономия», «Биология» және «Химия» білім беру бағдарламаларының студенттері білім алады.

Әскери кафедраның оқу-тактикалық полигонының ауданы 75 гектарды құрайды. Мұнда 7 гектар жерде: әскери штаб, санитарлық

тораптар, 300 орындық асхана орналасқан. Бұл аумақ инженерлік желілермен жабдықталған: су құбыры желілері - тереңдігі 400 м жерасты ұңғысынан су беру, кәріз: сыйымдылығы 25 м3 темірбетонды септикке ағызатын кәріз желілері.

Есепті жылы университет қызметін цифрландыру бағытында келесі жұмыстар жүргізілді:

- есептеу ресурстарын тиімді пайдалану және шығындарды азайту мақсатында бұлттық инфрақұрылымға көшу жүзеге асырылды;

- №5 оқу ғимаратының жанынан деректерді өңдеу орталығының (ЦОД) құрылысы толық аяқталды, қазіргі уақытта нысанды қабылдау және пайдалануға беру жұмыстары жүргізілуде;

- Microsoft 365 платформасы енгізіліп, бапталды: басқару үдерістері электрондық форматқа көшірілді;

- мемлекеттік сатып алу арқылы жоғары сапалы 415 моноблок сатып алынып, олардың барлығы оқу үдерісіне пайдалануға енгізілді;

- ақпараттық қауіпсіздік саласында Fortinet кластері құрылып, мамандандырылған шешімдер сатып алынды (FortiSIEM – қауіпсіздік оқиғаларын мониторингтеу, FortiPAM – артықшылықты қолжетімділікті басқару, FortiDLP – деректердің сыртқа шығуының алдын алу);

- 2025-2029 жылдарға арналған «20 қадам» цифрлық трансформация және киберқауіпсіздік жөніндегі Жол картасы бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Аталған іс-шараларды іске асыру университеттің берік технологиялық негізін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Университеттің цифрлық инфрақұрылымы деректердің сенімді қорғалуын, білім беру ресурстарының жоғары қолжетімділігін және басқару үдерістерінің тиімділігін қамтамасыз етеді.

Алдағы уақытта бұл шаралар толыққанды «ақылды кампус» құруға, университеттің операциялық шығындарын қысқартуға және оның тұрақты әрі орнықты дамуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаевтың бастамасымен 2024 жылғы 11 желтоқсанда ресми түрде іске қосылған және ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің үйлестіруімен 2025 жылдан бастап жүзеге асырылып келе жатқан AI-SANA бағдарламасы бойынша университетте тиісті жұмыстар жүргізілуде.

AI-SANA – Қазақстандағы жасанды интеллект саласында мамандар даярлауға және технологиялық стартаптарды дамытуға бағытталған акселерациялық бағдарлама. Республика бойынша бағдарлама жалпы 4-кезеңге жоспарланған. Бағдарламаның 2025 жылы жүзеге асырылған 1-ші кезеңінде университет бойынша 11516 білім алушы ЖИ негіздері курсынан өтті. Сонымен қатар, бағдарлама шеңберінде университеттің құрылымдық бөлімі болып табылатын «Бизнес-инкубациялау орталығы» арқылы келесі жұмыстар жүзеге асырылды:

- Generative Nation байқауына 12 студенттік ИИ жоба қатысты;

- Startup Orda бағдарламасына 67 жоба тіркеліп, 15 стартап жоба сәтті аяқтады;

- 5 ЖИ агентті даярланып, құжаттары бекітілді.

Бағдарламаның 2026 жылдан басталған 2-ші кезеңінде жалпы саны 720 білім алушы іріктеуден өтіп, курстарын жалғастыруда.

ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің қолдауымен Open AI компаниясынан университеттің профессор-оқытушыларына тегін берілген 573 лицензия бойынша оқытушылар мен ғалымдар ChatGPT EDU порталында тіркеліп өз кәсіби қызметтерінде жасанды интеллект мүмкіндіктерін пайдалануда.

Министрлік тарапынан 2025 жылы университет білім алушыларына халықаралық деңгейдегі Coursera платформасынан жаппай ашық онлайн курстарды игеру үшін 500 лицензия берілген болатын. Платформаға 1045 білім алушы тіркеліп, оның 1003-і ең аз дегенде бір курсты игерді. Барлық игерілген курстардың саны 2398-ді құрады. Осылайша, 2025 жылы 500 лицензия артығымен (200,6%) пайдаланылды.

Сонымен қатар, университеттің профессор-оқытушылар құрамы үшін берілген 50 тегін лицензия аясында 2025 жылғы 28 мамыр мен 31 желтоқсан аралығында кезең-кезеңмен университеттің 156 профессор-оқытушысы Coursera халықаралық білім беру платформасында біліктілік арттыру курстарынан өтті. Жалпы игерілген курстардың саны 1261 курсты құрайды.

Курстар педагогика және оқыту әдістемесі, жасанды интеллект, инновациялар мен кәсіпкерлік, стратегиялық көшбасшылық және менеджмент, мансаптық даму, маркетингтік стратегия, Python бағдарламалау, инженерлік математика, киберқауіпсіздік, Agile-әзірлеу, деректерді талдау, сыни ойлау және инженерлік ғылымдар бағыттарын қамтыды.

Бағдарламалар Stanford University, University of Illinois Urbana-Champaign, University of California Irvine, Duke University, Rice University, Macquarie University, IE Business School, DeepLearning.AI және басқа да әлемдік деңгейдегі жоғары оқу орындарының қатысуымен жүзеге асырылды.

Оқыту нәтижелері университеттің білім беру сапасын арттыруға, цифрлық трансформацияны жүзеге асыруға және халықаралық білім беру кеңістігіне интеграциялануына оң ықпал етеді.

Есепті жылы инфрақұрылымды дамытуға жұмсалған жалпы шығын 864 352,3 мың теңгені құрады (32- кесте).

Кесте 32– Негізгі құралдарды сатып алу шығындары, мың теңге

№	Атауы	Жылы					Жоспар
		2021	2022	2023	2024	2025	2026
1	Зертханалық жабдықтар	47 854,4	136527,2	241 225,8	260 981,8	625 281,6	704 851
2	Кітап және оқу әдебиеттері	42 982,2	34 964,1	24 702,7	25 043	30 170,2	32 420
3	ІТ инфрақұрылымды	50 845	206389,5	185 045	195 684	338 181	17 299

	дамыту						
4	Оқу жиһазы	13 035,3	80 947	54 536,9	49 793,6	68 047,6	3 561
5	Өзге басты жабдық	30 456,5	30067,2	57 512,6	69 674,6	46 029, 2	18 804
	Жалпы	185 173,4	488 895	563 023	601 177	1 107 709,6	776 935

2025 жылы зертханалық жабдықтар 442 365,2 мың теңге сомасына сатып алынды, оның ішінде ПЦФ жобасы, ғылыми жобаларды гранттық қаржыландыру есебінен алынған және республикалық бюджет қаражаты (ҚР ҒЖБМ) есебінен өтеусіз алынған жабдықтардың сомасы – 60 733,6 мың теңгені құрайды.

Кітапхана қорын жаңартуға 41 240,7 мың теңге сомасына кітаптар мен оқу әдебиеттері сатып алынды.

2025 жылы IT-инфрақұрылымды дамытуға жалпы 224 667,1 мың теңге жұмсалды.

Оқу жиһаздарын сатып алуға – 93 301,2 мың теңге.

Өзге негізгі құралдар – 62 778,1 мың теңге сомасында.

Nalyk Bank-тің қаржылық қолдауы есебінен бас корпус фойесіндегі коворкинг аймағында жиһаздар 3 000,0 мың теңге сомасына жаңартылды.

SeoulTech университетімен қос дипломды білім беру бағдарламасы аясында өтеусіз негізде жалпы сомасы 45 144,8 мың теңгені құрайтын кеңсе техникасы алынды:

- сервер – 3 дана, 17 838,1 мың теңге
- толық жинақтағы компьютер – 53 дана, 18 103,9 мың теңге
- монитор – 53 дана, 4 867,6 мың теңге
- ноутбук – 2 дана, 2 724,1 мың теңге
- Samsung телефоны – 2 дана, 1 611,2 мың теңге

Кітапхана қоры да толықтырылды. Сыйға 1 449 дана кітап 4 273,8 мың теңге сомасында қабылданды.

2025 жылы оқу ғимараттарының аудиторияларында жөндеу жұмыстары 33-кестеде ұсынылған.

33-кесте. 2021–2026 жж. жөндеуден өткен оқу кабинеттері, мың теңге

№	Атауы	Жылдар					Жоспар
		2021	2022	2023	2024	2025	2026
1	Жөнделген оқу кабинеттерінің, кабинеттердің және басқа да объектілердің, бірліктердің саны.	31	42	43	46	48	46
2	Орындалған жұмыстар сомасы, мың. теңге	37 896	65 143,9	95 596	108 825	94 633	94 078,3

Оқу процесін ұйымдастыру мақсатында оқу корпустарын жұмыс жағдайында ұстау үшін 2025 жылы университеттің өз күштері есебінен 48 кабинет пен аудиторияда жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Негізгі оқу ғимаратында университеттің өз күшімен № 201, 209, 214, 416, 501, 502, 503а, 503б кабинеттері мен лекциялық аудиторияларында ламинат төселіп, қабырғалар әктелді. Аталған жұмыстарға жұмсалған қаражаттың жалпы көлемі 1 670,5 мың теңгені құрады.

Сонымен қатар, 3-қабаттағы ерлер әжетханасы толықтай жөндеуден өткізілді. Аталған жұмыстарға университет қаражаты есебінен 4 774,2 мың теңге жұмсалды.

- № 1 оқу ғимаратында кіреберіс есік толықтай ауыстырылды, бұл жұмыстарға университет қаражаты есебінен 2 687,9 мың теңге бағытталды.

- № 111, 123, 126, 129, 301, 302, 307, 308 лекциялық аудиторияларында жалпы сомасы 2 909,3 мың теңгені құрайтын күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді.

- № 1 оқу ғимаратының кітапханасын қайта жаңғырту жұмыстары жүзеге асырылды. Университет қаражаты есебінен жұмсалған жалпы қаржы көлемі 138 018,5 мың теңгені құрады.

№ 4 оқу ғимаратында санитарлық торапқа күрделі жөндеу жүргізіліп, қабырғалар сыланып, эмульсиялық бояумен сырланды, едендер кафель тақтайшаларымен қапталды. Аталған жұмыстарға университет қаражаты есебінен 2 907,8 мың теңге жұмсалды.

- № 200 кабинет жөндеуден өткізілді, жұмсалған қаржы көлемі 1 200 мың теңгені құрады.

- 1-қабат фойесінің екінші бөлігіне 941 918 теңге жұмсалды.

- 5-қабат фойесінің екінші бөлігіне 1 398,4 мың теңге бағытталды.

- № 106, 200, 205, 401а, 401б, 513, 516 кабинеттері мен лекциялық аудиторияларында жалпы сомасы 3 048,9 мың теңгені құрайтын күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді.

- № 405, 406 кабинеттерінде және тестілеу орталығында қабырғалар сыланып, эмульсиялық бояумен сырланды, едендерге ламинат төселді. Жөндеу жұмыстарына 1 609,4 мың теңге жұмсалды.

- № 119а, 119б, 120а, 120б, 408а, 408б зертханаларында күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, оған 2 104,3 мың теңге бөлінді.

- Аталған зертханаларда қосымша күрделі жөндеу жұмыстары 694,2 мың теңге сомасына орындалды.

- № 110, 111, 112, 309 лекциялық аудиторияларында жалпы сомасы 1 886,8 мың теңгені құрайтын күрделі жөндеу жүргізілді.

- № 115, 119, 120 аудиторияларында демеушілік қаражат есебінен 1 757,7 мың теңге жұмсалды.

- Студенттер сарайының фойесін жөндеуге 1 332,5 мың теңге бағытталды.

- № 200, 308, 309, 407 лекциялық аудиторияларында ламинат төселіп, университет қаражаты есебінен 3 999,6 мың теңге сомасына күрделі жөндеу жүргізілді.

• Гардеробта, фойеде, спорт залында, күрес залында, сондай-ақ 1, 2 және 4-қабаттардағы ерлер мен әйелдерге арналған қызметтік үй-жайларда университет қаражаты есебінен жалпы сомасы 31 566,4 мың теңгеге толық жөндеу жұмыстары орындалды.

• Жүгіру жолы мен плац аумағында жаңа асфальт төселді. Жалпы шығын көлемі 26 209,7 мың теңгені құрады.

№ 2 студенттер жатақханасының 1, 3 және 4-қабаттарында толық жөндеу жүргізіліп, оған 16 393 мың теңге жұмсалды.

№ 5 студенттер жатақханасында санитарлық тораптағы су құбырларына жөндеу жұмыстары жүргізіліп, университет қаражаты есебінен 276,9 мың теңге жұмсалды.

34-кесте. Демеушілердің қатысуымен жөндеуден өткен оқу кабинеттері мен кабинеттер саны, 2021-2025 ж.ж.

№	Атауы	Жылы				
		2021	2022	2023	2024	2025
1	Жөндеуден өткен дәрісханалар мен бөлме саны	2	8	4	6	1
2	Орындалған жұмыстар сомасы, мың теңге	22 000	144 000	14 373,7	19 500	3 000

2021-2023 жылдары демеушілік қаражат есебінен 14 оқу кабинеті мен 1 футбол алаңы күрделі жөндеуден өтті:

1. Е.Н. Нұрахметов атындағы дәрісхана. – 12 000 мың теңге.
2. АСesYRI жобалық орталығы ЕО Эразмус+ бағдарламасы аясында – 10 000 мың теңге.
3. А.Е.Ерназаров атындағы дәрісхана – 2500 мың теңге.
4. Ә.Ерғалауов атындағы дәрісхана – 14 000 мың теңге.
5. Су шаруашылығы мұражайы – 57 000 мың теңге.
6. Ж. И.Асанов атындағы кабинет – 3 000 мың теңге.
7. Х.Е. Нұғманова атындағы этнопедагогика дәрісханасы – 1200 мың теңге
8. Химия пәнінен электронды оқу кабинеті/ Қ.С.Сәдуаққызы атындағы Химия дидактика кабинеті (2 дана) – 36 000 мың теңге
9. А.С. Тапалова атындағы Жалпы және биоорганикалық химия зертханасы – 17 100 мың теңге.
10. А.Қ. Саданов атындағы микробиология және вирусология кафедрасы – 8 000 мың теңге
11. «Ө.А.Көзбеков атындағы әдебиет теориясы» дәрісханасы - 2908,7 мың теңге.
12. «Ұ.Н.Жанбершиева атындағы қазақ әдебиетінің тарихы» дәрісханасы – 3500 мың теңге.

13. Профессор Д.Е.Нұрымов атындағы дәрісхана – 6 465,0 мың теңге.
 14. Профессор Ж. Егізбаев атындағы дәрісхана – 1500,0 мың теңге.
 15. 5-оқу корпусындағы Б.К. Кұлтанов атындағы лекциялық аудитория – 4 500 мың теңге.
 16. 4-оқу ғимаратындағы Қ. Жайлыбаев атындағы лекциялық аудитория – 4 500 мың теңге.
 17. Негізгі оқу ғимаратындағы О. Бермаханов атындағы лекциялық аудитория – 4 000 мың теңге.
 18. Сот отырыстары залы – 2 000 мың теңге.
 19. Азаматтық құқық кабинеті – 1 500 мың теңге.
 20. Негізгі оқу ғимаратындағы Б. Қожамберлиев атындағы лекциялық аудитория – 3 000 мың теңге.
- 2025 жылы демеушілердің қаржылық қаражаты есебінен жұмсалған жалпы сома 3 000 мың теңгені құрады. Атап айтқанда, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ қаржылық қолдауы есебінен білім алушылар үшін коворкинг кеңістік құрылып, 6 диван, 6 модульді диван, 3 дөңгелек модульді диван және 7 журнал үстелі сатып алынды.

Қосымша шығындар:

Университеттің материалдық-техникалық базасын дамыту және білім алушылар мен қызметкерлердің барлық санаттары үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету мақсатында 2025 жылы негізгі құралдарды сатып алуға жұмсалған шығыстардың жалпы көлемі 864 352,3 мың теңгені құрады.

Зертханалық жабдықтар 442 365,2 мың теңге сомасына сатып алынды, оның ішінде ПЦФ жобасы, ғылыми жобаларды гранттық қаржыландыру, сондай-ақ республикалық бюджет қаражаты (ҚР ҒЖБМ) есебінен өтеусіз алынған жабдықтар бар. Нысаналы қаржыландыру бағдарламасы (ПЦФ) аясында 28 730 мың теңгеге жабдықтар сатып алынды.

Білім беру процесін жетілдіру мақсатында университетте жаңа кабинеттер ашылып, қолданыстағы кабинеттер жаңғыртылып отыр. Осы орайда, 2025 жылы төмендегі кабинеттер жабдықталып, жаңартылды:

- негізгі оқу ғимаратында «Әлеуметтік жұмыс кабинеті» – 3 330 мың теңге;
- 6-оқу ғимаратында «Математика кабинеті» – 11 760 мың теңге;
- 1-оқу ғимаратында «Қазақ тілі, әдебиеті және журналистика» кабинеті – 4 782,5 мың теңге;
- 4-оқу ғимаратында «Автомастер» кабинеті – 40 071,1 мың теңге;
- «Биология» оқу кабинеті – 15 087,5 мың теңге;
- 9-оқу ғимаратында екі «Химия» кабинеті – 99 716 мың теңге;
- 5-оқу ғимаратында үш «Химия» кабинеті – 20 700 мың теңге;

– 5-оқу ғимаратында «Материалдық-техникалық жабдықтары бар экологиялық мониторинг зертханасы» – 9 650 мың теңге.

Сондай-ақ негізгі және 5-оқу ғимараттарында кәсіби жабдықтармен онлайн-курстар жазуға арналған «роботтандырылған» кабинеттер жасақталып, оған 59 398 мың теңге жұмсалды.

Бұдан бөлек, «Дизайн және технология» білім беру бағдарламасы үшін 21 750,3 мың теңгеге бағдарламалық-аппараттық кешен, әскери кафедра үшін 2 800 мың теңгеге страйкбол жабдықтарының жиынтығы, «Сейхун» спорттық-сауықтыру кешені үшін 5 662,5 мың теңгеге спорттық мүлік, «Дене тәрбиесі және НВП» білім беру бағдарламасына 2 409,2 мың теңгеге спорттық құрал-жабдықтар сатып алынды.

5-оқу ғимараты үшін 1 710 мың теңгеге 15 нивелир алынды. Жасанды интеллект институты үшін бір жинақ робот-ит 10 528 мың теңгеге, сондай-ақ гуманоид робот-конструктор 55 000 мың теңгеге сатып алынды. №1 оқу корпусындағы кітапхана үшін 40 319,2 мың теңгеге жабдықтар алынды.

Кітапхана қорын жаңартуға 41 240,7 мың теңге сомасына кітаптар мен оқу әдебиеттері сатып алынды.

2025 жылы IT-инфрақұрылымды дамытуға 224 667,1 мың теңге жұмсалды.

Оқу жиһаздарын сатып алуға 93 301,2 мың теңге бағытталды.

Өзге негізгі құралдарды сатып алуға жұмсалған шығын көлемі 62 778,1 мың теңгені құрады.

IV. ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде Тұрақты даму мақсаттарын іске асыру бойынша жұмыстар университеттің тұрақты даму саласындағы саясаты, іс-шаралар жоспарына және ТМД саясатын іске асыру тетігіне сәйкес жүргізілді. Негізгі мақсаты – БҰҰ-ның 2030 жылға дейінгі Тұрақты даму мақсаттарын университеттің білім беру, ғылыми-зерттеу, әлеуметтік және басқару қызметіне интеграциялау болып табылады.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің КеАҚ Тұрақты даму саясатын іске асыру үшін 2024-2025 оқу жылына арналған іс-шаралар жоспары әзірленіп (Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті КеАҚ Директорлар кеңесінің 18.12.2024 жылғы № 9 шешімімен бекітілген, <https://korkyt.edu.kz/page/209>

Жоспар негізінде келесі іс-шаралар жүзеге асырылды.

1. Ұйымдастырушылық-әдістемелік қамтамасыз ету

2025 жылы тұрақты даму саласындағы қызметті үйлестіру мақсатында университеттің тұрақты даму бойынша жұмыс тобының

қызметі ұйымдастырылды. Құрылымдық бөлімшелердің қатысуымен тұрақты даму көрсеткіштері бойынша мониторинг жүргізіліп, университет қызметінің ағымдағы жағдайына талдау жасалды.

Сонымен қатар тұрақты даму жөніндегі уәкілеттілер мен жауапты тұлғалардың қызметі жүйелендіріліп, құрылымдық бөлімшелер арасында өзара іс-қимыл механизмі жетілдірілді.

2. Білім беру саласындағы іс-шаралардың орындалуы

Тұрақты даму қағидаттары білім беру бағдарламаларының мазмұнына енгізілді. Университеттің профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлеріне арналған арнайы семинар ұйымдастырылып, тұрақты даму мақсаттарын білім беру процесіне енгізудің заманауи тәсілдері қарастырылды.

«Білім беру және зерттеу арқылы Тұрақты даму мақсаттарын ілгерілету» тақырыбында дөңгелек үстел өткізіліп, білім беру сапасын арттыру және ТДМ құзыреттерін қалыптастыру мәселелері талқыланды.

3. Ғылыми-зерттеу қызметі

Университетте тұрақты даму мәселелеріне бағытталған ғылыми жобалар мен зерттеулерге талдау жүргізілді. Ғылыми қызмет аясында өңірлік экологиялық проблемаларды, Арал өңірінің экожүйелерін зерттеуге бағытталған жобалар жүзеге асырылды.

Арал өңірі экожүйелерін зерттеу халықаралық орталығының қызметі жалғасып, тұрақты даму бағытындағы ғылыми әлеуетті нығайтуға мүмкіндік берді. Ғылыми зерттеулердің нәтижелері білім беру процесіне енгізіліп отырды.

4. Экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету

Экологиялық мәдениетті қалыптастыру және қоршаған ортаға жауапкершілікті арттыру мақсатында бірқатар іс-шаралар өткізілді.

Атап айтқанда:

- университетте экоклуб құрылды;
- жасыл экономика мен құрылыс саласын дамыту мәселелеріне арналған дөңгелек үстел өткізілді;
- энергия тиімділігі және жаңартылатын энергия көздерін пайдалану бағытындағы жұмыстар жалғастырылды;
- күн электр станциясының қызметі тұрақты түрде жүзеге асырылды.
- Аталған жұмыстар университеттің «жасыл кампус» қағидаттарын дамытуға бағытталды.

5. Әлеуметтік жауапкершілік және инклюзивтілік

Университетте әлеуметтік теңдік пен инклюзивті білім беру қағидаттарын іске асыруға ерекше назар аударылды.

Инклюзивті білім беру орталығының қызметі жалғасып, ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларға қолайлы жағдай жасалды.

Университет инфрақұрылымының қолжетімділігін арттыру бағытындағы жұмыстар жүзеге асырылды.

Тұрақты даму құндылықтарын насихаттау мақсатында студенттер мен қызметкерлердің қоғамдық және еріктілік қызметтерге қатысуы қолдау тапты.

6. Серіктестік және мүдделі тараптармен жұмыс

2025 жылғы Ерікті ұлттық шолуды талқылауға арналған семинар ұйымдастырылып, оған университеттің құрылымдық бөлімшелері, білім алушылар және басқа да мүдделі тараптар қатысты.

Іс-шара барысында тұрақты даму мақсаттарын іске асыру бойынша ұлттық және өңірлік тәжірибелер талқыланып, университеттің осы бағыттағы үлесін арттыру жөніндегі ұсыныстар қарастырылды.

Есепті кезеңде Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті Тұрақты даму мақсаттары саласындағы саясатты іске асыру бойынша жоспарланған іс-шаралардың негізгі бөлігін орындады.

Нәтижесінде:

- тұрақты даму бойынша басқару жүйесі жетілдірілді;
- ТДМ қағидаттары білім беру бағдарламаларына енгізілді;
- ғылыми зерттеулердің тұрақты даму бағытындағы үлесі артты;
- экологиялық және әлеуметтік бастамалар кеңейтілді;
- мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл нығайтылды.

Жүргізілген жұмыстар университеттің халықаралық тұрақты даму талаптарына сәйкестігін арттыруға және Тұрақты даму мақсаттарын жүзеге асыруға қосқан үлесін күшейтуге мүмкіндік берді.

V. БЮДЖЕТТІК ЖОСПАРЛАУ (ҚАРЖЫЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ)

Қоғамның қаржылық қызметі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне, университет Жарғысына негізделі отырып жүзеге асырылады және ішкі құжаттармен, есеп саясатына, сондай-ақ университеттің 2025–2029 жылдарға арналған Даму жоспарымен реттеледі.

2022–2025 жылдардағы университеттің қаржылық-шаруашылық қызметінің нәтижелері 1-қосымшада көрсетілген.

Университеттің кірістері мемлекеттік білім беру гранты, білім беру қызметтерін көрсету жөніндегі шарттар бойынша түсетін қаражаттар, ғылыми-зерттеу жұмыстары, сондай-ақ негізгі емес қызметтен түсетін өзге де түсімдер (жатақханада тұру ақысы, «Сейхун» спорттық-сауықтыру кешенінің қызметтері, курстар мен семинарлар өткізу, баспаханалық және басқа да қызметтер) есебінен қалыптастырылады.

Университетті қаржыландырудың негізгі көзі білім беру және ғылыми қызметтен түсетін кірістер (2-қосымша) болып табылады, олардың үлесі 94 пайыздан астамды құрайды.

Республикалық бюджеттен қаржыландыру екі бюджеттік бағдарлама аясында жүзеге асырылады.

2022 жылы қаржыландыру:

- 204 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрлармен қамтамасыз ету» бағдарламасы, 100 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлау және студенттерге әлеуметтік қолдау көрсету» кіші бағдарламасы бойынша 2 256 822 мың теңгені құрады (оның ішінде студенттерді оқытуға – 2 244 480 мың теңге, студенттердің академиялық ұтқырлығы, шетелдік мамандарды тарту – 07 мың теңге, оқытушылық қызметке – 3333 мың теңге). ЖОО – 5 011,3 мың теңге);

- 055 «Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті жүзеге асыратын субъектілерді базалық қаржыландыруды қамтамасыз ету» бағдарламасы бойынша, 101 «Ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру» кіші бағдарламасы бойынша – 123 215 мың теңге.

Жергілікті бюджеттен ғылыми зерттеулерді қаржыландыру – 38 462,5 мың теңгені құрады.

2023 жылы қаржыландыру:

- 204 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрлармен қамтамасыз ету» бағдарламасы, 100 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлау және студенттерге әлеуметтік қолдау көрсету» кіші бағдарламасы бойынша 3 482 887 мың теңгені құрады (оның ішінде студенттерді оқытуға – 3 468 317 мың теңге, студенттердің академиялық ұтқырлығы, шетелдік мамандарды тартуға – 210 мың теңге, педагогикалық қызметке – 210 мың теңге) ЖОО – 7 360 мың теңге);

- 057-015-059 «Жергілікті бюджет қаражаты есебінен» бағдарламасы бойынша – 26 665,3 мың теңге;

- 055 «Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті жүзеге асыратын субъектілерді базалық қаржыландырумен қамтамасыз ету» бағдарламасы бойынша, 101 «Ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру» кіші бағдарламасы бойынша – 293 843 мың теңге, ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру (ҒФР) – 250 000 мың теңге. Жергілікті бюджеттен ғылыми зерттеулерді қаржыландыру – 33 989 мың теңгені құрады.

2024 жылы қаржыландыру:

- 204 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрлармен қамтамасыз ету» бағдарламасы, 100 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлау және студенттерге әлеуметтік қолдау көрсету» кіші бағдарламасы бойынша 4 478 811,7 мың теңгені құрады (оның ішінде студенттерді оқытуға – 4 450 707,7 мың

теңге, шетелдік мамандарды тарту, академиялық ұтқырлық 97 мың теңге, студенттерді тарту, 970 мың теңге). университеттің оқытушылық қызметіне – 18 400 мың теңге);

- 055 «Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті жүзеге асыратын субъектілерді базалық қаржыландырумен қамтамасыз ету» бағдарламасы бойынша, 101 «Ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру» кіші бағдарламасы бойынша – 500 728 мың теңге, ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру (ҒФР) – 250 000 мың теңге.

Жергілікті бюджеттен ғылыми зерттеулерді қаржыландыру – 23580 мың. теңгені құрады.

2025 жылы қаржыландыру:

- 204 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрлармен қамтамасыз ету» бағдарламасы, 100 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлау және студенттерге әлеуметтік қолдау көрсету» кіші бағдарламасы бойынша 5 234 039 мың теңгені құрады (оның ішінде студенттерді оқытуға – 5 210 133 мың теңге, академиялық ұтқырлық - 17 706 мың теңге, университеттің оқытушылық қызметіне шетелдік мамандарды тартуға – 9 200 мың теңге);

- 055 «Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті жүзеге асыратын субъектілерді базалық қаржыландырумен қамтамасыз ету» бағдарламасы бойынша, 101 «Ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру» кіші бағдарламасы бойынша – 556 236 мың теңге, ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру (ҒФР) – 250 000 мың теңге.

Жергілікті бюджеттен ғылыми зерттеулерді қаржыландыру – 6 200 мың. теңгені құрады.

Соңғы 4 жыл ішінде университеттің кірісі білім алушылар контингентінің ұлғаюы және ғылыми зерттеулерді қаржыландыру көлемінің артуы есебінен 2 есеге өсті.

Бюджеттік қаражаттардың үлесі 65 %-ды, ал қалған бөлігі бюджеттен тыс қаражаттардың үлесіне тиесілі. Университет кірістерінің құрылымында соңғы 4 жылда бюджеттік қаражаттардың үлесінің 2022 жылғы 52 %-дан 2025 жылы 65 %-ға дейін өсуі байқалады. Бұл білім беру гранты бойынша білім алушылар контингентінің артуымен, ғылыми жобаларды гранттық қаржыландырудың ұлғаюымен және ПЦФ жобаларының орындалуымен байланысты. Сондай-ақ білім алушылар санының артуы және өзге де ақылы жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерден түсетін түсімдердің көбеюі кірістердің өсуіне әсер етті.

«Ғылыми-зерттеу жұмысы» кірістері бабы бойынша:

2022 жылы университетте барлығы 18 ғылыми жоба іске асырылды, оның ішінде ҚР ҒЖБМ Ғылым комитетінің гранттық қаржыландыруы аясында – 9 жоба, жергілікті атқарушы органдардың қаржыландыруы (облыстық бюджет) есебінен – 3 жоба, ҒЗТҚЖ – 2 жоба, шаруашылық шарттар бойынша – 2 жоба, халықаралық жобалар – 2 жоба.

2023 жылы 26 ғылыми жоба іске асырылды, оның ішінде ҚР ҒЖБМ Ғылым комитетінің гранттық қаржыландыруы (ПЦФ, ГФ, КМУ) бойынша – 18 жоба, жергілікті атқарушы органдардың тапсырысы бойынша – 2 жоба, мұнай компаниясының тапсырысы бойынша (ҒЗТҚЖ) – 1 жоба, шаруашылық шарттар бойынша – 5 жоба.

2024 жылы 33 ғылыми жоба іске асырылды, оның ішінде ҚР ҒЖБМ Ғылым комитетінің гранттық қаржыландыруы (ПЦФ, ГФ, КМУ) бойынша – 23 жоба, жергілікті атқарушы органдардың тапсырысы бойынша – 2 жоба, мұнай компаниясының тапсырысы бойынша (ҒЗТҚЖ) – 1 жоба, шаруашылық шарттар бойынша – 7 жоба.

Ғылыми-зерттеу қызметінен түсетін кірістердің құрылымында 2022–2025 жылдар аралығында үлес 3 %-дан 8 %-ға дейін өсті.

35-кесте. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің ғылыми қызметін қаржыландыру 2022–2025 жылдар аралығында, мың теңге

№	Атауы	2022 жыл	2023 жыл	2024 жыл	2025 жыл
	Бюджет бойынша				
1	Гранттық қаржыландыру ҚР ҒЖБМ жобалары бойынша	123 215	293 843	500 728	562358
2	Гранттық қаржыландыру Бағдарламалық-мақсатты қаржыландыру бойынша ҚР ҒЖБМ		250 000	250 000	250000
	Жергілікті бюджеттен				
1	019 «Инновациялық тәжірибені тарату және енгізу қызметтері» бюджеттік бағдарламасы бойынша	31 762,5	27 789	-	
2	Қызылорда облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының бұйрығымен	6 700,0	6200	12 430	6200
	Халықаралық жобалар бойынша				
1	«Горизонт 2020» бағдарламасы бойынша «Инновациялық суда еритін фитоматериалдар – Альцгеймер және Паркинсон ауруларының алдын алу үшін ингибиторлар» жобасын халықаралық қаржыландыру	16 000,0	-	-	
2	Халықаралық қорды қаржыландыру (Германияның гуманитарлық ғылымдар және зерттеулер қоры	1 939,6	-	-	

	(DFG))				
	Шарушылық есеп негізінде				
1	Зерттеулер және әзірлемелер (ҒЗТҚЖ)	10 000,0	10 000	4 000	4275
2	Ғылыми-зерттеу институтының шаруашылық келісімі негізінде	1 574,9	1 185	7 150	14939
	Университет бойынша барлығы	191 192	589 017	774 308	837772

33-кестенің деректерінен көрініп тұрғандай, 2025 жылы ғылыми жобаларды қаржыландыру көлемі 2022 жылмен салыстырғанда 4 есеге артқан (2022 жылы – 191 192 мың теңге, 2025 жылы – 837 772 мың теңге).

Университеттің шығыстары (3-қосымша) 2025 жылы 2022 жылмен салыстырғанда 2 есеге өсіп, 7 760 449 мың теңгені құрады. 2026 жылы шығыстар көлемін 9 226 537 мың теңгеге дейін жеткізу жоспарлануда.

Материалдық шығындар 2022 жылы – 109 351 мың теңге, 2023 жылы – 193 869 мың теңге, 2024 жылы – 239 456 мың теңге, 2025 жылы – 212 812 мың теңге болды.

Коммуналдық шығындар 2022 жылы – 100 843 мың теңге, 2023 жылы – 86 717 мың теңге, 2024 жылы – 91 150,2 мың теңге, 2025 жылы – 119 725 мың теңге құрады.

Өзге шығындар 2022 жылы – 359 341,1 мың теңге, 2023 жылы – 807 378,8 мың теңге, 2024 жылы – 1 424 806,6 мың теңге, 2025 жылы – 607 234 мың теңге болды.

Соңғы 4 жылда университеттің шығыстар сметасында еңбекақы төлеуге жұмсалатын шығыстар жалпы шығыстардың 67–70 %-ын құрайды. Осыған сәйкес әлеуметтік салық, әлеуметтік аударымдар және МӘМС сияқты еңбекақы қорынан жүргізілетін аударымдар мен салықтар көлемі де ұлғайды.

4-қосымша деректеріне сәйкес, 2025 жылы еңбекақы қоры 2022 жылмен салыстырғанда 2 555 507,9 мың теңгеге немесе 1,9 есеге, 2023 жылмен салыстырғанда 1 935 948 мың теңгеге немесе 1,5 есеге, 2024 жылмен салыстырғанда 969 950 мың теңгеге немесе 1,2 есеге өсті.

Штаттық құрылым бойынша кадрлық құрам 4 блокқа бөлінген.

2022 жылы негізгі персоналдың еңбекақысы 2 048 980,7 мың теңге, әкімшілік-басқару персоналының еңбекақысы 401 897 мың теңге, оқу-көмекші персоналдың еңбекақысы 152 538 мың теңге, өзге персоналдың еңбекақысы 250 433,4 мың теңге болды.

2023 жылы негізгі персоналдың еңбекақысы 2 429 338 мың теңге, әкімшілік-басқару персоналы – 412 432 мың теңге, оқу-көмекші персонал – 168 635 мың теңге, өзге персонал – 263 004 мың теңге болды.

2024 жылы негізгі персоналдың еңбекақысы 2 570 477,5 мың теңге, әкімшілік-басқару персоналы – 492 248,5 мың теңге, оқу-көмекші персонал – 347 611 мың теңге, өзге персонал – 429 070 мың теңге құрады.

2025 жылы негізгі персоналдың еңбекақысы 3 938 858 мың теңге, әкімшілік-басқару персоналы – 607 728 мың теңге, оқу-көмекші персонал – 368 654 мың теңге, өзге персонал – 494 117 мың теңге болды.

Қазақстан Республикасының «Арал өңіріндегі экологиялық апат салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» Заңының 13-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес, университет қызметкерлеріне жыл сайын сауықтыруға арналған материалдық көмек төленеді.

2022 жылы университет қызметкерлерінің нақты саны 1 079 штаттық бірлікті құрады, оның ішінде профессор-оқытушылар құрамы – 559,25, оқу-көмекші персонал – 97, әкімшілік персонал – 113, өзге персонал – 309,75 штаттық бірлік.

2023 жылы университет қызметкерлерінің нақты саны 1 070 штаттық бірлікті құрады, оның ішінде профессор-оқытушылар құрамы – 562, оқу-көмекші персонал – 111, әкімшілік персонал – 91, өзге персонал – 306 штаттық бірлік.

2024 жылы университет қызметкерлерінің нақты саны 1 120 штаттық бірлікті құрады, оның ішінде профессор-оқытушылар құрамы – 577, оқу-көмекші персонал – 148, әкімшілік персонал – 78, өзге персонал – 317 штаттық бірлік.

Осыған ұқсас, 2025 жылы университет қызметкерлерінің нақты саны 1 120 штаттық бірлікті құрады, оның ішінде профессор-оқытушылар құрамы – 591,25, оқу-көмекші персонал – 146, әкімшілік персонал – 75, өзге персонал – 307,75 штаттық бірлік.

Университеттің профессор-оқытушылар құрамының жалақысының өсу динамикасы 36-кестеде көрсетілген.

Кесте-36. ПОҚ-ның орташа жалақысын көтеру 2023-2024 ж.ж.

№	Лауазым атауы	2023 жылы			2024 жылы		
		1.01.2023 жылға, теңге	1.09.2023 жылға, теңге	ауытқу +/-	1.01.2024 жылға, теңге	1.09.2024 жылға, теңге	ауытқу +/-
1	Оқытушы	206 604	278 400	71 796	278 400	349 693	71293
2	Ғылыми дәрежесіз аға оқытушы	237 751	306 800	69 049	306 800	388 573	81773
3	Қауым. профес-сор (доцент)	282 906	381 700	98 794	381 700	496 747	115 047
4	Профессор	398 346	474 200	75 854	474 200	645 873	171673

36-кестеден көрініп тұрғандай, профессор-оқытушылар құрамының еңбекақысының өсуі 2024 жылы 2023 жылмен салыстырғанда 25 %-ды құрады.

2023 жылғы 1 қыркүйектен бастап университет қызметкерлерінің, оның ішінде профессор-оқытушылар құрамының еңбекақы қоры 25 %-ға ұлғайтылды.

Кесте-37. 2024-2025 жж. ПОҚ-ның орташа жалақысын арттыру

№	Лауазым атауы	2024 жылы			2025 жылы		
		1.01.2024 жылға, теңге	1.09.2024 жылға, теңге	ауытқу +/-	1.01.2025 жылға, теңге	1.09.2025 жылға, теңге	ауытқу +/-
1	Оқытушы	278 400	349 693	71293	336 809	355 904	19 095
2	Ғылыми дәрежесіз аға оқытушы	306 800	388 573	81773	358 895	393 882	34 987
3	Қауым. профес-сор (доцент)	381 700	496 747	115 047	502 747	510 339	7 592
4	Профессор	474 200	645 873	171673	645 873	657 782	11 909

2025 жылы университеттің профессор-оқытушылар құрамы үшін жалақы қоры 2–4 %-ға артты. Бұл ғылыми дәреже үшін қосымша төлемдерді есептеу кезінде айлық есептік көрсеткіштің (АЕК) өсуімен, сондай-ақ профессор-оқытушылар құрамының еңбек өтілінің ұлғаюымен байланысты.

2021 жылы университет пен Қызылорда қалалық жер қатынастары бөлімі арасында жалпы ауданы 939 372,8 м² болатын 14 жер учаскесі бойынша 49 жыл мерзімге уақытша пайдалануға беру құқығына жалдау шарты жасалды. Жыл сайынғы жалдау ақысы 2 547,1 мың теңгені құрайды.

Осылайша, университеттің қаржылық жағдайын тұрақты деп бағалауға болады. Университет қызметін жүзеге асыру үшін қарыз қаражаттар тартылған жоқ, сондай-ақ ұзақ мерзімді дебиторлық және кредиторлық берешек жоқ.

Аудитордың қорытындысы және 2025 жылғы жылдық қаржылық есептілікке ескертулері бар қаржылық есептілік

Түсіндірме жазба активтердің, міндеттемелер мен капиталдың негізгі көрсеткіштерін ашады, сондай-ақ тәуелсіз аудит нәтижелері және таза табысты бөлу туралы мәліметтерді қамтиды.

2025 жылға арналған жылдық қаржылық есептілік келесі төрт нысанды қамтиды:

2025 жылға арналған бухгалтерлік баланс.

2025 жылдағы қызметтің қаржылық нәтижелерін сипаттайтын кірістер мен шығыстар туралы есеп.

2025 жылға арналған ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп.

2025 жылдағы меншікті капиталдағы өзгерістерді көрсететін капиталдағы өзгерістер туралы есеп.

1.1.Активтердің негізгі көрсеткіштері (31.12.2025 жылғы жағдай бойынша, мың теңге)

Бухгалтерлік баланс мәліметтері бойынша университет активтері құрамында төмендегідей көрсеткіштер көрініс тапқан.

Қысқа мерзімді активтердің жалпы сомасы – 5 257 387 мың теңгені құрады, оның ішінде:

- есепті кезеңнің соңындағы ақша қаражаттары мен олардың баламалары – 4 613 602 мың теңге;

- қысқа мерзімді сауда және өзге де дебиторлық берешек – 428 537 мың теңге, оның ішінде жалдау бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек – 2 754 мың теңге;

- есепті кезең соңындағы қорлар – 79 779 мың теңге, олар ұйымның негізгі қызметін қамтамасыз ету үшін пайдаланылады;

- өзге қысқа мерзімді активтер – 135 469 мың теңге.

Ұзақ мерзімді активтердің жалпы сомасы – 7 060 681 мың теңгені құрады, оның ішінде:

- негізгі құралдар – 6 888 317 мың теңге;

- пайдалану құқығындағы активтер – 22 765 мың теңге;

- материалдық емес активтер – 92 846 мың теңге;

- өзге ұзақ мерзімді активтер – 56 753 мың теңге.

Бухгалтерлік баланс мәліметтері бойынша университет пассиві құрамында міндеттемелер мен капиталдың келесі көрсеткіштері көрініс тапқан.

Қысқа мерзімді міндеттемелердің жалпы сомасы – 1 789 076 мың теңгені құрады, оның ішінде:

- қысқа мерзімді сауда және өзге де кредиторлық берешек – 11 850 мың теңге;

- қысқа мерзімді бағалау міндеттемелері – 594 886 мың теңге;

- сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша қысқа мерзімді міндеттемелер – 1 158 500 мың теңге;

- қызметкерлерге сыйақылар – 2 033 мың теңге;

- өзге қысқа мерзімді міндеттемелер – 21 807 мың теңге.

Ұзақ мерзімді міндеттемелер – 17 277 мың теңгені құрады және толықтай жалдау бойынша ұзақ мерзімді берешекпен байланысты.

Капитал

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша меншік иелеріне тиесілі капиталдың жиынтық сомасы – 10 514 469 мың теңгені құрады.

Ұйымның баланстық валютасы – 12 320 822 мың теңгені құрады, активтер мен міндеттемелердің капиталмен теңдігі толық сақталған.

Есепті кезеңде ұйымның табысы – 8 840 644 мың теңгені құрады.

2.1. 2025 жылғы қызметтің қаржылық нәтижелерін сипаттайтын кірістер мен шығыстар туралы есеп белгіленген нысанға сәйкес жасалды. Есепті кезеңде сатылған тауарлар мен көрсетілген қызметтердің өзіндік

құны – 6 679 563 мың теңгені құрады, соның нәтижесінде жалпы пайда – 2 161 081 мың теңге мөлшерінде қалыптасты. Әкімшілік шығыстарды есепке алғаннан кейін операциялық пайда – 1 529 109 мың теңгені құрады. Қаржылық табыстарды, сондай-ақ өзге де табыстар мен шығыстарды ескере отырып, салық салынғанға дейінгі пайда – 1 673 939 мың теңгеге жетті. Пайдаға салынатын салық бойынша шығыстар болмағандықтан, салық салынғаннан кейінгі пайда және есепті жылдағы жалпы жиынтық табыс – 1 673 939 мың теңгені құрады.

3.1. 2025 жылдағы ұйымның ақша қаражаттарының қозғалысы мен өзгерістерін сипаттайтын ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп белгіленген нысанға сәйкес жасалды.

Есепті кезеңде операциялық қызметтен ақша қаражаттарының түсуі – 9 393 035 мың теңгені құрады, оның ішінде тауарлар мен қызметтерді өткізуден – 5 081 216 мың теңге, сатып алушылар мен тапсырыс берушілерден алынған аванстар – 3 987 598 мың теңге, өзге түсімдер – 324 221 мың теңге. Операциялық қызмет бойынша ақша қаражаттарының шығуы – 8 075 555 мың теңгені құрады, оның ішінде жабдықтаушыларға тауарлар мен қызметтер үшін төлемдер – 1 140 038 мың теңге, берілген аванстар – 86 536 мың теңге, еңбекақы төлемдері – 5 407 357 мың теңге, жеке табыс салығы және бюджетке өзге де төлемдер – 609 753 мың теңге, өзге төлемдер – 831 872 мың теңге. Нәтижесінде операциялық қызметтен таза ақша қаражаттарының сомасы – 1 317 480 мың теңгені құрады.

Инвестициялық қызметтен ақша қаражаттарының түсуі – 4 834 мың теңгені құрады және негізгі құралдарды өткізумен байланысты болды. Инвестициялық қызмет бойынша ақша қаражаттарының шығуы – 856 640 мың теңгені құрады, оның ішінде негізгі құралдарды сатып алу – 758 561 мың теңге, материалдық емес активтерді сатып алу – 59 926 мың теңге және өзге ұзақ мерзімді активтерді сатып алу – 38 153 мың теңге. Инвестициялық қызмет бойынша ақша қаражаттарының таза шығыны – 851 805 мың теңгені құрады.

Қаржылық қызмет бойынша ақша қаражаттарының түсуі – 133 792 мың теңгені құрады және алынған сыйақылармен байланысты болды. Қаржылық қызмет бойынша ақша қаражаттарының таза сомасы – 133 792 мың теңгені құрады. Валюталық бағамдардың теңгеге қатысты өзгеруінің әсері мардымсыз болды және – 2 мың теңгені құрады.

Нәтижесінде есепті кезең ішінде ақша қаражаттары мен олардың баламаларының ұлғаюы – 599 464 мың теңгені құрады. Есепті кезеңнің басындағы ақша қаражаттары мен олардың баламаларының қалдығы – 4 014 138 мың теңге, есепті кезең соңындағы қалдығы – 4 613 602 мың теңге болды.

4.1. Есепті кезеңге арналған капиталдағы өзгерістер туралы есеп белгіленген нысанға сәйкес жасалып, ұйымның меншікті капиталының құрылымы мен мөлшеріндегі өзгерістерді көрсетеді.

Өткен жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша меншік иелеріне тиесілі капиталдың сальдосы – 7 813 761 мың теңгені құрады, оның ішінде жарғылық капитал – 2 233 531 мың теңге, бөлінбеген пайда – 3 218 127 мың теңге, өзге капитал – 2 362 102 мың теңге. Есеп саясатына түзетулер енгізуге байланысты өзгерістер жүргізілмегендіктен, капиталдың қайта есептелген сальдосы бастапқы мәніне сәйкес келеді.

Өткен жыл ішінде жалпы жиынтық табыс – 1 014 869 мың теңгені құрады, оның ішінде жылдың пайдасы – 990 743 мың теңге және салықтық әсерді шегергендегі негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді қайта бағалау есебінен қалыптасқан өзге жиынтық табыс – 24 126 мың теңге. Сонымен қатар, өзге операциялар капиталдың – 11 901 мың теңгеге ұлғаюына әкелді.

Есепті жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша меншікті капиталдың сальдосы – 8 840 531 мың теңгені құрады, оның ішінде жарғылық капитал – 2 233 531 мың теңге, бөлінбеген пайда – 3 254 154 мың теңге, өзге капитал – 3 352 845 мың теңге. Есепті жылы есеп саясатына түзетулер енгізілмеді, осыған байланысты капиталдың қайта есептелген сальдосы өзгеріссіз қалды.

Есепті жылы жалпы жиынтық табыс – 1 673 939 мың теңгені құрады және толықтай жылдың пайдасынан қалыптасты. Есепті кезеңде өзге жиынтық табыс болған жоқ.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша меншік иелеріне тиесілі капиталдың сальдосы – 10 514 469 мың теңгені құрады, оның ішінде жарғылық капитал – 2 233 531 мың теңге, бөлінбеген пайда – 3 254 154 мың теңге, өзге капитал – 5 026 784 мың теңге. Бақылаушы емес меншік иелерінің үлесі жоқ.

2025 жылға арналған жылдық қаржылық есептілік тәуелсіз аудитор – «Financial Services Audit» ЖШС тарапынан тексерілді, тексеру нәтижелері бойынша ескертулер анықталған жоқ. Есепті кезең қорытындысы бойынша ұйымның сату түсімінің көлемі 8 840 644 мың теңге болды.

VI. 2026 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН БАСЫМ ЖОБАЛАР МЕН МІНДЕТТЕР

Академиялық саясатты және тәрбиелік жұмысты дамыту бойынша:

- ✓ Алдыңғы қатарлы шетелдік жоғары оқу орындарымен бірлескен және қос дипломды білім беру бағдарламаларының санын арттыру;
- ✓ Дуалды оқыту негізінде өндіріспен байланыстарды нығайту, практикаға бағдарланған оқытуды жүзеге асыру;
- ✓ Академиялық ұтқырлық бағдарламасының ауқымын кеңейту;
- ✓ Профессор-оқытушылар құрамының кәсіби әлеуетін дамыту;
- ✓ «Болашақ» бағдарламасының түлектері мен жас ғалымдарды тарту арқылы талант-менеджментін күшейту;

- ✓ Студенттердің креативті идеялары мен әлеуметтік бастамаларын қолдау.

Ғылыми-зерттеу жұмысы мен халықаралық байланыстарды дамыту бойынша:

- ✓ Ғылыми зерттеулерден түсетін кірісті арттыру;
- ✓ Аймақтық пайдалы қазбаларды пайдаланушылармен/өндірістік компаниялармен жұмыс жүргізу;
- ✓ Рецензияланған басылымдарда жарияланымдар санын арттыру;
- ✓ QS WUR, THE, UI GreenMetric WUR және басқа рейтингтер бойынша көрсеткіштерді жалғастыру;
- ✓ Жас ғалымдарды қолдауды жалғастыру және олардың санын көбейту;
- ✓ Зерттеуші-оқытушылардың санын арттыру және постдокторанттарды тарту;
- ✓ Ғылыми журналдардың сапасын арттыру және ҚР ҒЖБССҚЕК тізіміне енгізу;
- ✓ Халықаралық жобалардың үлесін арттыру.

Цифрландыру мен инфрақұрылымды дамыту бойынша:

- ✓ Университеттің цифрлық экожүйесі:
 - білім беру қызметіне жасанды интеллект технологияларын енгізу, оқыту үдерісін цифрландыру;
 - ҚР Үкіметінің тапсырмасына сәйкес «Жасанды интеллект және деректерді талдау орталығын» құру;
 - университетті деректер негізінде басқаруға көшіру (Data-Driven Decision Making);
 - киберқауіпсіздікті күшейту.
- ✓ Университет инфрақұрылымын модернизациялау:
 - жөндеу жұмыстарын жалғастыру, зертханалар мен дәрісханаларды жабдықтау;
 - №1 жатақхананы реконструкциялау;
 - Инжинирингтік парк құрылысын салу – 2 млрд 256 млн 117 мың теңге сомасына;
 - Инжинирингтік парк үшін электрмен жабдықтау құрылысын салу – 153 млн 742 мың теңге сомасына.

**Қорқыт Ата атындағы Қызылорда
университеті» КеАҚ-ның
академиялық мәселелер бойынша
Басқарма мүшесі–Проректор**

Д.М.Абдрашева

1-қосымша

Университеттің 2021–2026 жылдарға арналған қаржы-шаруашылық қызметінің қорытындысы, мың теңге

№	Көрсеткіштер	2021 жыл	2022 жыл	2023 жыл	2024 жыл	2025 жыл	2026 жылға жоспар
1	Кіріс	3 531 100	4 688 420	6 748 900	8 204 477	9 274 388	9 730 184
2	Шығыстар оның ішінде	3 067 858	4 277 729	5 293 051	7 213 734	7 600 449	9 226 537
2.1	өзіндік құн	2 503 337	3 643 804	4 234 262	6 050 281	6 679 563	8 104 569
2.2	әкімшілік шығындар	390 576	505 147	610 079	633 800	631 972	632 298
2.3	басқада шығындар	173 945	128 778	448 710	529 653	288 914	489 670
3	Таза табыс	463 242	410 691	1 455 849	990 743	1 673 939	503 647

2022-2026 жылдарға арналған университет бюджеті кірістерінің құрылымы

№	Кіріс түрлері	2022 жыл		2023 жыл		2024 жыл		2025 жыл		2026 жылғы жоспар	
		Сوما, мың теңге	Кірістің жалпы құрылымындағы үлес салмағы %-бен	Сوما, мың теңге	Кірістің жалпы құрылым ындағы үлес салмағы %-бен	Сوما, мың теңге	Кірістің жалпы құрылымындағы үлес салмағы %-бен	Сوما, мың теңге	Кірістің жалпы құрылымындағы үлес салмағы %-бен	Сوما, мың теңге	Кірістің жалпы құрылымындағы үлес салмағы %-бен
	Бюджеттік қаржы										
1	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлау және студенттерге әлеуметтік қолдау көрсету	2 244 480	47,9	3 468 317	51,4	4 450 707,7	54,3	5210133	56,2	5689209	58,5
2	Жергілікті бюджеттен қаржыландыру			26 665,3	0,4					12870	0,1
3	Білім алушылардың академиялық ұтқырлығы	7 330,7	0,2	7210	0,1	9 704,0	0,1	14706	0,2	30100	0,3
4	Университеттің оқытушылық қызметіне шетелдік мамандарды тарту	5 011,3	0,1	7 360	0,1	18 400,0	0,2	9200	0,1	12800	0,1
5	Ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру	123 215	2,6	293 843	4,4	500 728	6,1	556236	6,0	378191	3,9
6	Ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру (ПЦФ)			250 000	3,7	250 000,0	3,0	250000	2,6		
7	Ғылыми зерттеулерді жергілікті бюджеттен қаржыландыру	38 462,5	0,8	33 989	0,5	23 580,0	0,3	6200	0,1	6200	0,1
	Бюджеттік қаржылар түсімінің қорытындысы	2 418 499,5	51,6	4 087 384,3	60,6	5 253 119,7	64,0	6046475	65,2	6129370	63
	Бюджеттен тыс қаржы										
8	Ақылы білім беру қызметін көрсету	2 042 353	43,6	2 568 469,7	38,1	2 515 219,8	30,7	2701344	29,1	3142600	32,3

9	Бюджеттен тыс ғылыми жобаларды қаржыландыру	29 514,5	0,6	11 185	0,2	42 993,1	0,5			15 000	0,2
10	Өзге ақылы білім беру қызметтерін көрсету	198 053	4,2	81 861	1,2	393 144,4	4,8	526569	5,7	443214	4,6
	Бюджеттен тыс түскен қаржы қорытындысы	2 269 920,5	48,4	2 661 515,7	39,4	2 951 357,3	36,0	3227913	34,8	3600814	37,0
	БАРЛЫҒЫ	4 688 420	100	6 748 900	100	8 204 477,0	100	9274388	100,0	9730184	100,0

2022–2026 жылдарға арналған университет бюджеті шығыстарының құрылымы, мың теңге

№	Шығын элементтері	2022 жыл		2023 жыл		2024 жыл		2025 жыл		2026 жылға жоспар	
		Сомасы, мың теңге	Шығын құрылымындағы үлес салмағы %-бен	Сомасы, мың теңге	Шығын құрылымындағы үлес салмағы %-бен	Сомасы, мың теңге	Шығын құрылым ындағы үлес салмағы %-бен	Сомасы, мың теңге	Шығын құрылымы ндағы үлес салмағы %-бен	Сомасы, мың теңге	Шығын құрылымындағы үлес салмағы %-бен
1	Материалдық шығын	109 351	2,6	193 869	3,7	239 456	3,3	212 812	2,8	321359	3,5
2	НҚ мен жабдықты шығаруға кеткен шығын	30 432	0,7	10 261	0,2	13 879,1	0,2	4 087	0,1	5100	0,1
3	Қызметкерлерге жалақы төлеу	2 853 849,1	66,7	3 473 409	65,7	4 439 407	61,5	5 407 357	71,1	5748317	62,3
4	Жалақыдан төленетін аударымдар	259 029	6,1	292 377	5,5	373 554	5,2	555 323	7,3	581013	6,3
5	Амортизациялық шығындар	430 503	10,1	245 454	4,6	338 024	4,7	434 969	5,7	284364	3,1
6	Коммунальдық шығындар	100 843	2,4	86 717	1,6	91 150,2	1,3	119 725	1,6	124877	1,4
7	Іссапар шығындары	71 849,6	1,7	118 147	2,2	229 587,1	3,2	253 170	3,3	276392	3,0
8	Бюджетке төленетін салық пен өзге аударымдар	6 736	0,2	5 124	0,1	6 885	0,1	6251	0,1	7210	0,1
9	Байланыс қызметі мен ғаламтор	19 995,2	0,5	21 876,3	0,4	24 848	0,3	23 690	0,3	46247	0,5
10	Өрт қауіпсіздігі	35 800	0,8	38 137,7	0,7	32 137	0,4	5 640	0,1	11400	0,1
11	Өзге шығындар (оның ішінде жұмыстар, қызметтер)	359 341,1	8,2	807 679	15,3	1 424 806,6	19,8	577 425	7,6	1820258	19,6
	Барлығы	4 277 729	100	5 293 051	100	7 213 734	100	7600449	100	9226537	100

Қызметкерлер құрамы, саны және еңбекақы төлеу, мың теңге

№	Атауы	Өлшем бірлігі	2022 жылға	2023 жылға	2024 жылға	2025 жылға
1	Қызметкерлер еңбекақысын төлеу	Мың теңге	2853849,1	3 473 409	4 439 407	5409357
	Оқытушы профессорлар құрамы	мың теңге	2 048 980,7	2 429 338	2 870 477,5	3938858
	әкімшілік-басқару персоналы	Мың теңге	401 897	412 432	492 248,5	607728
	Көмекші оқу персоналы	Мың теңге	152 538	168 635	347 611	368654
	Өзге және қызмет көрсетуші персонал	Мың теңге	250 433,4	463 004	729 070	494117
2	Среднегодовая штатная численность работающих всего по штату	Бірлік	1079	1070	1120	1120
	Оның ішінде:	бірлік				
	Оқытушы профессорлар құрамы	адам/штаттан үлес салмағы %	559,25/51,9	562/52,5	577/51,5	591,25/52,8
	әкімшілік-басқару персоналы	адам/штаттан үлес салмағы %	113/10,5	91/8,5	78/6,9	75/6,7
	Көмекші оқу персоналы	адам/штаттан үлес салмағы %	97/9	111/10,4	148/13,3	146/13
	Өзге және қызмет көрсетуші персонал	адам/штаттан үлес салмағы %	309,75/28,6	306/28,6	317/28,3	307,75/27,5
3	Университет бойынша орташа айлық табыс	Мың теңге	225,1	258,9	330,3	307,75/27,5
	Оқытушы профессорлар құрамы	Мың теңге	288,7	381,1	486,4	347,7
	әкімшілік-басқару персоналы	Мың теңге	256,9	367,6	451,8	569,3
	Көмекші оқу персоналы	тыс.теңге	128,4	147,7	195,1	549,6
	Өзге және қызмет көрсетуші персонал	тыс.теңге	115,3	122,3	151,8	215,7